ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2017

Мазмұны

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі 4
Басқарма Төрағасының үндеуі 6
Нарыққа шолу 8
Бүгінгі күндегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ 10
Активтердің құрылымы 14
«ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері 16
2017 жылдың негізгі оқиғалары 32
Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар 38
Корпоративтік басқару 42
Директорлар кеңесінің, Басқарманың және
Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы ақпарат 50
Корпоративтік басқару кодексі және Іскерлік этика кодексінің
талаптарын сақтау туралы ақпарат 66
Тұрақты даму 68
Қаржылық есептілік 86
Байланыс мәліметтері 160

Директорлар кеңесі Төрағасының Үндеуі

МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы

Құрметті акционерлер, серіктестер, инвесторлар мен Жылдық есептің оқырмандары!

Соңғы жылдары мемлекетпен жүргізіліп келе жатқан қазақстандық экономика құрылымын сапалы өзгерту, бизнес-климатты жақсарту және инфрақұрылымды дамыту саясаты, әлемдік экономиканың қалпына келу аясында 2017 жылы елдің ЖІӨ төрт пайыздық өсімін қамтамасыз етті.

Өткен жылғы деңгейге қарағанда 4,8%-ға өскен көліктік-логистикалық сектор экономикалық өсімнің басты драйверлерінің бірі болды.

Көп жағдайда, бұл Қазақстанның көлік саласының жүйелі және теңдестірілген дамуының нәтижесі болып табылады, Қазақстан темір жолы өзінің бизнес моделінде логистикалық және тасымал активтерін, көліктің барлық түрлерінің терминалдық және магистралдық инфрақұрылымын біріктіретін саланың басты бөлімі болып табылады.

Біршама қысқа уақыт ішінде Қытай-Еуропа стратегиялық қатынасындағы транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемдерінің жыл сайынғы екі еселік өсімі, қазақстандық инфрақұрылымның жаһандық логистикалық тізбегіне біріктірілуі, қазақстандық экспорт географиясының кеңеюі қамтамасыз етілді, халықтың ұтқырлығы арттырылды, елдің логистикалық климаты жақсартылуда.

2017 жылы Компания «Нұрлы жол» және Ұлт жоспары «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламаларының жобаларын іске асыруға белсенді қатысуын жалғастырды.

Мысалы, 2017 жылы елдің бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаларының: Астана қаласындағы темір жол вокзалы кешенінің және әуежайдың жаңа терминалының, Алматы-Шу учаскесіндегі екінші жолдардың, Каспийдегі Құрық портындағы паромдық автомобиль өткелінің, Шымкент қаласындағы көліктік-логистикалық орталықтың құрылысы аяқталды.

Атап өткім келгені, темір жол вокзалы кешенін және әуежайдың жаңа терминалын пайдалануға енгізу, Астана қаласында өткен EXPO-2017 халықаралық көрмесінде көліктік қамтамасыз етудің басты жобалары болды.

Бұдан бөлек, Компаниямен аталған халықаралық іс-шараны жоғары деңгейде көліктік сүйемелдеу қамтамасыз етілді: жаңа жолаушылар маршруты енгізілді, жылжымалы құрамы жаңартылды, көліктік-логистикалық инфрақұрылым объектілерінде сервис және қауіпсіздік деңгейі арттырылды.

2017 жылы Компаниямен корпоративтік және борыштық портфелін оңтайландыру, тиімділігін арттыру және қызметті трансформациялау бойынша жұмыс жалғастырылды, бұл Компанияның барлық басты стратегиялық көрсеткіштерінің мәндерін жақсартуға ықпалын тигізді.

Жылдың маңызды оқиғасы Cosco Shipping әлемдегі ірі теңіз операторының және Ляньюнган портының «KTZE - Khorgos Gateway» ЖШС Құрғақ портының капиталына кіруі болды. Бұл Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдау көлемдерін ұлғайту үшін қосымша жағдайларды қамтамасыз етеді және «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА индустриялық және логистикалық инфрақұрылымына инвестицияларды тартудың шапшаңдатқышы ретінде қызмет етеді.

«Қазақстан темір жолы» 2017 жылы өзінің корпоративтік әлеуметтік саясатын іске асыруды жалғастырды, жұмысшылар алдындағы, сонымен қоса шалғайдағы станциялар мен жол айырықтарының тұрғындарын медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету бойынша барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындады.

Өткен жылы Компания жұмысшылары мен олардың отбасы мүшелері үшін әлеуметтік қолдау көрсетуді және кепілдіктердің көлемдерін ұлғайтуды қарастыратын жаңа Ұжымдық шартты дайындау және оны жасасу бойынша жұмыс аяқталған болатын.

Осылайша, 2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-пен барлық алға қойылған міндеттер іске асырылды, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу қамтамасыз етілді, сонымен қатар акционер, клиенттер, мемлекет, жұмысшылар және әріптестер алдындағы барлық міндеттемелері толық көлемінде орындалды.

Тиісті цифрлар мен фактілер көрсетілген Жылдық есеп арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2017 жылғы жұмыс нәтижелерімен анағұрлым егжей-тегжейлі танысуға болады. ■

Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы
А.Мамин

Басқарма Төрағасының үндеуі

АЛПЫСБАЕВ ҚАНАТ ҚАЛИҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы

Құрметті Жылдық есеп оқырмандары, әріптестер және серіктестер!

2017 жылы республикамыздағы экономикалық белсенділіктің өсуі теміржол тасымалы көлемінің 272 млн. тоннаға дейін 11%-ға артуын қамтамасыз етті. Көмірдің, темір кенінің, сыныктарының, құрылыс жүктерінің, мұнай өнімдерінің, тыңайтқыштардың, бидайдың және ұнтақтау өнімдерінің тасымалдаулары өсті.

Контейнерлік тасымал көлемі 348 мың ЖФБ құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 42% жоғары. Сонымен қатар, ҚХР-ЕО бағытындағы тасымалдаулардың көлемі 2011 жылғы деңгейден шамамен 200 есе асты және 201 мың контейнерді құрады, ал Еуропадан Қытай бағытындағы кері жүктемесі 60% деңгейінде қамтамасыз етілді.

Бұған белсенді маркетингтік саясат, нарыққа қатысушылармен серіктестік пен альянстарды нығайту, қызметтердің бәсекеге қабілетті шарттары мен құны ұсынылады.

2017 жылы география мен жеткізу әдістерін кеңейтіп, қазақ темір жолында астық тасымалдайтын тікелей маршруттарды, сондай-ақ экспортқа бағыттадық.

Жылдың маңызды оқиғасы «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-да Құрғақ портты дамытуға COSCO жаһандық кеме қатынасы компаниясы мен Ляньюньган портын тарту болды.

Нәтижесінде транзиттік тасымалдаулардан түскен кірістің үлесі кірістердің жалпы құрылымында жүк айналымдарының 13%-ы жалпы көлемі кезінде 27% деңгейінде қамтамасыз етілді.

Мемлекет «ҚТЖ» ҰК» АҚ алдына 2020 жылға дейін 2 млн. контейнерлерге дейін транзитті тасымалдау бойынша үлкен мақсаттар қойды. Бұл Компания үшін сын-тегеурін, сондықтан да серіктестерімен бірге тасымалдау жылдамдығын арттыру, шығындарды азайту, қызмет көрсету деңгейін көтеру және реттелетін өнім

желісін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде.

Қызметтің тиімділігін арттыру бойынша жүйелі шаралар осы жұмыстың маңызды құраушысы болып табылады.

Өндірістік үрдістердің тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс құралдарын жаңғырту және дамыту, үрдістерді басқаруды автоматтандыру, өндірістік активтердің құрылымын оңтайландыру, энергияны және ресурсты үнемдеу 2017 жылы 76 млрд. теңге көлеміндегі экономикалық тиімділікті қамтамасыз етті.

Сындарлы стратегия және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асыру Компания тиімділігінің көрсеткіштерін жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Мысалы, есептік кезең үшін EBITDA margin операциялық қызметінің табыстылығы 22,5% құрады. Бұл үрдіс 2012 жылдан бері сенімді сақталып келеді. 2017 жыл қорытындысы бойынша таза табыс 11,4 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы «Нұрлы жол» және Ұлт жоспары «100 нақты қадам» мемлекеттік бағдарламалар аясында Компания инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды.

Астанадағы EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізу қарсаңында ауданы 47 шаршы метрді құрайтын әуежайдың жолаушылар терминалы және озық әлемдік стандарттарға сәйкес келетін «Нұрлы Жол» вокзал кешені салынды және пайдалануға берілді.

2017 жылы қазан айында ұзындығы 113,7 км болатын «Алматы-Шу» темір жол учаскесіндегі екінші жолдар бойынша қозғалыс ашылды.

2017 жылғы желтоқсанда Құрық айлағында жылына 2 млн тонна қуаттылығы бар автомобиль өткелі және Шымкентте көліктік-логистикалық орталық іске қосылды.

Бұдан басқа, ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу кезінде сұраныстың артуына байланысты қосымша жолаушылар пойыздары енгізілді, ал теміржол станцияларындағы қауіпсіздік деңгейі арттырылды.

Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК »АҚ өзінің тұрақты экспозициясын ұйымдастырып, Компанияның орнықты даму саясатын жүзеге асыратындығын көрсетті.

2017 жылы біз корпоративтік портфельді оңтайландыру және ҚР Үкіметінің жекешелендіру жөніндегі Кешенді жоспарын іске асыру бойынша жұмысты жалғастырдық, оның аясында 5 компанияның сатылуы жүзеге асырылды.

2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еңбек ұжымы арасында 2018-2020 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың жаңа редакциясы қабылданды. Келісімде әлеуметтік қолдаудың дәстүрлі тармақтары ғана сақталып қоймай, қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтеру бойынша қосымша стандарттар енгізілді.

Алыс аймақтардағы станциялар мен жол айырықтарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында Компания «Денсаулық», «Жәрдем», «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздарының жұмыстарын ұйымдастыру дәстүрін жалғастыруда.

Мыңдаған адамнан тұратын ұжымның үйлесімді жұмысының арқасында, 2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ акционерлер мен барлық мүдделі тараптардың алдындағы өзінің міндеттемелерін толықтай орындады.

Біздің әріптестеріміз бен тұтынушыларымызға бірлескен сәтті қызмет үшін алғыс айтамын. Біздің бұдан кейінгі ынтымақтастығымыз анағұрлым тиімді және жемісті болатынына сенімдімін. ■

Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы
Қ. Алпысбаев

Нарыққа шолу

Әлемдік сауданың өсу қарқыны және ЖІӨ, %

2015-2016 жылдары байқалған әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауынан кейін 2017 жылы оң үрдіс байқалды. Өз кезегінде, әлемдік сауданың жандануы Қазақстанның жүк нарығына оң әсерін тигізді.



Жүк тасымалдау нарығы

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша елдегі жалпы жүк айналымы 2017 жылға қарағанда өткен жылмен салыстырғанда 7,1% -ға ұлғайып, 556 млрд. ткм құрады.

2017 жылға қарай ең жоғары өсім құбыр көлігімен (+ 13%) және темір жол көлігімен (+ 9,6%) көрсетілген.



2015-2017 жылдардағы қатынастар бойынша жүк тасымалдаудың динамикасы, млн. тонн.



Тасымалдау қатынастың барлық түрлері бойынша өсті: республикалық қатынас бойынша - 12,6%, экспорттық қатынас бойынша - 10,8%, импорттық қатынаж бойынша - 14,5%, транзит - 23% -ға өсті.

Жолаушылар тасымалдау нарығы

2017 жылдың қорытындысы бойынша жолаушылар айналымы 3% -ға өсіп, 272,8 млрд. км құрады.

Сонымен қатар, әуе көлігі 30% -ға 14,3 млрд. км дейін өсті. Теміржол арқылы жолаушылар айналымы 3,7% -ға 18 млрд. км дейін өсті. Жеке компаниялардың үлесі 13-тен 16% -ға дейін өсті. Автомобиль көлігі 2% -ға өсті.

2014-2017 жылдардағы көлік түрлері бойынша Жолаушылар айналымының динамикасы



Бүгінгі күндегі «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-тың құрылу тарихы

«Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы № 129 «Қазақстан Республикасының темір жол кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысымен, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды: Алматы темір жол басқармасын, Тың темір жол басқармасын және Батыс Қазақстан темір жол басқармасын біріктіру жолымен құрылды. Біріктірудің мақсаты тасымалдау үрдісін басқару және артық буындарды жою, құрылымды оңтайландыру, темір жол саласын қаржылық-экономикалық сауықтыру болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысымен «Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру жолымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы қалыптасты.

2004 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ-тың «ҚТЖ» ҰК» АҚ болып қайта тіркелуі жүргізілді.

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымалдау үрдісіндегі темір жол саласының функционалдық бүтіндігін және басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымға ие.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады, оның құрылтайшысы және жалғыз акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Жай акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын шешімдерді қабылдауға құқық береді, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та таза кіріс болған жағдайда, Жалғыз акционерінің тиісті шешімінің негізінде дивиденттерді алуға, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ тараты лған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

2018 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша:

жарияланған акциялардың саны – 502 040 458 (бес жүз екі миллион қырық мың төрт жүз елу сегіз) дана жай акция;

орналастырылған акциялардың саны – 496 157 572 (төрт жүз тоқсан алты миллион жүз елу жеті мың бес жүз жетпіс екі) дана жай акция.

Бір қарапайым акцияның номиналды құны – 1000 (бір мың) теңге.

2017 жылы Компания жалпы сомасы 69 174 567 000 (алпыс тоғыз миллиард бір жүз жетпіс төрт миллион бес жүз алпыс жеті мың) теңгеге 93 852 (тоқсан үш мың сегіз жүз елу екі) дана жай акцияларды орналастырды, соның ішінде:

1) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 17 наурыздағы (№08/17 хаттама) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 16 наурыздағы (№2 хаттама) шешімдеріне сәйкес бір акция үшін 1 000 000 (бір миллион) теңге орналастыру бағасы

2018 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша: жарияланған акциялардың саны

502 040 458 дана

жай акция

2018 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша: орналастырылған акциялардың саны

496 157 572 дана

жай акция

бойынша 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге сомаға 50 000 (елу мың) дана жай акцияларды орналастыру жүргізілді – акцияларды төлеу үшін кейіннен Компания оны «Құрық портында паром кешенін салу және әмбебап жүк-жолаушылар паромдарын пайдалану» инвестициялық жобаны іске асыруға бағыттаған ақшалай қаражат берілді;

2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2015 жылғы 9 қазандағы (№38/15 хаттама) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 қарашадағы (№11 хаттама) шешімдеріне сәйкес бір акция үшін 86 021 (сексен алты мың жиырма бір) теңге орналастыру бағасы бойынша 2 322 567 000 (екі миллиард үш жүз жиырма екі миллион бес жүз алпыс жеті мың) теңге сомасына 27 000 (жиырма жеті мың) дана қарапайым акцияларды орналастыру жүргізілді – акцияларды төлеу үшін Қарабатан темір жол станциясы түріндегі мүлік берілді;

3) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 12 қазандағы (№34/17 хаттама) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің

2017 жылғы 19 қазандағы (№7 хаттама) шешімдеріне сәйкес бір акция үшін 1 000 000 (бір миллион) теңге орналастыру бағасы бойынша 16 852 000 000 (он алты миллиард сегіз жүз елу екі миллион) теңге сомаға 16 852 (он алты мың сегіз жүз елу екі) дана жай акцияларды орналастыру жүргізілді – акцияларды төлеу үшін кейіннен Компания оны «Құрық портында паром кешенін салу және әмбебап жүк-жолаушылар паромдарын пайдалану» инвестициялық жобаны іске асыруға бағыттаған ақшалай қаражат берілді.

2017 жылы 2016 жыл үшін дивиденттерді төлеу жүзеге асырылған жоқ, өйткені 2016 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның таза кірісі болған жоқ.

2017 жыл ішіндегі дивидендтерді төлеу, осы есепті бекіту сәтінде жүзеге асырылған жоқ. Бұл ретте Компания 2017 жылдың қорытындылары бойынша Жалғыз акционерге дивидендтерді төлеуге 1 709 910 150 (бір миллиард жеті жүз тоғыз миллион тоғыз жүз он мың жүз елу) теңге мөлшерінде қаражат жіберуді жоспарлайды. Осылайша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың бір жай акциясына есептегенде дивидендтердің мөлшері 3 (үш) теңге 45 (қырық бес) тиынды құрайды.

Құрылған уақытынан бастап 2011 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізінен магистральдық темір-жол инфрақұрылымының, темір жол көлігімен жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы қызметтерін көрсететін теміржол компаниясы болды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ базасында көліктің барлық түрлерінің қызметтері мен инфрақұрылымын біріктіретін көлік-логистикалық оператор құрылды.

Бүгінгі күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол және теңіз тасымалын жүзеге асырады, көліктік-логистикалық орталықтардың, сондай-ақ теңіз порты, әуежай мен автожол инфрақұрылымының қызметтерін көрсетеді.

2017 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына 84 еншілес және тәуелді ұйымдар кіреді.

Компанияның негізгі еншілес кәсіпорындары «Темір жол жүк тасымалдары», «Темір жол жолаушылар тасымалдары», «Мультимодальдық тасымалдар», «Жүк вагондарымен операция жүргізу», «Теміржол машина жасау» және т.б. сегменттерінде жұмыс істейді.

Әртараптандырылған портфель, транзиттік теміржол көлігі өсімінің тиімді стратегиясы, жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу, сондай-ақ операциялардың тиімділігін арттыру Компанияның үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді және елдің тұрақты дамуына үлес қосады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстандағы ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады. ■

Темір жолдардың ұзындығы, мың км



Ресурстар мен активтер

Активтердің құрылымы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ активтерінің корпоративтік портфелінде 16 еншілес ұйым және 2 сенімгерлікпен басқарылатын ұйым бар. Топта барлығы 84 ұйым бар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың он үш бизнес-бірлікте акциялардың бақылау пакеттері мен қатысу үлесі бар. Үш ұйымда «ҚТЖ» ҰК» АҚ атаулы үлестерге ие (50% және одан кем).

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша акциялар пакеті (қатысу үлестері) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-қа тікелей тиесілі ұйымдар туралы ақпарат:

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының компаниялар тобының құрылымы



«ҚТЖ» ҰК» АҚ бейіндік қызметтерінің секторы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы тарапынан магистральдық темір жол желілері көрсететін қызметтер бойынша, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ тарапынан жүктерді тасымалдау және «ҚТЖ – Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан жолаушылар тасымалдау бойынша қызметтермен ұсынылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 608 қаулысымен

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-қа «Ұлттық жүк тасымалдаушы» мәртебесі берілді.

2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін сату арқылы «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын орындау бойынша жұмыс жалғастырылды, оның аясында 13 актив іске асырылды, 1 компания қайта ұйымдастырылды және 9 компания таратылды. ■

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштері

Жүк айналымы, млрд ткм



2017 жылы тарифтік жүк айналымы 206,3 млрд.т.-км құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 9,6% артық. Бұл өсім республикалық (көмір, темір рудасы, металл сынықтары, құрылыс жүктері), экспорт (көмір, темір рудасы, химиялық заттар, тыңайтқыштар) және импорт (темір рудасы, тыңайтқыштар, құрылыс материалдары, цемент) тауарларының тасымалдануының артуымен байланысты.

2017 жылдың қорытындысы бойынша жолаушылар айналымы жоспар деңгейінде болды және 15,1 млн жол-км құрады. Өткен жылғы деңгейден 8,1%-ға төмендеу. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі ұйымдастырған әлеуметтік маңызды субсидияланған бағыттарды тасымалдау бойынша ұйымдастырылған конкурстың қорытындылары бойынша 2017 жылдың қаңтарынан бастап жеке тасымалдаушыларға пойыздардың 10 бағытын берумен байланысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2017 жылы халықаралық тасымалдарда 2,2 млн. жолаушы тасыды, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 3,9% артық.

Жолаушылар айналымы, млрд пкм



Транзиттік тасымалдар

Ұйымдастырылған поездардағы контейнерлік тасымалдауды дамыту транзиттік және мультимодальдық көліктік-логистикалық қызметтер сегментінің өсуін көздейтін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнес-стратегиясының басты бағыты болып табылады.

2017 жылы ҚХР-ЕО бағытындағы тасымалдаулардың көлемі 2011 жылғы деңгейден шамамен 200 есе асты (бастапқы есептеу нүктесі) және 201 мың контейнерді құрады. Жалпы алғанда контейнерлік тасымалдардың көлемі 348 мың ЖФЭ құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 42%-ға көп. Бұл орайда Еуропадан Қытай бағытындағы кері жүктемесі 60% деңгейінде. 2017 жылы ҚХР-ЕО бағытындағы тасымалдаулардың көлемі 2011 жылғы деңгейден шамамен 200 есе асты және 201 мың контейнерді құрады. Жалпы алғанда контейнерлік тасымалдың көлемі 348 мың ЖФЭ құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 42%-ға көп. Бұл орайда Еуропадан Қытай бағытындағы кері жүктемесі 60% деңгейінде.

Қытай-Еуропа-Қытай, мың ЖФЭ



Қытай-Еуропа-Қытай бағыты бойынша 201 мың ЖФЭ тасымалданды, бұл 2016 жылғы деңгейден 91,4% -ға жоғары 2016 ж.

Ресей, Қытай-ОА және басқа бағыттар, мың ЖФЭ



Ресей, Қытай-Орталық Азия және басқа бағыттар бойынша транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемі 147 мың ЖФЭ құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 5% жоғары.

Қытай-Кавказ/Түркия (+Оңтүстік Еуропа), мың ЖФЭ



Қытай-Кавказ/Түркия (+Оңтүстік Еуропа) бағыты бойынша, 0,3 мың ЖФЭ тасымалданды, бұл 2016 жылға қарағанда 50% жоғары.

Қаржылық көрсеткіштер

Негізгі қызметтен түскен табыс, млрд. теңге



Жалпы алғанда, 2017 жылға негізгі қызмет түрлерінен түсетін түсімдер 914,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 10,8% жоғары, бұл жүк тасымалдаудан түсетін кірістің 9,6% -ға артуымен байланысты.

EBITDA, млрд. теңге



2017 жылға EBITDA 212 млрд. теңгені құрады, бұл негізгі қызметтен түсетін табыстың 10,8% өсуі есебінен 2016 жылғы көрсеткіштен 2,4% жоғары.

Операциялық табыс, млрд. теңге



2017 жылға операциялық пайда 101,8 млрд. теңгені құрады, бұл негізгі қызметтен түсетін кірістердің 10,8% -ға өсуі есебінен 2016 жылғы көрсеткіштен 18,9% -ға жоғары.

Негізгі қызметтен түскен табыс

914,1 млрд. теңге

2017 жылдың соңында транзиттік тасымалдан түсетін түсімдер 209,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 15%-ға төмен (2016 жылы 247 млрд. теңге), бұл айырмашылық негізінен нақты айырбас бағамының төмендеуіне байланысты болды.

Нәтижесінде, транзиттік тасымалдаулардан түскен кіріс 2017 жылы бұл орайда жүк айналымдарының жалпы көлемінде 13% иелене отырып, Компаниялардың жалпы кірістер құрылымында 27% құрады.

Салыстырма үшін: 2011 жылы транзиттен түскен кіріс Компания кірістерінің құрылымында 22% иеленді (126,4 млрд. теңге).

2017 жыл үшін таза пайда 11,4 млрд. теңгені құрады, бұл кері бағамдық айырмасының (сальдо) 28,5 млрд. теңгеге өсуінің есебінен 2016 жылғы фактіден 29,6 млрд. теңгеге төмен.

Қарыздық міндеттемелерді басқару аясында, қарыздарға қызмет көрсету бойынша жұмыс тұрақты жүргізілуде. Осы уақытқа дейін Компаниямен несиелік міндеттемелері бойынша бұзушылықтардың бір оқиғасы да жіберілген жоқ. Бұдан бөлек, валюталық тәуекелдерді төмендету бойынша жұмыс жүргізілуде. Мысалы, 2017 жылдың 1 жарты жылдығында Компаниямен «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Қазтеміртранс» АҚ-қа Еуропалық Қайта құру және Даму банкінен тартылған жалпы сомасы шамамен 54,9 млрд. теңге заемдарды теңгеге айырбастау іске асырылды.

Ресей нарығындағы ТМД елдерінің компаниялары арасында шетелдік эмитенттің дебюттік шығарылымы болып табылатын 8,75 пайыз мөлшерлемесімен, 5 жылдық мерзімімен 15 млрд. ресей рублі сомасына облигацияларды шығару бойынша сәтті жүргізілген мәмілесін атап өту керек, бұл орайда шығару параметрлері ресей нарығының ірі ойыншыларының деңгейінде.

Бұл шығарылым Компания тобының ірі міндеттемелерін өтеуді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар ұзақ мерзімдік қорландыруды тарту нарықтарын кеңейту бойынша стратегиялық мәнге ие және ресей рублінің қазақстандық теңгемен жоғары корреляциясын ескере отырып, көрсетілген құралды валюталық тәуекелдерді бұдан әрі төмендету үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Ресей рубліндегі шығарылым «2017 жылғы ресейдің қор нарығындағы шетелдік эмитенттің үздік мәмілесі» деп танылды.

Сондай-ақ 2017 жылғы қазанда 200 млрд. теңге шығарылым көлемімен бірінші облигациялық бағдарлама аясында Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының қарыздарын қайта қаржыландыру үшін 25 млрд. теңге номиналдық көлемде ішкі нарықтағы облигациялардың екінші шығарылымын іске асырды.

Бұдан бөлек, 2017 жылғы қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ Компанияның бұрыннан бар еурооблигацияларын сатып алуды қаржыландыру үшін 4,8% жылдық өтеу кірістілігімен $780 млн. көлемімен он жылдық еурооблигацияларын орналастырды, бұл еурооблигацияларды өтеу мерзімін ұзарту жолымен 2020 жылға қарай Компанияның қарыздық жүктемесін төмендетуге, сонымен қатар купон мөлшерлемесін 6,375%-дан 4,85%-ға дейін төмендету есебінен оларға қызмет көрсету бойынша шығыстарын төмендетуге мүмкіндік берді.

Операциялық тиімділікті арттыру

Компания тұрақты негізде еңбек және өндірістік активтердің өнімділігін арттыру бойынша кешенді жұмысын жүргізуде:

Өндірістік үрдістердің тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс құралдарын жаңғырту және дамыту, үрдістерді басқаруды автоматтандыру, өндірістік активтердің құрылымын оңтайландыру, энергияны және ресурсты үнемдеу 2017 жылы 76 млрд. теңге көлемінде экономикалық тиімділікті қамтамасыз етті.

Еңбек өнімділігі, мың. келтірілген т-км/адам



Еңбек өнімділігі 2017 жылы 12% артып, 2,105 мыңнан 2,365 мыңға дейін өсті, келтірілген т-км/чел.

Локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі, мың.т-км брутто



2017 жылы локомотив өнімділігінің 0,5%-ға төмендеуі локомотивтің орташа тәуліктік жылдамдығының 1% -ға және поездың салмағының 1,4% -ға төмендеуіне байланысты.

Жоспарланған мақсат 0,1% асты.

Дизель отынының салыстырмалы шығындары, кг/10000 т-км брутто



2017 жылы дизельдік отынның нақты шығыны 2016 жылы 31,5 кг/10,000 ткм-ден 29,2 кг/10,000 ткм-ге дейін 7,3% -ға азайды.

Пойыздардың қозғалу қауіпсіздігі

2017 жылы көлік қозғалысының барлық қатысушылары жол қозғалысының қауіпсіздігі бойынша 553 бұзушылық жасады, соның ішінде Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес компаниялары тарапынан 238 бұзушылық немесе бұзушылықтардың жалпы санының 43%-ы жасалды.





Қоғамның миллион поезд-км-ге келетін жол қозғалысы қауіпсіздігі бұзушылықтарының саны арқылы көрсетілген көрсеткіштері басқа теміржол әкімшіліктерінің көрсеткіштерінен әлдеқайда төмен.



Жол қозғалысы қауіпсіздігінің жүйелі сипатына байланысты, соңғы 3 жыл ішінде бұзушылықтар саны 34% -ға азайды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігінің бұзылуын төмендету мынадай шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

- жаңа теміржол желілерін күрделі жөндеу, жаңғырту және салу;
- локомотивтер паркін, жүк және жолаушылар вагондарын жөндеу және күрделі жөндеу.

Жаңа диагностикалық құралдарды енгізу автокөліктің 90 мыңнан астам бүлінген учаскелерін анықтауға мүмкіндік берді, осылайша жылжымалы құрамды сатып алу мүмкіндігін болдырмады.

Ірі инвестициялық жобалар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі темір жол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметтерінің сапасын және қауіпсіздігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін іске асыруға бағытталған.

2017 жылы темір жол инфрақұрылымын дамыту, жылжымалы құрамды жаңартуға 256 млрд. теңге көлеміндегі инвестициялар бағытталды.

Аталған қаражаттардың есебінен келесі ірі іс-шаралар орындалды:

«Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобалар бойынша іс-шаралар:

«Алматы-Шу» учаскесіндегі екінші жолдардың құрылысы» жобасы бойынша 2017 жылғы 27 қарашада Алматы-Шу учаскесінің екінші жолдарының барлық бағыттарындағы пойыздардың қозғалысы ашылды;

«Құрық портындағы паромдық өткел құрылысы» жобасы бойынша, 2017 жылғы 6 желтоқсанда ҚР Мемлекет басшысы Индустрияландыру күні барысында Қоғамдық телекөпір режимінде Құрық көпфункциялық паромдық кешенінің логистикалық объектісінің (автомобиль өткелі) жұмысына бастау берді;

«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құру және кешенді дамыту» жобасы іске асырылды;

«Астана станциясындағы» темір жол түйінін дамыту, сонымен қоса вокзал кешенінің құрылысы» жобасын іске асыру бойынша жұмыс жалғастырылды;

708 км көлеміндегі жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту және жөндеу бойынша жұмыс орындалды;

жылжымалы құрамды жаңарту аясында:

52 бірлік локомотивтерді жаңарту бойынша шаралар қабылданды;

3949 бірлік жүк және 115 бірлік жолаушылар вагондарын жаңарту бойынша шаралар қабылданды;

темір жол инфрақұрылымын жаңарту және оңалту, көліктік логистиканы дамыту және қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылды.

2018 жылы темір жол инфрақұрылымын дамытуға, жылжымалы құрамды жаңартуға 361 млрд. теңге көлемінде инвестициялар бағытталатын болады.

Бұл қаражаттардың аясында «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын жобаларды аяқтау, сонымен қоса: Алматы – Шу учаскесіндегі екінші жолдардың құрылысы, Құрық портындағы паромдық өткелдің құрылысы жоспарланып отыр.

Ұлттың «100 нақты қадам» жоспары аясында жеке бизнесті тарту арқылы Компания ел ішінде де, одан тыс жерлерде де көліктік-логистикалық орталықтар мен терминалдар желісін қалыптастыруда.

Компанияның қызметінің тиімділігін арттыру жолдарының бірі – Компания процестерін автоматтандыру және цифрландыру болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Компания 2018-2022 жылдарға арналған цифрлық теміржол стратегиясын әзірледі, ол 21 жобаны іске асыруды қарастырады, оның 2-і «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Бұл стратегия Компания қызметінің барлық негізгі бағыттарын қамтиды: жолаушылар, жүк және мультимодальдық көлік, теміржол инфрақұрылымы және корпоративтік басқару.

Жолаушылар пойыздарында жерсеріктік интернетті енгізу, вокзалдарды цифрлық технологиялар және қызметтермен жабдықтау, пойыздар қозғалысының болжамдық кестелерін әзірлеу үрдістерін автоматтандыру, мультимодальдық тасымалдауларды басқарудың біріктірілген платформасын құру және басқалары қарастырылады.

Бұдан бөлек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та темір жол инфрақұрылымын жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын іске асыру мәселесі пысықталуда, оның нәтижесі контейнерлік пойыздардың қозғалу жылдамдығын тәулігіне 1500 км-ге дейін арттыру болды.

Сондай-ақ, жүк жөнелтушілер мен жолаушылардың темір жол көліктерінің қызметтеріндегі сұранысын қамтамасыз ету мақсатында, темір жол инфрақұрылымын дамытуға, пойыздар қозғалысының қауіпсіздік деңгейін арттыру және жылжымалы құрам паркін жаңартуға бағытталған инвестициялары жалғасатын болады, сонымен қоса:

- жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту және 869 км көлеміндегі рельсті ауыстыру;
- локомотивтердің 36 бірлігін сатып алу және 46 бірлігін күрделі жөндеу;
- жүк вагондарының 3 594 бірлігін сатып алу және 5 290 бірлігін күрделі жөндеу;
- вагондардың 91 бірлігін сатып алу және 2 бірлігін күрделі жөндеу.

Әлеуметтік-еңбек қатынастары

2017 жылы әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша Өнеркәсіптік келісім және 2018-2020 жылдарға арналған Ұжымдық шарт жасалды және қол қойылды.

Ұжымдық шарттың жаңа редакциясы қызметкерлердің және олардың балалары үшін еңбек құқықтарын, еңбек ақысын төлеуді, еңбек қорғауды, денсаулықты және демалысты қорғаудың дәстүрлі әлеуметтік кепілдіктерін, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтерудің қосымша стандарттарын сақтайды.

Жыл сайын 2013 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ-тың портфельді компанияларының тобы бойынша Әлеуметтік тұрақтылық рейтингісінің – ӘТР зерттеуі жүргізілуде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ӘТР 2017 жылы өсті (2013 жылы – 58%; 2016 жылы – 65%) және 70% құрады, бұл Қордың ӘТР Дәрежелік бағалау шәкілі бойынша «ортадан жоғары» ретінде бағаланады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссия әрекет етеді, оның функциялары қысқартылған жұмысшыларды жұмысқа орналастыру, қысқартылған жұмысшылардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, жұмысқа қабылдауды келісімдеудің белгіленген рәсімдерін сақтау, зейнеткерлік жасқа жеткен жұмысшылармен еңбек қатынастарын ұзарту кезінде туындайтын мәселелерді шешу кіреді. Жоғарыда көрсетілген комиссияның негізгі міндеттерінің бірі жұмыспен қамту мәселелерін шешу және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың және оның еншілес ұйымдарының қысқартылған жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Жұмыспен қамту жөніндегі комиссия жұмысының нәтижесінде 2017 жылы қысқартылған 394 жұмысшылардың арасынан 332 адам жұмысқа орналастырылды (84%).

ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге Келісім аясында, барлық ниет білдірген жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерін бизнесті жүргізу негіздеріне оқыту жүргізілді (барлығы 2017 жылы бизнесті жүргізу негіздеріне «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 48 жұмысшысы, сонымен қоса 36 жұмысшы – «Атамекен» ҰКП-тың өңірлік орталықтарында оқытылды).

Материалдық ынталандыру

2017 жылы желілік қызметкерлердің жалақысын индекстеу 5% кем емес, Компания филиалдары мен еншілес компанияларының қызметкерлеріне тоқсан сайынғы бонустарға жаңа механизм енгізілді. Нақтылай алғанда 2017 жылы қызметі «ҚТЖ»ҰК» АҚ-тың «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы-мен үйлестірілетін «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының жұмысшыларына 491,7 млн. теңге сыйлықақы төлеу жүргізілді, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың еншілес ұйымдары – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша 113,9 млн. теңге және «Қазтеміртранс» АҚ бойынша – 22,6 млн. теңге сомада сыйлықақы төленді.

Сондай-ақ 2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне бір жолғы бонустар төленді: кәсіби мереке – Көлік қызметкерлері күніне және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне байланысты.

Бұл орайда 2017 жылғы кірістерден есептелген еңбектің нақты өнімділігі адам басына 7 243 мың теңгені құрады, бұл 2016 жылғы деңгейден 16,9%-ға жоғары.

Жұмысшылардың кәсіптік білім деңгейін арттыру

«ҚТЖ»ҰК» АҚ-тың «Темір жол көлігінің персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалымен әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыру және кәсіптік білімдерді үзіліссіз кеңейту және тереңдету үшін өндірістік персоналдың біліктілігін арттыру бойынша оқу орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша қызмет іске асырылуда.

2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы персоналының біліктілігін арттыру бойынша 23 739 қызметкер оқытылды, сонымен қоса:

- Шеткі ұйымдардағы біліктілікті арттыру: 22 714 қызметкер.
- Білім беру гранттары (магистратура/докторантура) – 22 қызметкер.
- Мемлекеттік тілді үйрету– 200 қызметкер.
- Ағылшын тілін үйрету – 803 қызметкер.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының персоналын оқытуға жұмсалған шығындар 2017 жылы 880 070 мың теңгені құрады.

2017 жыл үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары – Темір жол көлігі жұмысшыларының оқу орталықтарында кәсіптік оқытудан 12 480 қызметкер өтті, сонымен қоса:

- Павлодар оқу орталығы – 2 185 қызметкер.
- Қарағанды оқу орталығы – 2 593 қызметкер.
- Ақтөбе оқу орталығы – 2 425 қызметкер.
- Тараз оқу орталығы – 2 382 қызметкер.
- Астана қаласындағы оқу орталығы – 2 895 жұмысшы.

Тәуекелдерді басқару

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару маңыздығын оның құнына және абыройына кері әсер ете алатын тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру және деңгейін төмендету бойынша шараларын қабылдауға бағытталған Компания мен оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесінің басты құрамдас бөлігі ретінде сезінеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу «Самұрық-Қазына» АҚ ұсынымдарын орындау аясында іске асырылады, оған сәйкес тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін енгізу COSO моделіне «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – «Біріктірілген моделіне» (2004) сәйкес іске асырылуы керек.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметімен жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік деңгейі («ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау Әдістемесіне сәйкес), 2017 жылы «ВВВ» құрады, бұл «Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық елеулі аспектілерінде белгіленген өлшемдердің көпшілігіне сәйкес келетінін және жүйенің тиімді жұмыс істейтінінің жеткілікті растауы бар екендігін» білдіреді.

2017 жылы Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитетінің, Басқарманың және Директорлар кеңесінің жұмысы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бұдан әрі жетілдіру және оны әлемнің үздік тәжірибелеріне сәйкестікке келтіруге бағытталған.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру аясында 2017 жылы бірқатар келесі басты іс-шаралар өткізілді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ банк-контрагенттеріне теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша лимиттері белгіленген (шоғырландырылған негізде).
- Компанияның басты тәуекелді көрсеткіштерінің тәуекел-аппетитін, тәуекел-төзімділігін және шоғырландырылған деңгейдегі тәуекел-аппетитін анықтау Ережелері бекітілді.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2017 жылға арналған тәуекелдерді басқару бойынша есебі назарға алынды.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер тізілімі және тәуекелдер картасы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басты тәуекелдік көрсеткіштері және басты көрсеткіштеріне төзімділік деңгейлері бекітілді.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018 жылға арналған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жаңа редакциядағы бағалау және тәуекелдерді сәйкестендіру қағидасы мақұлданды.

Компания оның қызметіне және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуіне кері әсер ете алатын келесі басты тәуекелдерге ұшырауы мүмкін:

Әлемдік экономиканың дағдарыс құбылыстарының жаңғыруы және шикізатқа арналған бағалардың түсуі салдарынан жүк тасымалдары деңгейінің (нарықтық тәуекел) төмендеуі. Экономикалық жағдайлардың нашарлауы темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің көлемін төмендетуге, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының ұлғаюына әкеп соқтыруы мүмкін және жоспарланған көрсеткіштерді орындауға кері әсер етуі мүмкін. Компания өзінің қызметінің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдауды ұлғайту бойынша, сонымен қатар дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру бойынша (шығындарды қосымша қысқарту) іс-шараларын іске асырады.

Операциялық тәуекелдер (қозғалыс қауіпсіздігінің тәуекелдері, еңбекті және экологияны қорғау). Топ Қазақстанның темір жол инфрақұрылымының иесі және операторы, сонымен қатар Қазақстандағы жолаушылар және жүк жылжымалы құрамының, локомотивтерінің ірі иесі және операторы болып табылады. Осыған байланысты, Топ қозғалыс қауіпсіздігінің тәуекелдеріне, сонымен қоса соқтығысу, магистральдық, станциялық және кіреберіс жолдарындағы және/немесе станцияларда жылжымалы құраммен маневрлік жұмыс жүргізу кезінде, апаттық жағдайлар кезінде жүк және/немесе жолаушылар пойыздарының жылжымалы құрамының жолдан шығып кетуіне ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекелді басқару үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ пойыздардың қозғалысымен байланысқан пойыздардың қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмысты күшейту бойынша іс-шараларды іске асырады. Өндірістік травматизм тәуекелдерін басқару аясында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау, өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларды іске асырады, жұмысшыларды олармен еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оқыс оқиғалардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Валюталық тәуекел. Компания негізінен, Компанияның қарыздарды негізінен АҚШ долларымен тартатынына байланысты АҚШ доллары бағамының өзгеруімен байланысқан тәуекелге ұшыраған және теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша әлсіреуі (құнсыздануы) бағамдық айырмасы бойынша шығыстардың ұлғаюын білдіреді. Осы тәуекелді басқару аясында, Компания жыл сайынғы негізде USD/KZT валюта бағамдарының, сонымен қатар валюта бағамының өзгеруіне әсер ететін басқа көрсеткіштердің: USD/RUR, USD/EUR бағамдарының, мұнайға, шикізатқа арналған бағалардың өзгеруіне мониторингтеуді іске асырады. Бұл орайда, Компанияның қаржылық нәтижесіне валюталық тәуекелдің әсерін төмендету мақсатында уақытша-еркін ақшаны

басқарумен байланысқан валюталық тәуекелді бақылау мақсатында, қаржылық нарықтардың конъюнктурасын мониторингтеу, уақытша-еркін ақшаны валюталық үлестірілуін басқару, сонымен қатар шетелдік валютадағы қарыздарды қайта қаржыландыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

2014 жылғы 20 маусымда «ҚТЖ»ҰК» АҚ швейцариялық қор биржасына (SIX Swiss Exchange) 285,000 мың швейцариялық франк жалпы сомасына еурооблигациялардың екі траншын шығарды (2019 жылғы 20 маусымдағы өтеу мерзімімен 2,59% пайыздық мөлшерлемесімен 100 млн. швейцариялық франк және 2022 жылғы 20 маусымдағы өтеу мерзімімен 3,638% пайыздық мөлшерлемесімен 185 млн. швейцариялық франк).

Швейцариялық франктерге деноминирленген еурооблигацияларды шығару «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та транзиттік тасымалдаулардан швейцариялық франктердегі кірістерінің болуы есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюталық тәуекелін «натуралды» хеджирлеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мұнайға арналған әлемдік бағалардың түсуі, ресей рублі бағамының құбылмалылығы, әлемдік валюталардың құбылмалылығымен байланысқан валюталық тәуекел факторларының өсуімен байланысты, Компания Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2015 жылғы 6 тамыздағы шешімімен (хаттама №ЦУР-05-02/4) 2015 жылғы 7 тамыздан бастап Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке және шоғырландырылған қаржылық есептігін қалыптастыру кезінде швейцариялық франкте көрсетілген сатылымдардан түскен түсімнің теңгедегі баламалысын өзгерту тәуекелін азайту мақсатында, ақша ағындарын хеджирлеудің арнайы есебіне көшті.

Ақпараттық-технологиялық тәуекелдер. Топ оның т/ж операцияларының қозғалыс кестесін және басқа аспектілерін үйлестіру үшін, сонымен қатар бухгалтерлік есепті жүргізу, жолаушылар пойыздарына арналған билеттерді сату, жүктердің жеткізілуін бақылау және басқа да көптеген функцияларды орындау үшін телекоммуникациялық желілері мен компьютерлік жүйелерін пайдаланады. Топпен пайдаланылатын жабдық және бағдарламалық қамтамасыз ету, оператордың қателігі, компьютерлік вирустар, электр энергиясының ажыратылуы және басқа да жағдайлардың нәтижесінде тікелей зақымдалуы мүмкін. Ақпараттық технологиялардың іркілуін және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылу тәуекелін төмендету үшін, белгіленген талаптарды сақтау және қызметтік, коммерциялық және ҚР заңымен қорғалатын басқа да құпияны қорғау мақсатында, жыл сайын Топтың құрылымдық бөлімшелерінде тексерістері жүргізіледі.

Бенчмаркинг

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк айналымы мен кірісі бойынша әлемнің 15 ірі темір жол компанияларының құрамына кіреді.

Компания ТМД-ның теміржол компанияларымен салыстырғанда жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге ие және объективті себептер бойынша әлемдік көшбасшылардың бірқатар көрсеткіштерінен артта қалады.

Басқа компаниялармен салыстыру кезінде институционалдық ортадағы негізгі айырмашылықтарды, сондай-ақ қозғалыс тығыздығын, бар техникалық құралдарды, ең алдымен жылжымалы құрамды, технологиялық даму деңгейін, климаттық жағдайларды, әлеуметтік факторларды ескеруген дұрыс болады.

Өнімділік көрсеткіштеріне технологиялар, жылжымалы құрам (моральдық және физикалық бұзылу дәрежесі) және салада қолданылатын стандарттар ықпал етеді.

4
Платформа
3
Платформа

Жүк тасымалы

Сала бойынша маңызы | ҚТЖ үшін сын-тегеурін

Вагондардын өндірістік күші, млн.ткм/вагон



Локомотивтердің өндірістік күші, млн.ткм/локомотив



Поездарды тарту үшін дизель отынын нақты тұтыну,
кг/10000 ткм брутто



ҚТЖ локомотивінің жұмыс көрсеткіші DB, Union Pacific және УЖД ұқсас көрсеткіштерінің деңгейінен асып түссе, сонымен қатар РЖД және Canadian National көрсеткіштерінен төмен.

Жолаушылар тасымалы

Сала бойынша маңызы | ҚТЖ үшін сын-тегеурін

Жолаушылар тасымалы көлемінің жалпы құрылымындағы темір жол тасымалының үлесі, %



Жолаушылардың жалпы үрдістерінің ұқсастығына қарамастан, Қазақстандағы теміржол көлігінің үлесі ТМД елдеріне қарағанда 3-4 есе төмен.

1995 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде ЕО-да теміржолшылардың жолаушылар тасымалының үлесі 5,7-6,8% шегінде ауытқығанын айта кету керек.

ҚТЖ ұзақ мерзімді перспективада жолаушылардың темір жол тасымалының үлесін 16-20% -ға дейін арттыруды жоспарлап.

Мультимодальды тасымалдар

1 жұмысшыға жұмыс өнімділігі,
АҚШ долл.



Мультимодальды тасымалдау - бұл бизнес топтың салыстырмалы түрде «жас» сегменті. Тәжірибе, бизнес-үдерістерді құру және оңтайландыру процесін ескере отырып, Компания болашақта осы сегментте еңбек өнімділігін 68 есеге арттыруға ниетті.

Инфрақұрылым

ҚТЖ үшін сын-тегеурін | ҚТЖ үшін сын-тегеурін

Инфрақұрылым өнімділігі,
млн. ткм/км



ҚТЖ локомотивінің жұмыс көрсеткіші DB және УЖД ұқсас көрсеткіштерінің деңгейінен асып түссе, сонымен қатар РЖД, Union Pacific және Canadian National көрсеткіштерінен төмен.

Компания акцияларын IPO-ға орналастырудың орта мерзімдік орналастыруын ескере отырып, Компания инвестициялық тартымдылықты арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады және әлемдегі ірі компаниялардың негізгі қаржылық көрсеткіштерінің медиа-құндылықтарына қол жеткізуге ұмтылады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ EBITDA маржасы бойынша ROIC - РЖД және PKP Cargo көрсеткіштері бойынша DB және SNCF асып түседі.

Сонымен бірге теміржол компанияларының, әсіресе, солтүстік американдық компаниялардың жұмыс істеуі үшін түбегейлі әртүрлі институционалдық жағдайларды ескеру қажет.

Мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес Қазақстандағы теміржол көлігі нарығын ырықтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл Компанияның қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға және озық көлік компанияларының деңгейіне жетуге қабілеттігін айтарлықтай кеңейтеді.

2017 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ БЕНЧМАРКИНГІ



2017 жылғы айтулы оқиғалар

5 қаңтар

Достық станциясы арқылы Қытайдан Ұлыбританияға алғашқы контейнерлік пойыз жүріп өтті.

5 қаңтар

«KTZ Express» АҚ «RTSB GmbH», «Белинтертранс–Германия» және «Euro-BRICS» компанияларымен бірлесіп Херне (Германия) Ланчжоу (ҚХР) бағдары бойынша бірінші рефрижераторлық контейнерлік пойызды іске қосты.

19 қаңтар

қазақстандық астықтың бірінші партиясы Хошимин (Вьетнам) портына жіберілді.

31 қаңтар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ эксперименталдық рефрижераторлық контейнерінде Қазақстан аумағы арқылы ресей нарығына өзбек өндірушілерінің жеміс-көкөніс өнімі жеткізілді.

13 ақпан

дәлме-дәл қапталып өлшенген астығы бар контейнерлік пойыз Ақмола темір жол бөлімшесінің Төңкеріс станциясынан Сияньға (ҚХР) жіберілді.

21 наурыз

«Алматы-2» темір жол вокзалынан «Алматы-Ташкент» қатынасында халықаралық жүрдек пойызы бірінші рейске жіберілді.

3 сәуір

ҚР Президентінің Әзербайжанға ресми сапары аясында «KTZ Express Shipping» ЖШС және «ACSC Logistics» ЖШҚ арасында «Ferry Express Logistics» бірлескен кәсіпорнын құру туралы Құрылтай шартына қол қойылды. Құжатқа «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшысы Қанат Алпысбаев және «Әзірбайжан Каспий теңізіндегі кеме шаруашылығы» ЖАҚ төрағасы Рауф Велиев қол қойды.

25 сәуір

Қазақстан аумағы арқылы Ұлыбританиядан Қытайға «Лондон-Иу» бағдары бойынша бірінші контейнерлік пойызы жүріп өтті.

31мамыр

Мемлекет басшысы Астана қаласында жаңа темір жол вокзалының кешенін ашты.

8 маусым

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің қатысуымен «Қазақстан – Қытай – Еуразияның транзиттік көпірі» телекөпірі болып өтті. Телекөпір барысында Мемлекет басшылары бір тараптан Ляньюнган қазақстан-қытай терминалы мен екінші тараптан «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА Құрғақ порты еуразиялық кеңістігінде жаңа контейнерлік сервиске бастау берді.

28 маусым

электровоздарды өндіру бойынша зауыт - «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС IRIS халықаралық сертификатын алды.

15 тамыз

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «KTZ Express» АҚ және Nippon Express Co., Ltd. арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

15 мамыр

Бейжіңдегі «Бір белдеу - бір жол» Халықаралық ынтымақтастық форумы аясында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ COSCO Shipping корпорациясы және Ляньюнган портымен «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА бірлесіп дамыту туралы келісімге қол қойды.

31 мамыр

Мемлекет басшысы Астана халықаралық әуежайының жаңа терминалын ашты.

13 маусым

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 8,75% жылдық кірістілігімен 5 жылдық мерзімге 15 млрд. ресей рублі сомасына ресей нарығында облигацияларды шығаруды сәтті іске асырды. 2017 жылғы 7 тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ-тың 75 млрд. теңге сомаға заемы өтелді.

29 маусым

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және қытайлық «Sinotrans&CSC Holdings» компаниясы ҚР аумағы арқылы бағдарлы контейнерлік пойызды іске қосуға уәделесті.

17 тамыз

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және SANY Group Co.,LTD. компаниясы арасында ұзақ мерзімдік стратегиялық ынтымақтастық бойынша Меморандумға қол қойылды.

7 қыркүйек

Астанада Достастық елдерінің, Грузия, Украина, Молдова, Латвия, Литва, Эстонияның темір жол өкілдерінің қатысуымен бірінші Халықаралық жолаушылар форумы болып өтті.

16 қыркүйек

Қазақстан-өзбекстан бизнес-форумы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «УТЙ» АҚ арасында 5 мың тонна рельсті жеткізуге арналған Шартқа қол қойылды, 2020 жылға дейін, сонымен қоса жылдам қозғалыс үшін жоғары сапалы рельсті жеткізуге арналған ұзақ мерзімдік шартты жасау бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

26 қыркүйек

«Астана-Орал» және «Алматы-Орал» жаңа бағдарлары бойынша «Тұлпар-Тальго» жүрдек пойыздарын іске қосу болып өтті.

29 қыркүйек

Ригада «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Latvijas dzelzceļš» АҚ (Латвиялық темір жол) арасындағы стратегиялық әріптестік туралы Келісімге қол қойылды.

19 қазан

Қазақстандық Құрық портының айлағынан әзербайжандық Баку портына жүктің миллионыншы тоннасы жіберілді.

8 қараша

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ Қостанай-Галаба (ИРА) қатынасында астық шатлдарының тұрақты тікелей бағдарларын іске қосты.

8 қараша

Көкшетау станциясынан Баку-Тбилиси-Карс жаңа жалғастыру желісі бойынша аттанған бірінші контейнерлік пойызы Мерсин түрік қаласына келді.

10 қараша

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы - «KTZ Express» АҚ вагондарынан құралатын темір жол құрамы финляндиялық Коувола станциясынан қытайлық Сияньға жіберілді.

16 қараша

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 4,8% жылдық кірістілігімен $780 млн. көлемімен он жылдық еуро-облигацияларын орналастырды.

27 қараша

Алматы-Шу темір жол учаскесінің екінші жолдары және Алматы-Шамалған автожолындағы темір жол арқылы жол өтпесі бойынша қозғалысы ашылды.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы Индустрияландыру күні барысында Шымкенттегі көліктік-логистикалық орталықты ашты.

6 желтоқсан

Индустрияландыру күні барысында Мемлекет басшысының қатысуымен Жалпы ұлттық телекөпірі режимінде тестілік режимде Каспийдегі Құрық портындағы автомобиль паромының кеме қатынасын іске асыру үшін гидротехникалық құрылысы бар автомобиль пирсі іске қосылды.

8 желтоқсан

Құрық портынан қазақстандық және транзиттік жүктері бар бірінші автомобиль паромы жөнелтілді.

15 желтоқсан

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және Компанияның еңбек ұжымы арасында 2018-2020 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қойылды.

20 желтоқсан

Жекешелендіру бағдарламасы аясында Парижде Alstom концерні және «Ремлокомотив» АҚ арасында («ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың еншілес ұйымы) «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС-тың 25% үлесін сатып алу-сату шарты жасасылды.

Қытай-Кавказ/Түркия
(+Оңтүстік Еуропа), мың ЖФЭ
Қытай-Кавказ/Түркия (+Оңтүстік Еуропа) бағыты бойынша, 0,3 мың ЖФЭ тасымалданды, бұл 2016 жылға қарағанда 50% жоғары.
Беларусь
Украина
Қазақстан
Өзбекстан
Түрікменстан
Түркия
Иран
Үндістан

Ресей, Қытай-ОА және басқа бағыттар, мың ЖФЭ

Ресей, Қытай-Орталық Азия және басқа бағыттар бойынша транзиттік контейнерлік тасымалдау көлемі 147 мың ЖФЭ құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 5% жоғары.

Қытай-Еуропа-Қытай, мың ЖФЭ

Қытай-Еуропа-Қытай бағыты бойынша 201 мың ЖФЭ тасымалданды, бұл 2016 жылғы деңгейден 91,4% -ға жоғары 2016 ж.

Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар

Миссия

Көрінісі

№1 мақсат	№2 мақсат	№3 мақсат	№4 мақсат	№5 мақсат
Қызмет тиімділігі	Тұтынушылардың қанағаттануы	Тиімді корпоративтік басқару	Тасымалдау қауіпсіздігі	Экологиялық қауіпсіздік

Стратегиялық бастамалар:

Ішкі нарықта сатылым функцияларын дамыту	Корпоративтік басқаруды жетілдіру және қауіпсіздікті тұрақты дамыту (өндірістік және экологиялық басқарудың жаңа моделін енгізу)
Контейнерлік транзитті дамыту	
Жолаушылар тасымалдау тиімділігін арттыру	
Операциялық тиімділікті трансформация бағдарламасы жобасын жүзеге асыру арқылы жақсарту	
Сандық жүйеге көшіру	

Активтер портфелін оңтайландыру және компанияны IPO-ға шығаруға дайындау

Компанияның миссиясы

Жүйені қалыптастырушы инфрақұрылымдық компаниясы бола отырып, біз, тұрақты даму қағидаларын пайдана отырып Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты өсуі үшін сапалы көліктік негізін қамтамасыз етеміз, Акционер үшін құнын құрамыз және талап етілетін және бәсекеге қабілетті көліктік-логистикалық қызметтерін ұсыну арқылы тұтынушыларға және жалпылай қоғамға пайдасын әкелеміз.

Компанияның көрінісі

Компания өзін жақсы бизнес-тәжірибеге сәйкес жұмыс істейтін тиімді және инновациялық көліктік-логистикалық компания ретінде қарастырады.

Компания келесі қызметтердің жеткізушісі болып табылады:

- магистральдық теміржол желісінің қызметтері;
- «есіктен есікке дейін» логистикалық қызметтердің толық спектрі бар көліктік-логистикалық қызметтер;
- жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер;
- инфрақұрылым объектілерін жөндеу.

Компания қызметкерлердің жоғары кәсібилігі, жоғары техникалық стандарттар, сондай-ақ озық менеджмент және өндіріс процестері арқасында қызметтердің сапасы мен тиімділігі бойынша көшбасшы болуды көздейді

Стратегиялық мақсаттар мен бастамалар

2025 жылға дейінгі даму стратегиясы «ҚТЖ «ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен 2015 жылғы 26 қарашада бекітілген болатын, 2016 жылғы 11 ақпанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Міндеттері мен Көріністеріне тиімді қол жеткізу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі стратегиялық мақсаттары бойынша жоспарлы әрекет етуге ниетті:

- Акционерлік капиталдың жиынтық құнын максималдау;
- Тасымалдаудың қауіпсіздігі;
- Клиенттердің қанағаттанушылығы;
- Тиімді корпоративтік басқару;
- Әлеуметтік тұрақтылық;
- Экологиялық қауіпсіздік.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық бастамалардың 7 блогына назар аударатын болады:

1. Ішкі нарықта сату функцияларын дамыту

Мақсаты: автокөлікпен тасымалдауға ауысуға анағұрлым ұшырағыш сегменттердегі бәсекелестікке назар аудару есебінен елге байланған нарықтағы жүк айналымын ұстап тұру және ұлғайту.

2. Контейнерлік транзитті дамыту

Мақсаты: Қытай, Еуропа, Таяу Шығыс және Ресей арасында анағұрлым жоғары әлеуетті өсімі бар сегмент ретінде контейнерлік жүктерді тарту есебінен транзиттік жүк айналымын ұлғайту.

3. Жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру

Мақсаты: бағыттар бойынша бұзылатын құнның көлемін төмендету, сонымен қатар реттелетін бағдарлардағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ шығындарының орнын толтыруға арналған субсидиялардың көлемін төмендету. Бұл орайда бұл нәтижеге т/ж қызметтерінің ұсынысын сақтау, тасымалдау көлемін өсіру және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру арқылы қол жеткізілуі мүмкін.

4. Операциялық тиімділікті арттыру

Мақсаты: сыртқы және ішкі нарықтарда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнесінің өсуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Яғни, «ҚТЖ»ҰК» АҚ транзиттік тасымалдауларының әлеуетін іске асыру үшін инфрақұрылымға және локомотив шаруашылығына арналған шығындарды оңтайландырудағы көшбасшылық позицияларына қол жеткізу талап етіледі.

5. Цифрлық жүйеге көшіру

Мақсаты: Компания қызметінің негізгі бағыттарын: жолаушылар, жүк тасымалын және мультимодальды тасымалдарды, темір жол инфрақұрылымын және корпоративтік басқаруды цифрлық жүйеге көшіру және автоматтандыру.

6. Активтер портфелін оңтайландыру және компанияны IPO шығаруға дайындау

Мақсаты: Бейіндік емес активтерді иеліктен шығару және бейіндік және бейінді-қосалқы активтерді шоғырландыру жолымен оңтайлы портфельді құру, IPO бойынша табысты орналасуға дайындық.

7. Корпоративтік басқаруды жетілдіру

Мақсаты: 2022 жылы «А» рейтингін алу.

Негізгі стратегиялық бастама - «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ бизнесті трансформациялау бағдарламасы, ол активтер портфелін қайта құрылымдау, жаңа операциялық модельді және ұйымдық құрылымды енгізу бойынша бірқатар бағыттарды біріктіреді.

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-тың бизнесті трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуы

Негізгі нәтижелер

- Активтерді басқару бойынша процестерді енгізу
- Маркетинг пен сатудың жаңа моделіне ауысу
- Сатып алу - категориялық стратегияны орындау
- Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың тиімді жүйесі құрылды

- Кадрлық әкімшіліктен заманауи HR процесіне ауысты
- 5 филиалда, 4 еншілес ұйымдарда жұмысшылардың лауазымдарын бағалау мен айқындау жүргізілді

- CEO-1, СД-1 және CEO-2 негізгі позициялары деңгейлеріне Job Matching аяқталды

- Басқару деңгейлері қысқарды
- Еншілес компаниялар саны қысқарды
- Көпфункционалды қызмет көрсету орталықтары құрылды

Операциялық модель – Мүмкіншіліктің дамуы – Мақсатты құрылым – Ұйымдастырушылық дизайны 2017 жылға бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес қаржылық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Жалпы алғанда 2017 жыл үшін Трансформациялау жобаларын іске асырудан түскен пайда 1,5 млрд. теңге инвестициялары кезінде шамамен 10,3 млрд. теңгені құрады.

Трансформациялау бағдарламасының бұдан әрі назары 4 бағыттарға бағытталған:

1) Реинжиниринг және бизнес-үрдістерді цифрлық жүйеге көшіру;
2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та иелік ету құрылымы мен құқықтық нысандарын оңтайландыру;
3) Портфельдік компанияларды IPO-ға шығару;
4) Өзгерістерді басқару және жобалық тәсілді енгізу.

Корпоративтік басқару

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру маңыздылығын түсінеді және қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, сонымен қатар Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаларын тәжірибелік енгізуге ұмтылуда.

Жалғыз акционердің шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының 2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 хаттамасы) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жаңа редакциядағы Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың корпоративтік басқарылуы «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларындағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес үздік тәжірибеге сәйкестілігі бойынша жыл сайын бағаланады.

Бағалаудың көрсеткіші корпоративтік басқару рейтингісі болып табылады.

2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ алты еншілес компанияларда, сонымен қоса «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та корпоративтік басқару деңгейін тәуелсіз диагностикалауды жүргізуі үшін «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-тің («Pwc») кеңесшілерін жұмылдырды. Жүргізілген диагностикалаудың қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару рейтингісі «В» деңгейінде анықталған, бұл көрсетілген Әдіснама бойынша орта корпоративтік басқару деңгейіне сәйкес келеді.

Жалғыз акционер

Жоғарғы органы Жалғыз акционер – Директорлар кеңесіне компания қызметіне жалпы басшылығын табыстайтын «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидаларына негізделген. Жалғыз акционер Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған құқықтарына ие.

Жалғыз акционердің айрықша құзыреттеріне келесі мәселелер жатқызылады:

- Компанияның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларын бекіту;
- Компанияны ерікті қайта құру немесе тарату;
- Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- есептік қаржылық жыл үшін Компанияның таза кірістерін бөліп тарату тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау және Компанияның бір қарапайым акциясына есептелген дивиденд көлемін бекіту;
- Компания шешімдерді қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыреттеріне жатқызылған басқа да мәселелер.

Жалғыз акционер Компанияның басқа органдарының Компанияның ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелері бойынша кез келген шешімдерін жоюға құқылы.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі – Заңмен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыреттеріне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылығын іске асыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару органы.

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарын, дамудың басым бағыттарын анықтайды және ұзақ мерзімдік перспективаға Компания қызметінің негізгі бағдарларын белгілейді, қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қажетті қаржылық және адами ресурстарының болуы қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы органының қызметіне бақылауын іске асырады.

Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Жалғыз акционердің мүдделеріне әділ және объективті өкілдік етуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің сандық құрамы Жалғыз акционермен анықталады. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы шешімін қабылдауы кезінде, Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерді іріктеуге қойылатын келесі талаптарды басшылыққа алады:

- Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің үміткерге сенімі;
- үміткердің іскерлік және салалық ортасындағы позитивті жетістіктері мен кіршіксіз абыройы;
- Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделеріне максималды жауап беретін өлшенген шешімдерін қабылдауына мүмкіндік беретін үміткердің кәсіптік білімдері мен біліктілігі. Бұл орайда үміткердің қосымша артықшылығы Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін саладағы ғылымдық дәрежесінің болуы болып табылады;
- Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін саладағы кемінде 3 (үш) жыл басшы қызметіндегі тәжірибесінің болуы;
- оған жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін уақыттың жеткілікті көлемінің болуы.

ДИРЕКТОР, ЕГЕР ОЛ:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына қарсы 3 (үш) жыл ішінде болып табылмаса (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайларын қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы бойынша үлестес тұлғасы болмаса;
- Қоғамның немесе Қоғамның үлестес тұлғаларының ұйымдарының лауазымды тұлғаларымен бағыныштылығымен байланысты болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына қарсы 3 (үш) жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныштылығымен байланысты болмаған болса;
- мемлекеттік қызметші болып табылмаса;
- Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына қарсы 3 (үш) жыл ішінде болып табылмаса;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайтын болса және оның Директорлар кеңесіне сайлануына қарсы 3 (үш) жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған болса тәуелсіз деп танылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуелсіз директорлары көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

Басқарма мүшелері, Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

2017 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес, келесі құрамында көрсетілді:

- Мамин Асқар Ұзақбайұлы – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары – Директорлар кеңесінің Төрағасы;
- Алпысбаев Қанат Қалиұлы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы;
- Адамас Илькявичюс - «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау және арнайы жобалар бойынша басқарушы директоры (Жалғыз акционер мүдделеріне өкілдік етуші);
- Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы – Активтерді оңтайландыру бойынша басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі (Жалғыз акционер мүдделеріне өкілдік етуші);
- Кристиан Кун (Christian Kuhn) - Тәуелсіз директор;
- Сыздықов Тито Уахапұлы - Тәуелсіз директор;
- Святов Серік Аманжолұлы - Тәуелсіз директор;
- Вильгельм Бендер (Wilhelm Bender) - Тәуелсіз директор.

2017 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі 8 мүшеден құралды, олардың 4-еуі тәуелсіз директор болды.

МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы

1965 жылы дүниеге келген. Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын «инженер-құрылысшы, экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек қызметін «Целинтяжстрой» трестінде монтаждаушы болып бастады. Қазақстанның Инновациялық кәсіпорындар одағының бас директорының орынбасары болып жұмыс істеген.

1996-2008 жылдары – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, көлік және коммуникациялар вице-министрі, индустрия және сауда бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі.

2008 жылғы сәуірден бастап 2016 жылғы қыркүйекке дейін – Басқарма Төрағасы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2016 жылғы қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары.

2016 жылғы қазаннан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компаниялардың, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2008 жылғы 4 сәуірде сайланды.

АЛПЫСБАЕВ ҚАНАТ ҚАЛИҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқармасының Төрағасы,
Директорлар кеңесінің мүшесі

1972 жылы дүниеге келген. Алматы темір жол көлігінің инженерлер институтын, Кентукки университетін (АҚШ), Мәскеу халықаралық бизнестің жоғарғы мектебін тәмамдаған. Магистр ғылыми дәрежесіне ие.

1994 жылдан бастап 2002 жылға дейін Тың темір жолдары кәсіпорындарында, «Қазақстан темір жолы» РМК-да, әртүрлі бейіндегі акционерлік қоғамдарда жұмыс істеді.

2002-2003 жылдарда - қаржы және басқару жөніндегі директор, «Эйр Астана» ЖАҚ-тың қаржы және ақпараттық технологиялық жөніндегі вице-президенті.

2005 жылғы қарашадан бастап 2008 жылғы маусымға дейін – «Дженерал Электрик» корпорациясы филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры.

2008 жылдан 2012 жылға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті.

2013 жылғы қаңтардан бастап 2014 жылғы желтоқсанға дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың логистика жөніндегі вице-президенті.

2014 жылғы желтоқсаннан бастап 2016 жылғы сәуірге дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ вице-президенті.

2016 жылғы 29 сәуірден бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ операциялық қызметін үйлестіру жөніндегі вице-президенті.

2016 жылғы 15 қыркүйектен бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті.

АДАМАС ИЛЬКЯВИЧЮС

"ҚТЖ" ҰК" АҚ Директорлар кеңесіндегі Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

1975 жылы дүниеге келген. Өзінің мансабын 1996 жылы Digital Equipment Corporation (DEC) компаниясынан бастап, Compaq (DEC ізін басушы) компаниясында жалғастырды.

2001 жылдан бастап 2008 жылға дейін технологиялық нарықта көшбасшы болып табылатын HP, Siemens және IBM сияқты компанияларда басшы қызметтерді иеленді, сонымен қатар жеке, мемлекеттік және коммерциялық емес секторлардағы халықаралық ұйымдарда кеңесші ретінде жұмыс істеді.

2008 жылдан бастап 2013 жылға дейін ENRC BTS бас директоры болды.

2013 жылдан бастап - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-тың Бизнесті трансформациялау жөніндегі бас директоры, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың трансформациялау және арнайы жобалар жөніндегі басқарушы директоры.

Литва Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2014 жылғы 1 тамызда сайланды

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ БЕРІК ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ

"ҚТЖ" ҰК" АҚ Директорлар кеңесіндегі Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі

1966 жылы дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдады. Экономика ғылымдарының докторы.

Еңбек қызметін 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы болып бастады.

Осыдан кейін 1995 жылдан бастап 2006 жылға дейін әртүрлі банктік құрылымдарда еңбек етті.

2006 жылдан бастап 2009 жылға дейін «Astana Capital Investment Group» инвестициялық компаниясының Бас директоры болды.

2009 – 2012 жылдары – «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы.

2012 жылдан бастап осы уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, Бизнесті дамыту жөніндегі Бас директоры – Басқарма мүшесі, Активтерді оңтайландыру бойынша басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2016 жылғы 5 шілдеде сайланды.

СЫЗДЫҚОВ ТИТО УАХАПҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

1948 жылы дүниеге келген. Семей зоотехникалық-ветеринарлық институтын, Павлодар университетін тәмамдаған. Салалар мен әлеуметтік саладағы экономика және менеджмент бойынша ғылымдардың магистрі. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Шамамен он жыл бойына Тито Сыздықов Павлодар облысының шаруашылықтарында еңбек етті. Совхозды басқарды, ал осыдан кейін көптеген жылдар бойы жауапты партиялық және кеңестік лауазымдарға сайланды.

1997 жылдан бастап 1999 жылға дейін Павлодар облысының Ақсу қаласының әкімі болып жұмыс істеді.

1999 жылы Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

2012 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2012 жылғы 2 қазанда сайланды.

СВЯТОВ СЕРІК АМАНЖОЛҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

1954 жылы дүниеге келген. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдады. Экономика ғылымдарының докторы, профессор. Өзінің еңбек қызметін 1976 жылы ғылыми-оқытушылық қызметтен бастады.

1986 жылдан бастап 1991 жылға дейін Қазақстан КП Алматы облыстық комитетінде, Қазақстан КП ОК, Президент аппаратында ҚазКСР Министрлер Кабинетінде әртүрлі лауазымдарда еңбек етті.

1991 жылдан бастап 2004 жылға дейін Қазақстанның жетекші коммерциялық банктерінде Басқарма Төрағасының орынбасары, Бірінші орынбасары лауазымдарында еңбек етті.

2004 жылдан 2006 жылға дейін – «АТФ Банк» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

2006 жылдан 2012 жылға дейін – «Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін - «ForteBank» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Нархоз Университеті» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2016 жылғы 5 шілдеде сайланды.

ВИЛЬГЕЛЬМ БЕНДЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Доктор Вильгельм Бендер құқықты және экономика ғылымдарын зерттеді, құқықтың Докторлық дәрежесіне ие.

1974 жылдан бастап 1984 жылға дейін, ол Deutsche Bahn AG компаниясының әртүрлі лауазымдарын иеленді.

1990 жылы Schenker (Шенкер) халықаралық көліктік компаниясының Басқарма Төрағасы болды, ал кейінірек Schenker-Rhenus (Шенкер – Ренус) компаниясының Басқарма мүшесі және Schenker-Waggon-undBeteiligungsAG компаниясы Басқармасының Төрағасы болды.

1993 жылғы қаңтардан бастап 2009 жылғы тамызға дейін, Доктор Вильгельм Бендер Fraport AG Басқарма Төрағасының лауазымын иеленді және CEO (Бас директоры) Fraport Group болды. Бұдан бөлек, доктор Бендер Advent International тікелей инвестициялар бойынша жеке компаниясындағы, сонымен қатар NortonRoseFulbright заңгерлердің халықаралық әріптестігінде Бас кеңесшісі болып табылады; TheGermanyFunds Директорлар кеңесінің мүшесі (Нью Йорк/Бостон, АҚШ).

Германия азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2016 жылғы 5 шілдеде сайланды.

КРИСТИАН КУН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

1965 жылы дүниеге келген.

Қызметін Ганновер Университетінде ТЖ тасымалдау, құрылыс және операциялық қызмет институтының ғылыми қызметкері болып бастады, Ганновер Университетінде ғылымдар докторы (техника ғылымдарының кандидаты) - 1992 – 1996;

Deutsche Eisenbahn Gesellschaft GmbH (DEG) - жоба жетекшісі, жүк тасымалдары бойынша бөлім басшысы - 1996 – 1999;

Connex (Veolia group), 1996 – 2005;

Connex Cargo Logistics GmbH (CCL) - Connex Cargo Logistics (CCL) Басқарушы директоры - 2000 – 2005;

Industriebahn-Gesellschaft Berlin GmbH (IGB) және Niederbarnimer Eisenbahn AG (NEB) – IGB Басқарушы директоры және NEB Басқарма мүшесі - 1998 – 2005;

Deutsche Bahn AG – Басқарма мүшесі, Басқарушы Директор - 2005 – 2009;

Stinnes Freight Logistics/Railion Deutschland AG Болат құю және көмір өнеркәсібінің бөлімшесі – болат құю және көмір өнеркәсібінің басшысы - 2005 – 2009;

2009 жылдан бастап 2016 жыл аралығында халықаралық логистикалық компанияларда әр түрлі басқарушы лауазымдарды атқарған, сонымен қатар т/ж және логистика саласында компанияларда тәуелсіз кеңесші және тәуелсіз директор ретінде жұмыс істеген.

Германия азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және Компания бәсекелестерінің акцияларына ие емес. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына алғаш рет 2014 жылғы 1 тамызда сайланды.

Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпарат

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында Компания қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты.

2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Директорлар кеңесінің 8 отырысы өткізілді, **136 мәселе** қарастырылды, олардың ішінде:

- Директорлар кеңесіне қатысты – 9;
- Басқармаға қатысты – 7;
- трансформацияға қатысты – 10;
- өндірістік-экономикалық сипаттағы – 32;
- кадрлар – 13;
- мәмілелер – 7;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы есептерге
- қатысты – 33;
- басқа мәселелерге қатысты – 25.

Есептік кезең үшін Директорлар кеңесінің шешімдерімен келесі негізгі мәселелер бекітілді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2017 және 2018 жылдарға арналған Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру бойынша Жол карталары.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Салық есептік саясаты.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2017-2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың акционерлерінің болжалдарын іске асыру бойынша 2017-2022 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Іс-шаралар жоспары.
- «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ Жарғысына толықтыру.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жай акцияларын орналастыру мәселесі.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2016 жылға арналған жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігі (алдын ала);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік баспанасын ұсыну қағидалары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекел-аппетитін, тәуекел-төзімділігін, басты тәуекел көрсеткіштерін және «ҚТЖ» ҰК» АҚ шоғырландырылған деңгейдегі тәуекел-аппетитін анықтау қағидалары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы және басты тәуекел көрсеткіштері және «ҚТЖ» ҰК» АҚ басты тәуекелдеріне төзімділік деңгейлері;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та CEO-1 және BoD-1 лауазымдық деңгейін сипаттау;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының мүлкін өткізудің типтік бірыңғай қағидалары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметі туралы қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ кредиттік тәуекелдің жасыл аймағына шығару бойынша іс-шаралар жоспары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018 жылға арналған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020 жылға дейінгі орталық аппаратының ауыспалылық жоспары (стратегиялық кадрлық резервтің);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы қағидасы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылға арналған жұмыс жоспары.

Бұдан бөлек, Компанияның ағымдағы қызметі бойынша құрылымдық бөлімшелердің есептері тыңдалды.

Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерді орындау:

31 жылғы ахуал бойынша жыл басынан бері Директорлар кеңесімен барлығы **136 мәселе** қарастырылды, олар бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен **132 тапсырма** берілді, олардың ішінде:

- орындалды – 116 тапсырма немесе – 88%;
- орындалу сатысында – 16 тапсырма немесе – 12%,
- орындау мерзімі кешіктірілген тапсырмалар – жоқ.

Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында, Директорлар кеңесінің жанында төрт комитет қалыптастырылды: Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитет, Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет және Аудит жөніндегі комитет. Директорлар кеңесі Комитеттерінің Төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

2017 жылы жалпы алғанда Директорлар кеңесі Комитеттерінің 31 отырысы өткізілді, оларда әрбір комитеттің құзыретіне сәйкес, сонымен қоса Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын және тиісті ұсынымдары дайындалған 221 мәселе қарастырылды және талқыланды.

Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады. Комитет тәуелсіз директорлыққа үміткерлерді, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны Қоғамның ішкі құжаттарының ережелерін ескерумен сайлау немесе тағайындау; Компанияның мақсаттарына, міндеттеріне және ағымдағы жағдайына және қызмет түрі мен ауқымы бойынша ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейіне сәйкес директорлардың, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының, Корпоративтік хатшы аппаратының тиісті сыйақысы; директорлардың, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының сыйақыларының құрылымдалған және ашық жүйесін енгізу мәселелері бойынша ұсынымдарын әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну мақсатында құрылған.

Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитет құрамы:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы (№8 хаттама) шешімімен Ко-митеттің келесі құрамы сайланды:

- **Сыздықов Т.У.** – Аға тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
- **Святов С.А.** – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- **Бейсенғалиев Б.Т.** –Жалғыз акционер мүдделеріне өкілдік етуші, Комитет мүшесі.

Отырыстардың саны және оларға Комитет мүшелерінің қатысуы:

2017 жылы Кадрлар және сыйақылар мәселелері жөніндегі комитетімен 44 мәселе қарастырылған, 8 бетпе-бет отырыс өткізілді.

Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады. Комитеттің құзыреттеріне: Қоғамның стратегиялық және инновациялық саясатын әзірлеу; инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында Қоғам қызметін реформалау бойынша ұсынымдарын дайындау; Қоғамның ғылыми-техникалық және инновациялық салаларының жай-күйін талдау негізінде Қоғамның инновациялық қызметін ынталандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсынымдарын дайындау; инвестициялық жобалардың келесі түрлерін алдын ала қарастыру және іске асырылуына бақылау жүргізу кіреді.

Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитеттің құрамы:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы шешімімен (№8 хаттама) Комитеттің келесі құрамы сайланды:

- **Кун К.** – Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
- **Святов С.А.** - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- **Бендер В.** - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- **Илькявичюс А.** - Жалғыз акционер мүдделеріне өкілдік етуші, Комитет мүшесі.

Отырыстар саны және оларға Комитет мүшелерінің қатысуы:

2017 жылы Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитетпен 105 мәселе қарастырылған 9 отырыс өткізілді.

Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады. Комитеттің құзыреттеріне: істердің күйін, тәуекелдерді талдау және ең бастысы темір жол көлігіндегі қозғалыс, қауіпті жүктерді тасымалдау, темір жол көлігімен байланысқан штаттан тыс жағдайлары мен апаттардың туындауын ескерту және салдарын жою аспектілеріндегі Қоғам қызметінің қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсынымдарын дайындау; Қоғамның қоршаған ортаны қорғау бойынша саясатын – табиғат жүйелеріне әсерін минимумдау, ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық, энергияны және материалдарды үнемдейтін технологияларды қолдану, экологиялық қолайлы өнімдерді құру, қалдықтарды минимумдау, қайта өңдеу және жоюға бағдарланған тұрақты даму құрамдаушысы ретінде әзірлеу кіреді.

Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің құрамы:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы шешімімен (№8 хаттама) Комитеттің келесі құрамы сайланды:

- **Бендер В.** – Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
- **Кун К.** – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- **Сыздықов Т.У.** - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Отырыстар саны және оларға Комитет мүшелерінің қатысуы:

2017 жылы Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетімен 20 мәселе қарастырылған 6 отырыс өткізілді.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады. Комитет Директорлар кеңесінің құзыреттеріне жатқызылған немесе Директорлар кеңесімен Қоғамның атқарушы органының қызметін бақылау тәртібінде зерттелетін мәселелерді тереңдетіп пысықтау және Директорлар кеңесіне және Қоғамның атқарушы органына қажетті ұсынымдарын әзірлеу үшін құрылған.

Аудит жөніндегі комитет Қоғамның мүдделері тұрғысынан әрекет етеді және оның жұмысы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу (сонымен қоса қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығын), ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігін, сонымен қатар корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылаудың тиімді жүйесін орнату бойынша ұсынымдарын шығару арқылы Қоғамның Директорлар кеңесіне жағдай жасауға бағытталған.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы шешімімен (№8 хаттама) Комитеттің келесі құрамы сайланды:

- **Святов С.А.** – Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
- **Сыздыков Т.У.** - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- **Бендер В.** - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Отырыстар саны және оған Комитет мүшелерінің қатысуы:

2017 жылы Аудит жөніндегі комитетпен 52 мәселе қарастырылған 8 отырыс өткізілді.

2017 жыл үшін Аудит жөніндегі комитетпен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне толық қабылданған 40 ұсыным берілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Компаниямен өзара әрекеттестігі

2017 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғаммен бастама жасалған іс-шараларға белсенді түрде қатысты.

«Job matching» жобасы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы Комиссияның (Job matching) CEO-1 позициясындағы және CEO-2 басты позициясындағы қызметкерлердің «ҚТЖ» ҰК» АҚ нысаналы ұйымдық құрылымына көшіру үшін сәйкестілігін бағалау бойынша жұмысы басталды. Осыған байланысты, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері «Job matching» жобасы бойынша іс-шараларға, сонымен қоса CEO-1 және BoD-1 позицияларындағы Қоғамның топ менеджерлерімен бірге кездесулерге және сұхбаттасуға қатысты.

Есептік жыл үшін, Директорлар кеңесінің мүшелері «Ақтөбе рельсарқалық зауыты» ЖШС-ке барды, мұнда оларға қыздырудан соңғы прокатына дейін рельсті дайындау үрдісі көрсетілді, сонымен қатар зертханасы мен рельстермен жүргізілетін тәжірибе жұмыстары көрсетілді. Рельстерді өндіру үрдісін қарау қорытындылары бойынша кеңес өткізілді, кеңесте зауыт өкілдері Директорлар кеңесі мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.

Бұдан бөлек, Директорлар кеңесінің мүшелері ағымдағы жылғы 26 мамырдағы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Town Hall meeting қатысты, мұнда Трансформациялау және Қордың Корпоративтік орталығының «Стратегиялық холдинг – белсенді инвестор» жаңа ұйымдық моделіне көшуінің маңызды аралық қорытындылары талқыланды. Town Hall meeting кеңейтілген отырысында Тәуелсіз директор Кристиан Кун «Трансформацияның сәтті IPO қажетті жағдайлары ретінде» тақырыбында сөз сөйледі. Іс-шараға мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері шақыртылды.

Сондай-ақ, Қоғамның Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның Бас инженерімен бірге қозғалыс қауіпсіздігін мен бенчмаркингті басқару жүйелері мәселелері бойынша кездесуі («ҚТЖ» ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігінің көрсеткіштерін еуропалық темір жол әкімшіліктерінің қозғалыс қауіпсіздігінің көрсеткіштерімен салыстыру);
- ДК және оның комитеттерінің отырыстарының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша даулы сәттерді талқылау бойынша жұмыс топтарының отырыстары сияқты бірқатар жұмыс кездесулері өткізілді.

2017 жылғы 4 тоқсанда Директорлар кеңесінің мүшелері «Директорлар кеңесінің тиімділігі» және «Ашықтығы» бойынша семинарларға қатысты.

Корпоративтік хатшы Аппаратының қызметі

Корпоративтік хатшы туралы Ережеге сәйкес, Корпоративтік хатшы лауазымы Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларымен Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруды кепілдейтін корпоративтік басқару ережелері мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

Корпоративтік хатшы өзінің қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне есепті және Қоғамның атқарушы органынан тәуелсіз.

Корпоративтік хатшымен өзінің функцияларын орындауын қамтамасыз ету үшін Қоғамда Корпоративтік хатшы Аппараты құрылды. Аппарат Қоғамның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2017 жылы Корпоративтік хатшының Аппаратымен Директорлар кеңесінің 8 бетпе-бет отырысын және Директорлар Кеңесінің комитеттерінің 31 отырысын ұйымдық дайындауы жүргізілді.

Есептік кезең үшін корпоративтік хатшының Аппаратымен Қоғамның Директорлар кеңесіне/құрылымдық бөлімшелерінің комитеттеріне Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару және корпоративтік басқаруды реттейтін Қоғамның ішкі құжаттары саласындағы заңнамасына сәйкестілігіне қарастыруына ұсынылатын материалдардың талдауы қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, 2017 жылы Корпоративтік хатшы және Корпоративтік хатшы Аппаратының қызметкерлері корпоративтік басқару мәселелері, трансформациялау бағдарламалары бойынша кеңестеріне және «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының кеңестеріне қатысты.

Жалпы алғанда есептік кезең үшін Корпоративтік хатшы және Корпоративтік хатшы Аппаратының жұмысшылары «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі құжаттарымен қарастырылған міндеттері мен функциялардың кең шеңберін, сонымен қоса Директорлар кеңесінің тиімді қызметін, сонымен қатар Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер және «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы арасында нақты және тиімді өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етті.

Басқарма

Басқарма Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзыреттеріне Заңмен, немесе Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және Жарғымен Компанияның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыреттеріне жатқызылмаған Компания қызметінің барлық мәселелерін шешу жатқызылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына сәйкес, Басқарманың сандық құрамын, уәкілеттіліктер мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың уәкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құзыреттеріне жатқызылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша әрекет етуші құрамы:

1. Алпысбаев Қанат Қалиұлы – Басқарма Төрағасы («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 15.09.2016 жылғы шешімі, №9 хаттама);
2. Имашев Ерік Еркінұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 26.05.2016 жылғы шешімі, №6 хаттама);
3. Елубаев Санжар Бақытұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ 09.02.2017 жылғы шешімі, №1 хаттама);
4. Сұлтанов Арман Тұрлыханұлы – Басқарма

мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ 09.02.2017 жылғы шешімі, №1 хаттама);

5. Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 19.03.2013 жылғы шешімі, №2 хаттама. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 17.03.2016 жылғы шешімімен, №3 хаттама, уәкілеттіліктері ұзартылды);

6. Мәдиев Жасұлан Хасенұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ 6.04.2017 жылғы шешімі, №3 хаттама);

7. Хасенов Рүстем Қойбағаруұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ 19.03.2013 жылғы шешімі, №2 хаттама. «ҚТЖ» ҰК» АҚ 17.03.2016 жылғы шешімімен, №3 хаттама, уәкілеттіліктері ұзартылды);

8. Ізғұлов Жарас Төкенұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 06.04.2017 жылғы шешімі, №3 хаттама);

9. Кулаков Оралхан Райханұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 06.04.2017 жылғы шешімі, №3 хаттама);

10. Қилыбай Нұрдәулет Игілікұлы – Басқарма мүшесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 06.04.2017 жылғы шешімі, №3 хаттама).

Таким образом, Правление Компании состоит из 10 членов, знания, опыт и навыки которых позволяют эффективно выполнять поставленные задачи. ■

АЛПЫСБАЕВ ҚАНАТ ҚАЛИҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

Туылған күні: 1972 жыл 31 наурыз.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1994 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын автоматтандыру, телемеханика және байланыс мамандығы бойынша бітірді.

1998 жылы Кентукки Университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірді.

2007 жылы Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебін «Іскерлік әкімшілік» мамандығы бойынша бітіріп, магистр (MBA) ғылыми дәрежесін алды.

Жұмыс өтілі:

1994 жылдан 2002 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары.

2002 жылдан бастап 2003 жылға дейін «Эйр Астана» әуекомпаниясының қаржы және менеджмент жөніндегі директоры, қаржы және ақпараттық технологиялар бойынша вице-президенті болды.

2003 жылдан 2005 жылға дейін - «Интраном» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2005-2008 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы «General Electric International Inc.» корпорациясының филиалында бизнесті дамыту жөніндегі директор болды.

2008 жылдан 2016 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ вице-президенті.

2016 жылдың 15 қыркүйегінен бастап - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» төсбелгісі (2008 ж.);
- «Құрмет» ордені (2010 ж.);
- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медаль (2011 ж.);
- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.);
- «За вклад в развитие ОСЖД» мерейтойлық құрмет грамотасы (2016 ж.).

Қосымша атқарған қызметтері:

«ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Үлестес компанияларда тиесілі акцияларының үлесі және саны: жоқ.

ИМАШЕВ ЭРИК ЕРКІНҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1976 жыл 22 сәуір.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1997 жылы Қазақ мемлекеттік заң университетін заң факультетін бітірді.

Корольдік сақтандыру институтында (Лондон, Ұлыбритания) «Сақтандыру практикасы» бойынша тағылымдамадан өтті.

Еңбек өтілі:

1994 жылдан бастап 1998 жылға дейін «Казкоммерцбанк» ААҚ құрылымында жұмыс істеді.

1998 жылдан бастап 2011 жылға дейін банк және құқық саласының ұйымдарында әкімшілік-құқықтық мәселелер бойынша түрлі басқарушылық лауазымдарда жұмыс істеді.

2013 жылдан 2016 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың сатып алу жөніндегі басқарушы директоры.

2016 жылдан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының корпоративтік қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.);
- «Құрмет» ордені (2016 ж.).

Қосымша атқарған қызметтері:

Қазақстандық қазіргі бессайыс федерациясының вице-президенті.

Үлестес компанияларда тиесілі акцияларының үлесі және саны: жоқ.

ЕЛУБАЕВ САНЖАР БАХЫТҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1975 жылы 11 қыркүйек.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1994 жылы Қазақ Мемлекеттік Әлем Тілдері Университетін ағылшын тілінен тәмамдады.

1997 жылы Қазақ мемлекеттік заң университетін «Азаматтық құқық» мамандығы бойынша бітірді.

2004 жылы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек өтілі:

2002 жылдан бастап 2006 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ транзиттік тасымалдау маркетингі бөлімінің бастығы, басқарма бастығы.

2004 жылдан бастап 2006 жылға дейін - «Транссібір Экспресс Сервис Казахстан» компаниясының бас менеджері.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін «Кеден-транссервис» АҚ-тың бірінші вице-президенті болды.

2007-2008 жылдары - «Жерорта теңізі кеме қатынасы компаниясы» компаниясының Қазақстандағы бас менеджері.

2008 жылдан бастап 2011 жылға дейін - «General Electric International Inc» корпорациясының Қазақстан Республикасындағы филиалының «Көлік» филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры.

2011 жылдан 2017 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ компаниялар тобында әр түрлі басқарушылық лауазымдар атқарған.

2017 жылдың сәуір айынан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ Логистика басқармасы төрағасының орынбасары.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.);
- «Құрмет» ордені (2015 ж.).

Қатар атқарған қызметтері:

«KTZ Express» АҚ, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ, «Бірыңғай көліктік-логистикалық компания» АҚ,и«Порт-Құрық» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы.

Үлестес компанияларда тиесілі акцияларының үлесі және саны: жоқ.

СҰЛТАНОВ АРМАН ТҰРЛЫХАНҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1976 жылы 3 наурыз.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірді.

2010 жылы Қазақ Жол қатынастары университетінің түлегі.

2016 жылы Қазақ көлік және коммуникация академиясын бітірді.

2016 жылы Cambridge International Centre (Ұлыбритания) бітірді.

Еңбек өтілі:

1999 жылдан бастап 2000 жылға дейін «AES-MARCHE» ЖШС бас директоры, директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары.

2000 жылдан 2001 жылға дейін - «Астана-энергосервис» АҚ-тың маркетинг және қоғаммен байланыс департаментінің бастығы.

2001 жылдан 2002 жылға дейін - «Қазақойл өнімдері» АҚ Астанадағы филиалының мұнай өнімдерін сату жөніндегі маркетологы.

2002 жылдан бастап 2017 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ компаниялар тобында әртүрлі басқарушылық лауазымдар атқарған.

2017 жылдың қараша айынан бастап - «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы директоры - «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 15 жыл» мерейтойлық белгі (2006 ж.);
- «Біртұтас Қазақ темір жолдарына 50 жыл» төсбелгісі (2008 ж.);
- «10 жыл Астана» мерейтойлық медалі (2008 ж.);
- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі (2011 ж.);
- «Ерен еңбегі үшін» медалі (2014 ж.); ▶

- «За вклад в развитие ОСЖД» мерейтойлық құрмет дипломы (2016 ж.).

Қатар атқарған қызметтері:

«Ремлокомотив» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қорғас» ШЫХО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Үлестес компанияларда тиесілі акцияларының үлесі және саны: жоқ.

ОРЫНБАСАРОВ БАУЫРЖАН ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1970 жылы 22 қазан.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1993 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек өтілі:

1993 жылы Батыс Қазақстан теміржолында жұмыс істей бастады.

1994 жылдан бастап 1997 жылға дейін - Қызылорда стансасында парк бойынша кезекші, Алматы-2 станциясы бойынша кезекші, Алматы жол бөлімшесінің поезд диспетчері.

1997 жылдан 2004 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» РМК-да түрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2004 жылдан 2010 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалдарында әр түрлі басқарушылық лауазымдар атқарды.

2010 жылдан бастап 2014 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ орталық аппаратында әртүрлі басқарушылық лауазымдар атқарған.

2014 жылдың ақпан айынан 2014 жылдың сәуіріне дейін - «Қазтеміртранс» АҚ Басқарма төрағасының (президенті) міндетін атқарушы.

2014 жылдан 2016 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ вице-президенті.

2016 жылдан 2017 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас инженері.

2017 жылдың сәуір айынан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының инфрақұрылым жөніндегі орынбасары.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің алғыс хаты (2004 ж.);
- «Адал еңбегі үшін» төсбелгісі (2005 ж.);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің алғыс хаты (2008 ж.);
- «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» төсбелгісі (2008 ж.);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің алғыс хаты (2010 ж.);
- «Достық – Алашанькоу темір жолдарының түйіскеніне 20 жыл» мерейтойлық медалі (2010 ж.);
- «Почетный железнодорожник» белгісі (2010 ж.);
- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі (2011 ж.);
- «Құрмет» ордені (2011 ж.);
- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.);
- «За вклад в развитие ОСЖД» мерейтойлық құрмет дипломы (2016 ж.);
- «Парасат» ордені (2016 ж.).

Қатар атқарған қызметтері:

«Трансгелеком» АҚ, «Теміржолсу» АҚ, «Камқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы.

Үлестес компанияларда тиесілі акцияларының үлесі және саны: жоқ.

МАДИЕВ ЖАСЛАН ХАСЕНҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1983 жылы 13 маусым.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

2004 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірді, әлемдік экономика және халықаралық қаржы саласындағы маман.

2007 жылы Колумбия университетінің Халықаралық қатынастар және мемлекеттік басқару мектебін бітірді, мемлекеттік басқару магистрі (MPA) - экономикалық саясатты басқару («Болашақ» бағдарламасы) мамандығы бойынша бітірді.

2016 жылы Массачусетс технологиялық инсти-

тутын (MIT), Sloan Business School бітірді, Іскерлік басқару магистрі (MBA).

Еңбек өтілі:

2004 жылдан 2006 жылға дейін - «Альянс Банк» АҚ борыштық бағалы қағаздар бөлімінің маманы, жетекші маманы, бас маман, бөлім бастығы.

2007 жылы - бағалы қағаздар мен облигацияларды сату департаменті, «Morgan Stanley» инвестициялық банкі (Лондон).

2007 жылдан 2008 жылға дейін - «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері.

2008 жылы Президент Әкімшілігінің Стратегиялық зерттеулер және талдау орталығының сарапшысы болды.

2008 жылдан 2009 жылға дейін - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қазынашылық департаментінің директоры.

2009 жылдан 2010 жылға дейін - «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2010 жылдан бастап 2011 жылға дейін тәуелсіз директор, «Ұлар-Үміт» ЖЗҚ АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Жетісу» ООИППА.

2010 жылдан 2014 жылға дейін - «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар және активтерді басқару жөніндегі директорының орынбасары.

2014 жылдан 2015 жылға дейін - «Ұлттық инвестициялық корпорация» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2016 жылдан 2017 жылға дейін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі.

2017 жылдың сәуір айынан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ Басқарма төрағасының қаржы жөніндегі орынбасары.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі (2011 ж.);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының алғыс хаты.

Қатар атқарған қызметтері: «Жолаушылар тасымалы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Үлестес компанияларға тиесілі акциялардағы саны мен үлесі: жоқ.

ХАСЕНОВ РУСТЕМ ҚОЙБАҒАРҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1962 жылы 4 тамыз.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1984 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін заң мамандығы бойынша бітірді.

2011 жылы Britannica Business Solutions (Сингапур) корпоративтік басқару және құқық мамандығы бойынша бітірді.

2012 жылы Transeuropean Center Limited (Лондон, Ұлыбритания) мамандығы бойынша бітірді. Халықаралық шарттық құқық. Халықаралық арбитраж. Келісімдердің құқықтық сараптамасы - британдық тәжірибе.

2014 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін MBA - International Business мамандығы бойынша тәмамдаған.

2014 жылы Еуропалық университетті MBA мамандығы бойынша бітірді, Іскерлік әкімшілік магистрі дәрежесін алды.

Еңбек өтілі:

1984 жылы Көкшетау ҚІІБ-да жұмыс істей бастады.

1986 жылдан 1991 жылға дейін Қазшаруашылық-сауда базасы, Көкшетау облыстық атқару комитеті, Көкшетау облыстық Агроөнеркәсіп комитеті сияқты ұйымдарда жұмыс істеді.

1991-1997 жылдары - Көкшетау облыстық агроөнеркәсіптік комитетінің заң бөлімінің бастығы.

1997 жылдан 2003 жылға дейін коммерциялық құрылымдардағы заң бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

2003 жылдан бастап 2006 жылға дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің бас маманы, бөлім бастығы, заң бөлімінің меңгерушісі лауазымдарын атқарды.

2006-2008 жылдары - Астана қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі.

2008 жылдан 2016 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры.

2016 жылдан 2017 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК »АҚ құқықтық қамтамасыз ету және талап ету департаментінің директоры.

2017 жылғы 11 желтоқсаннан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «10 лет Конституции» мерейтойлық медаль (2005 ж.);
- «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» төсбелгісі (2008 ж.);
- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медаль (2011 ж.);
- «Құрмет» ордені (2014 ж.);
- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.);
- «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерейтойлық медаль (2015 ж.);
- «ҚТЖ» ҰК »АҚ Президентінің атаулы сағаты (2015 ж.).

Үлестес компанияларға тиесілі акциялардағы саны мен үлесі: жоқ.

ІЗҒҰЛОВ ЖАРАС ТӨКЕНҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1971 жылы 28 қыркүйек.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1995 жылы Самара темір жол көлігі инженерлері институтын бітірді.

2009 жылы Алматы экономика және статистика академиясын бітірген.

Еңбек өтілі:

1995 жылдан 1998 жылға дейін Батыс Қазақстан теміржолының Атырау филиалының пойыз компиляторының көмекшісі болып жұмыс істеді. Инженер, станция бастығының орынбасары, Маңғышлақ станциясының бастығы, Атырау тасымалдау бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары, Атырау тасымалдау бөлімшесінің бастығы, «Инфрақұрылым» ЕМК филиалының директоры – «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Атырау тасымалдау бөлімшесі» филиалының директоры.

2005 жылдан бастап 2015 жылға дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақтөбе жол бөлімшесі» филиалының директоры.

2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры.

2017 жылғы 24 наурыздан бастап - «ҚТЖ «ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының атқарушы директоры.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Құрмет» ордені (2012 ж.);
- «Почетный железнодорожник» белгісі (2004 ж.);
- «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медаль (2005 ж.), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медаль (2011 ж.);
- Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаты (2009 ж.).

Қатар атқарған қызметтері:

«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС-тың Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Үлестес компанияларға тиесілі акциялардағы саны мен үлесі: жоқ.

КУЛАКОВ ОРАЛХАН РАЙХАНҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1964 жылы 17 тамыз.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1986 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын көлік менеджменті мамандығы бойынша бітірді.

2010 жылы экономика ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Еңбек өтілі:

Еңбек жолын 1986 жылы Алма-Ата темір жолының Алматы бөліміндегі Ақтоғай станциясында кезекші ретінде бастаған.

1989 жылдан бастап 2005 жылға дейін теміржол диспетчері, станцияның бас инженері, Семей темір жолының экономика және қаржы басқармасының бастығы, «Қазақстан темір жолы» РМК Корпоративтік көліктік қызмет көрсету орталығының бастығы, Жаңасемей станциясының бастығы, «Корпоративтік көліктік қызметтер орталығы» ЕМК Алматы филиалының директоры, «Көлік қызметтері орталығы» ААҚ вице-президенті болды.

2005 жылдан 2008 жылға дейін - «Қазақстан

темір жолы» ҰК» АҚ Көліктік дирекциясының басқарушы директоры.

2008 жылдан 2011 жылға дейін - «Көлік қызметтері орталығы» АҚ Президенті.

2011 жылдан 2012 жылға дейін - «Ұлттық көліктік логистиканы дамыту орталығы» АҚ Президенті.

2013 жылдан 2014 жылға дейін - «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың «Тасымалдау процесі дирекциясы» филиалының директоры.

2014 жылдан 2016 жылға дейін - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директоры, пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директоры.

2016 жылдан 2017 жылға дейін - «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы.

2017 жылғы 24 наурыздан бастап - «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы директоры - «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ Басқарма Төрағасы.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Почетный железнодорожник» белгісі (2007 ж.);
- «Құрмет» ордені (2008 ж.).

Қатар атқарған қызметтері:

«Қазтеміртранс» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Үлестес компанияларға тиесілі акциялардағы саны мен үлесі: жоқ.

ҚИЛЫБАЙ НҰРДӘУЛЕТ ИГІЛІКҰЛЫ

Басқарма мүшесі

Туылған күні: 1978 жылы 10 сәуір.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі, соның ішінде негізгі және қосымша:

1999 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын «Инжиниринг» мамандығы бойынша бітірді.

2003 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін экономика мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек өтілі:

1999 жылдан бастап 2005 жылға дейін Атырау жол бөлімшесінің станция бойынша кезекшісі, Астана станциясының кірме жолдар бойынша жүк қабылдап тапсырушы, аға жүк қабылдап тапсырушы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық желісі дирекциясының бас маманы, бөлім бастығы.

2005 жылдан бастап 2009 жылға дейін - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және жол қатынастары комитетінің бөлім бастығы, экономика және тариф саясаты басқармасының бастығы, Көлік және жол қатынастары комитеті төрағасының орынбасары.

2009 жылдан 2010 жылға дейін - «Вокзал-Сервис» АҚ Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың жолаушылар тасымалы жөніндегі басқарушы директоры.

2010 жылдан бастап 2011 жылға дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және жол қатынастары комитетінің төрағасы.

2011 жылдан бастап 2012 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің кеңесшісі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Маңғыстау жол бөлімшесі» филиалының директоры.

2012 жылдан бастап 2013 жылға дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және жол қатынастары комитетінің төрағасы.

2013 жылдан бастап 2017 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ компаниялар тобында түрлі басқарушылық лауазымдарды атқарған.

2017 жылғы 22 қарашадан бастап - «Теміржолсу» АҚ Президенті.

Мемлекеттік және салалық марапаттаулары:

- «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» (2006 ж.), «Ерен еңбегі үшін» (2013 ж.) медальдары;
- «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» төсбелгісі (2008 ж.);
- «Қазақстан темір жолына 110 жыл» естелік белгісі (2014 ж.).

Үлестес компанияларға тиесілі акциялардағы саны мен үлесі: жоқ. ■



Басқарма жұмысы туралы ақпарат

Басқарма Даму стратегиясын іске асыру және Компанияның ағымдағы қызметі үшін жауапты.

2017 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 32 отырысы өткізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының отырыстары аясында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен және еншілес ұйымдарымен енгізілген 351 мәселе қарастырылды.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы ақпарат

Ішкі аудит қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Компаниялар тобының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау, ішкі бақылау саласындағы бағалау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консултациялауды іске асыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ органы болып табылады.

Қызмет тікелей «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кезеңіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Қызметтің жұмысына жетекшілік ету Аудит жөніндегі комитет қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарға сәйкес Аудит жөніндегі комитетімен іске асырылады.

Қызмет өз қызметін қолданылуы үшін міндетті Ішкі аудиттің кәсіптік тәжірибелерінің халықаралық негіздерін (КТХН, (IPPF)) сақтауымен іске асырады.

2017 жылы Ішкі аудит қызметімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 16.11.2016 жылғы №12 шешімімен бекітілген 2017 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарымен қарастырылған 20 аудиторлық тексерістерді өткізумен, барлық 14 аудиторлық тапсырмасы орындалды.

Аудитпен инвестициялық жобалар, негізгі қаражаттардың сақтандылығы, сатып алу, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік сияқты басты бизнес-үрдістері қамтылған, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық тұрақтылығына талдауы жүргізілді, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау, «ҚТЖ» ҰК» АҚ бизнесті трансформациялаудың аудиті жүргізілді.

Осылайша, Ішкі аудит қызметінің ресурстары «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасына сәйкен жоғары және орта маңыздылықтағы тәуекелдері тән оның еншілес ұйымдарының бизнес-үрдістері мен қызметінің бағыттарына шоғырландырылған. Сондай-ақ, рейтинг өлшемдерін және тәуекелдер тобын анықтау дұрытылығының саналылығын растау, сонымен қатар аудиттің ішкі қамтылуын қамтамасыз ету үшін аудитке Тәуекелдер картасымен қарастырылмаған (фактор – тәуекелге ұшырағыштық) және тәуекелдердің төмен маңыздылығы бар бизнес-үрдістері ұшыратылды.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметімен 304 ұсынымы берілді, бұл орайда орындалмау тәуекелдері «ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджментімен қабылданбаған 2 ұсынымы аудит объектісімен қабылданған жоқ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі Саясатына сәйкес, Ішкі аудит қызметімен аудит объектілерімен түзетуші әрекеттер жоспарларын қабылдау қамтамасыз етілді, олардың орындалуын мониторингтеу тоқсан сайынғы негізде іске асырылады. ▶

Ішкі аудит қызметімен тұрақты негізде өзінің қызметін бұдан әрі жетілдіру бойынша әдіснамалық жұмысы өткізілді, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемелері әзірленді және бекітілді.

Есептік жылда Ішкі аудит қызметінің жұмысшылары ішкі аудит және бақылау, бухгалтерлік есеп, ҚЕХС, басқару негіздері және ақпараттық технологиялар саласындағы біліктілікті арттыру және сертификаттау курстарынан өтті. Яғни, «Дипломды ішкі аудитор (CIA)» халықаралық біліктілігін алуы үшін екі жұмысшымен 1-ші бөлігі бойынша және бір жұмысшымен 2-ші бөлігі бойынша емтихандары тапсырылды.

Ішкі аудит қызметінің нәтижелері тоқсан сайынғы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2017 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» «Pwc» ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративтік басқару жүйесіне, сонымен қоса Ішкі аудит қызметінің жұмысымен байланысқан мәселелеріне диагностикалау жүргізілді, оның қорытындылары бойынша Ішкі аудит қызметінің жұмысын бұдан әрі жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсынымдары берілді.

Компанияның лауазымды тұлғаларының сыйақылары

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлеріне жылдық жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыларды төлеу Басшы қызметкерлерге, Корпоративтік омбудсмен аппаратының қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшы аппаратының қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 шілдедегі (№5 хаттама) шешімімен бекітілген комплаенс-қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы төлеу ережелеріне, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 5 қазандағы (№02/24 хаттама) шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ әкімшілік және басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы төлеу ережелеріне сәйкес іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген Ережелер келесі қағидаларға негізделеді:

- сыйақы «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен өзара байланысты болуы керек;
- сыйақының көлемі «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің нәтижелері мен қызметкерлердің жұмысының нәтижелігіне тәуелді болуы керек.

Бұл орайда, сыйақыны төлеу үшін негізгі талабы сыйақыны төлеу үшін жоспарланған сомасын ескерумен есептелген, есептік кезең үшін шоғырландырылған қорытынды пайдасының болуы болып табылады.

Басшы қызметкерлерге сыйақыны төлеу туралы шешім «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың басқарушы Басқармасымен қабылданады.

Сыйақыны есептеу кезінде әрбір лауазым үшін қызметтің корпоративтік жеке басты көрсеткіштері бойынша жоспарының орындалуы ескеріледі және тиісті лауазым бойынша нақты атқарылған уақытына тепетең есептеледі.

2017 жыл ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне жалпы сомасы 155 742 мың теңге сыйақы төленді. Сыйлықақыларды және өзге бонустарды төлеу жүзеге асырылған жоқ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма мүшелеріне 2017 жыл ішінде жалпы сомасы 249 615 мың теңгеге сыйақы, соның ішінде 245 мың теңге сомасына сыйлықақылар және 98 821 мың теңге сомасына бонустар төленді. ■

Корпоративтік басқару кодексінің және Іскерлік этика кодексінің талаптарының сақталуы туралы ақпарат

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларына сәйкестілігі туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 22/15 шешімімен, дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы Қорға қолданылуы үшін міндетті корпоративтік стандарты ретінде тиесілі заңды тұлғаларға арналған Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына, Қазақстанда және әлемде дамып келетін корпоративтік басқару тәжірибесін ескерумен, Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 17 қыркүйектегі №113 хаттамасы) бекітілген Қорды трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарас-тырылған ерекшеліктерді ескерумен қолданылады.

Кодекстің мақсаты Қорда және ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қордың және ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын сақтауға бейілділігін растау болып табылады.

Кодексте сәйкес Кодекс ережелерінің орындалуын бақылау «ҚТЖ»ҰК»АҚ Директорлар кеңесіне жүктеледі. Сондай-ақ Кодекс ережелеріне сәйкес Корпоративтік хатшы мониторингтеуді жүргізеді және Директорлар кеңесіне Кодексте тиісті сақтау мәселелері бойынша кеңес береді, сонымен қатар жыл сайынғы негізде оның қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындайды.

Қор және ұйымдар осы Кодекс ережелерін сақтауы керек, сәйкессіздік жағдайында жылдық есептеме әрбір ереженің сақталмау себептері туралы түсініктемесін көрсетуі керек. Директорлар кеңесі жеке себептері бойынша осы Кодекстің жеке ережелерінің қолданылмайтындығы немесе сақтау мүмкінсіздігі туралы қорытынды жасай алады.

Осы Кодекс ережелерін сақтамау жағдайлары Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқаруды бұдан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдерін қабылдауымен тиісті комитеттер мен директорлар кеңесінің отырыстарында мұқият қарастырылуы керек.

Кодекс ережелеріне сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік хатшы аппаратымен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 3 мамырдағы №2 хаттама) оның қағидаларымен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есебі дайындалды (70-85 бет. қар.)

Осы есептің пішіні Кодекс сияқты дәл сондай құрылымы мен егжей-тегжейлік деңгейіне ие. Кодекстің алғашқы екі тарауы өзіндік сипатына ие және Қорды басқару ерекшеліктерін, Қор және ҚР Үкіметі арасындағы өзара әрекеттестікті сипаттайтындықтан, олар осы есепте өзінің бейнесін тапқан жоқ, өйткені «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қолданылмалы емес. Осыған байланысты есеп бес негізін қалаушы қағидалары бойынша құралды:

- Акционерлердің құқықтары мен акционерлерге әділ қатынас;
- Директорлар кеңесінің тиімділігі;
- Тұрақты даму;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- Ашықтық.

Әрбір бөлімі келесі құрылымына ие:

- Корпоративтік басқару кодексінің ережелері;
- Кодекстің тиісті ережелеріне қатысты Компаниядағы ағымдағы жағдайларды сипаттау;
- сәйкестілік деңгейі («сақталады» / «ішінара сақталады» / «сақталмайды» / «қолданылмалы емес»).

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, тәжірибеде Қоғамда Кодекс ережелерінің 77%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің тағы да 13%-ы ішінара сақталады (себептерін түсіндірумен) және ережелердің 4%-ы осы уақытта сақталмайды. Кодекс ережелерінің 6%-ы Қоғамға қолданылмалы емес.

Есептің мазмұны және құрылымы, мүдделі пайдаланушыларға «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2017 жыл үшін Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы барынша шынайы, толық және түсінікті ақпаратпен қамтамасыз ететіндей ұсынылған.

Корпоративтік басқаруды бұдан әрі жетілдіру мақсатында, 2017 жылы «Самұрық-Қазына»АҚ алты еншілес компанияларда, сонымен қоса «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да корпоративтік басқаруды бағалау үшін диагностикалау әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалауды жұмылдырды. «PwC» компаниясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқару құрылымына және тәжірибесіне шолу нәтижесінде Компаниямен егжей-тегжейлі іс-шаралары арқылы сәйкессіздіктердің жойылуы сипатталатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ғы корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша Жоспарын ұсынды.

Осы корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралары бес бөлім бойынша корпоративтік басқару деңгейін бағалайтын Әдістемеге сәйкес топтастырылған.

Нәтижесінде тәуелсіз диагностикаға B жалпы рейтингі тағайындалды, IPO үшін оңтайлы рейтингі – BBB, акционерлердің максималды құнына арналған нысаналы рейтинг AA.

Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтау туралы ақпарат

Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізу мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 19 наурыздағы (№2 хаттама) шешімімен Компанияның Іскерлік этика кодексі бекітілді.

Көрсетілген Кодекстің мақсаты корпоративтік мәдениетті дамыту және жетілдіру, Компанияның лауазымды тұлғаларының/жұмысшыларының мүдделі тұлғалармен бірге іскерлік мінез-құлық тәжірибесін қолдану негізінде тиімді өзара әрекеттестігіне жәрдемдесу болып табылады.

Компания қызметінің қалыптастырылатын негізін қалаушы корпоративтік құндылықтары: адалдық, әдептілік, адамдарға құрметтік, өзара көмек және сенім болып табылады.

Компанияның корпоративтік мәдениетінің бұлжымас құндылықтары сондай-ақ қауіпсіздік, сапа және қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілік, тұрақты даму және өзара гүлдеу, командамен жұмыс істеу ептілігі, дамуға ашықтығы, кәсіпқойлық және өз ісіне мақтанышы болып табылады.

Көрсетілген Кодекстің әрекеті Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне таралады.

Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Кодекс ережелерін білуді тұрақты бақылау және тексеру бойынша тәжірибесі енгізілуде.

Кодекс талаптарын түсіндіру мәселелері немесе туындаған этикалық мәселелер бойынша, Кодекс талаптарының бұзылу фактілері бойынша Компанияның лауазымды тұлғалары және қызметкерлері, мүдделі тараптар:

- өздерінің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей басшыларына немесе анағұрлым жоғары деңгейдегі басшыларға;
- Корпоративтік хатшыға;

- Ішкі аудит қызметінің басшысына;
- Басқарма Төрағасына;
- Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Темір жол көлігінің персоналын бағалау және дамыту орталығымен» 2017 жылғы екінші тоқсанда Компанияның еңбек ұжымдарындағы моральдық-психологиялық климатын анықтау бойынша сауалнамасы жүргізілді.

Сауалнамаға Компанияның орталық аппаратының 20 құрылымдық бөлімшесінен 190 басшы (62,5%) және 114 маман (37,5%) қатысты.

Бұл зерттеу:

1. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатын анықтайтын негізгі көрсеткіштерді (жауапкершілік, ұжымшылдық, ауызбірлік, байланыстық, ашықтық, ұйымшылдық, ақпараттылық) анықтау;

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша Компанияның еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-психологиялық климаттың негізгі көрсеткіштері бойынша жалпы балл 8,2 құрады – бұл ұжымның дамуының кіршіксіз деңгейіне сәйкес келеді. 2016 жылы бұл көрсеткіш 7,6 баллды құрады – қолайлы деңгей.

2. Ұжымның құндылықты-бағдарланған бірлігінің дәрежесін және сипатын (еңбекке қатынасы, өндірістік-ұйымдастыру ептілігі, мінез-құлықтың және қызметтің жалпы стилі, жолдастарына қатынасы, корпоративтік құндылықтар) анықтау;

Барлық құрылымдық бөлімшелер ұжымының құндылықты-бағдарлық бірлігі деңгейінің орташа көрсеткіші 43 баллды құрады, бұл ұжымды ауызбірлік деңгейі бойынша орташа (аралық) ретінде сипаттайды.

3. Тікелей басшылар және қызметкерлер арасындағы қатынастарды (басшының құзыреттігі, оның кәсіптік шеберлігі, сақтығын, назарын және адамгершілігін білдіру ептілігі, талапшылдық, бағынышты қызметкерлермен өзара іс-қимыл жасау ептілігі) анықтау мақсатында жүргізілді.

Басшылар және бағынышты қызметкерлер арасындағы қатынастардың жоғары рейтингі Қаржылық контроллинг департаментінде, Қазынашылық департаментінде, Ақпараттық технологиялар және деректерді басқару департаментінде және Сатып алуды үйлестіру және мониторингтеу департаментінде байқалып отыр, бұл басшының бағынышты қызметкерлері арасындағы кәсіптік рейтингісі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олардың ұжымдағы қатынастары қолайлы болатыны туралы куәлайды.

Осы бағалау қорытындысы бойынша ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатына талдау жүргізілді және Компанияның орталық аппаратының әрбір құрылымдық бөлімшесіне ұжымдардағы моральдық-психологиялық климатты реттеу бойынша ұсынымдарымен кері байланыс ұсынылған.

Бұл зерттеулер, Компаниядағы Іскерлік этика кодексін іске асыру бойынша жүргізілетін жұмыс нәтижелерінің оң болып табылатынын көрсетті.

Тұрақты даму

Компанияның корпоративтік веб-сайтында «Тұрақты даму» бөлімінде орналастырылған 2017 жыл бойынша тұрақты даму саласындағы есептемені қараңыз.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2017 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есебі

Кіріспе

«Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» (бұдан әрі – Қор) акционерлік қоғамының Басқармасының шешімімен 2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 Хаттамамен дауыс беретін акцияларының(қатысу үлестерінің) жүз пайызы корпоративтік стандартты қолдануға міндетті ретінде Қорға тиесілі заңды тұлғалар үшін Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») бекітілді.

Кодекстің мақсаты Қор мен ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қордың және ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын басшылыққа алу бейілділігін растау болып табылады.

Кодекс Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына, Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 113 хаттама) бекітілген Қордың Трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Қор және ұйымдар осы Кодекстің ережелерін сақтауға, сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысының сақталмауы себептері туралы түсініктерді көрсетуге тиіс. Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша осы Кодекстің жекелеген ережелерінің қолданылмайтыны немесе оларды сақтаудың мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Қордың және ұйымдардың осы Кодексті орындауын бақылау Қордың және ұйымдардың тиісті Директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшы-лар мониторинг жүргізеді және Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органына осы Кодекстің тиісінше сақталуы мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды. Кейіннен осы есеп Директорлар кеңесінің тиісті Комитеттерінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесі бекітеді және Қордың немесе ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Осы Кодекс ережелерінің сақталмауы жағдайлары Қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдана отырып, тиісті комитеттер мен Директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралуға тиіс.

Кодекстің ережесіне сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік хатшысының аппараты оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындады.

Осы есептің форматы Кодекс секілді құрылымға және түбегейлендіру деңгейіне ие болады. Кодекстің алғашқы екі тарауы ерекше сипатқа ие болғандықтан және Қорды басқару ерекшеліктерін, Қор және ҚР Үкіметі арасындағы әрекеттестікті сипаттайтындықтан, олар осы есепте көрініс тапқан жоқ, себебі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қолданылмайды. Соған байланысты есеп бес негізін қалаушы қағидат бойынша құрастырылған, олар:

I. Акционерлердің құқықтары және акционерлермен деген әділ қарым-қатынас;
II. Директор кеңесінің тиімділігі,
III. Орнықты даму;
IV. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
V. Ашықтық;

олардың әрқайсысы келесі құрылымға ие:

- *Корпоративтік басқару кодексінің ережесі;*
- *Кодекстің тиісті ережесіне қатысты Компанияда ағымдағы жағдайды сипаттау;*
- *сәйкестік деңгейі («сақталады» / «ішінара сақталады» / «сақталмайды» / «қолданылмайды»);*

Есептің мазмұны мен құрылымы мүдделі пайдаланушыларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2017 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы барынша дұрыс, толық және түсінікті ақпаратпен қамтамасыз ете отыра ұсынылған.

Есепті дайындау кезінде сондай-ақ PwC дайындалған, корпоративтік басқару диагностикасының қорытындылары бойынша ақпарат қолданылған.

Бұдан әрі Кодекстің әрбір жеке тарауы бөлігінде негізгі тұжырымдар көрсетілген.

	Қоғамды бағалау, %	Саны
Сақталады	*77%*	*227*
Ішінара сақталады	*13%*	*37*
Сақталмайды	*3%*	*10*
Қолданылмайды	*7%*	*20*
Кодекстің қаралған ережелерінің жалпы саны		*294*



Негізгі тұжырымдар

Жүргізілген талдау қорытындыларына сәйкес, іс жүзінде Қоғамда Кодекс ережелерінің 77%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің тағы 13%-ы ішінара сақталады (себептерін түсіндіре отыра) және ережелердің 3%-ы осы уақытта сақталмайды. Кодекс ережелерінің 7%-ы Қоғамда қолданылмайды.

Жалпы есепті талдау қорытындылары бойынша анықталғаны, Қоғамда Корпоративтік басқару кодексінің негізін қалаушы қағидаттары мен ережелері сақталатынын атап өту қажет. Кодекстіңнегізгі ережелері орындалуына және Жалғыз акционердің күтулеріне сәйкес келуіне жеткілікті растау бар.

Компания практикасының Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес келуін талдаудың негізгі қорытындылары төменде көрсетілген:

1. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас



2. Директор кеңесінің тиімділігі



3. Орнықты даму



4. Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит;



5. Ашықтық



Бұдан әрі Есепте Кодекс бөлімдері бойынша тұжырымдар көрсетілген.

I. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас

Төменде Кодекс бөлімі бойынша талдау қорытындылары ұсынылған: «Акционерлердің құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас ».

Талдау қорытындылары бойынша Қоғамда осы бөлім бойынша корпоративтік басқару практикасы 67%-ға Кодекс талаптарына сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда, Компания Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

1. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас



Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары	
1.	ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционері (акцияларының 100%-ы) «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.
2.	Жалғыз акционердің құқықтары, міндеттері және айрықша құзыреті Жарғыда бекітілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді.
3.	Жалғыз акционер және инвесторлар Қоғам қызметі туралы ақпаратты соның ішінде Директорлар Кеңесінің есебінен және аудиттелген жылдық қаржылық есептіліктен құралған жылдық есеп арқылы алады. Жылдық есеп, аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік Қоғамның корпоративтік сайтында орналасады.
4.	Қоғам Жарғысының 10-бөлімі 75т. сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.
5.	Қоғам Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер құқылы: 1) Қоғамды басқаруға қатысуға; 2) дивидендтер алуға; 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға; 4) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгіну және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде уәжді жауаптар алуға және т.б.
6.	Акционерге тиісті акциялар пакетіне дивидендтер төлеу мәселелері бойынша Жалғыз акционердің және Қоғамның өзара іс-қимылдар негіздері соларға дивидендтер мөлшерін анықтау тәртібі көзделген еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Дивидендтік саясатымен реттеледі.
7.	Қоғамда Қарыз беру және инвесторлармен жұмыс жөніндегі департамент әрекет етеді, оның функцияларына инвесторлармен байланысты қолдау, Жалғыз акционердің сұрақтарына жауаптарды уақтылы және сапалы ұсынуды қамтамасыз ету енеді.

Алайда талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы 2%-ға Кодекс талаптарына ішінара сәйкес келеді. Қоғам осы сәтте төменде көрсетілген Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару практикасын Кодекс ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады.

	Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкестік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	Жалғыз акционер (қатысушы) жыл қызметінің қорытындыларын шығару және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесімен және атқарушы органмен (қадағалаушы кеңес және/немесе атқарушы орган) отырыс өткізе алады (бұдан әрі - Директорлар кеңесін тыңдау). Жалғыз акционер (қатысушы) өз құзыреті шеңберінде ұйым қызметінің мәселелерін талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен (қадағалаушы кеңес және/немесе атқарушы орган) жыл бойы тұрақты түрде кездесулер де өткізе алады.	2017 жылғы мамырда Компанияның Атқарушы органының және Қордың Атқарушы органының мүшелерімен Қоғамның Директорлар кеңесінің ресми отырыстарынан тыс 2016 жылға және 2017 жылғы бірінші тоқсанға арналған Компанияның қаржылық қорытындыларын қарастыру туралы кеңес өткізілді. Кодекс нормаларына сәйкес Жалпы жыл сайынғы жиналысты жүргізу қажет.

	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуге қатысты Қоғамға тигізетін әлеуетті келеңсіз әсері
1.	Директорлар кеңесінің ресми отырыстарынан тыс Компания басшылығы және оның Жалғыз акционері арасында жұмыстың тиімділігін талқылау Директорлар кеңесіне Компанияның Атқарушы органын сын тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермейді.

II. Директорлар Кеңесінің және Атқарушы органының тиімділігі

Төменде Кодекс бөлімі бойынша талдау қорытындылары көрсетілген: «Директорлар кеңесінің және Атқарушы органының тиімділігі».

Талдау қорытындылары бойынша осы өлім бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекс талаптарына 93%-ға сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

2. Директорлар Кеңесінің және Атқарушы органының тиімділігі



Компанияның Кодекстің талаптарына сәйкестігінің негізгі талаптары	
1.	Директорлар кеңесі стратегияны анықтауда, тәуекелдерді басқаруда, тиімділікті басқаруда жетекші рөл атқарады және барлық негізгі бизнес-шешімдерге ықпал етеді. Қоғамның ұзақ мерзімді міндеттерін айқындау мақсатында, Директорлар кеңесімен Қоғамның 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді, онда қойылған міндеттерге қол жеткізу бойынша жоспардар көрсетілген. Мұнымен бірге, Жалғыз акционердің Күтулерін орындау шеңберінде Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің Күтулерін іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекітеді.
2.	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының шешіміне сәйкес (05.07.2016 №26/16 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланған, олардың ешқайсысы бір мезгілде төрттен артық заңды тұлғалардың директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды және екіден артық директорлар кеңесінің төрағасы болып табылмайды. Қоғамның веб-сайтында орналастырылған, Директорлар кеңесінің мүшелері туралы қысқаша ақпарат Директорлар кеңесі мүшелерінің іскери дағдылары, білім деңгейі, өндірістік және өмірлік тәжірибесі Қоғам қызметінің ауқымдарына, күрделілігі мен ерекшелігіне сәйкес келетінін куәландырады. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мінсіз іскери және жеке абыройға ие. Директорлар кеңесінің 8 мүшесінен Директорлар кеңесінің 4 мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан 50%-ын құрайды, әрбір тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі және Қоғам арасында жеке келісімшарт жасалған.
3.	Директорлар кеңесімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу Бағдарламасы бекітілді (26.05.2016 №6 хаттама).
4.	Қоғам Іскерлік әдеп кодексін (бұдан әрі – «ІӘК») бекіткен (ДК 19.03.2013 №3 хаттамамен бекіткен). ІӘК Қоғамның жұмысшылары мен лауазымды тұлғаларына таралады және орындауға міндетті болып табылады. ІӘК-де бекітілген қағидаттар Қордың іскерлік әдеп қағидаттарымен келісіледі (меритократия, сыйластық, адалдық, ашықтық, сенім, командалық рух).
5.	Қоғаммен «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысшылары мен лауазымды тұлғаларында мүдделер қақтығысын реттеу бойынша саясаты бекітілді (ДК 13.09.2011 №5 хаттама бекітілді), ол мүдделер қақтығысының ұғымын, мүдделер қақтығысының ықтимал ахуалдар тізбесін айқындайды, атқарушы орган мүшелерінде және компанияның басқа жұмысшыларында іс жүзінде іске асырылатын, мүдделер қақтығысын реттеу рәсімін бекітеді.

Алайда талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы сондай-ақ Кодекс талаптарына 3%-ға ішінара сәйкес келеді және 1%-ға сәйкес келмейді. Қоғам осы сәтте төменде көрсетілген Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару практикасын Кодекс ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады:

	Кодекстің негізгі талаптарына сәйкестік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелі болуына ықпал етуге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қолжетімділікке ие болуға тиіс.	Директорлар кеңесінің отырыстарына жіберілетін кейбір материалдар толық деңгейде Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарына жауап берген жоқ. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша ұсынылатын материалдардың сапасын жақсарту жөнінде ұсынымдар берген.
2.	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процестің шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Осы процесс Қордың әдіснамасына сәйкес келуге тиіс. Бұл ретте үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз кәсіптік ұйымы тартыла отырып жүргізіледі.	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, төрағасының, директорлар кеңесі мүшелерінің және ұйымдарының корпоративтік хатшысының қызметін бағалау бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 3-бөлімі 3.3 бөлімшесі, 47т. сәйкес (14.12.2017 №44/17 хаттама) – «егер есептік кезеңде ұйымда корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілген жағдайда, процестердің қайталануын болдырмау мақсатында ұқсас есептік кезең үшін жеке бағалауды жүргізу қажеттілігі болмайды». 2017 жылы «Прайсуотерхаус-Куперс» ЖШС (PwC) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын жүргізуіне байланысты, 2017 жылы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау жүргізілген жоқ. Сонымен бірге Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды регламенттейтін, Қоғамның ішкі құжаттарының уақтылы өзектендірілмеу фактілері орын алғанын атап өту қажет «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (14.12.2017 №44/17 хаттама), директорлар кеңесінің қызметін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде, 2018 жылы директорлар кеңесіңжәне оның комитеттерінің, төрағасының, директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшының қызметін бағалау процесін регламенттейтін ішкі құжат әзірленді және бекітілді.
3.	Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде өз қызметін жүзеге асырады, онда функциялары, құқықтары мен міндеттері, ұйымның органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары мен басқа да ақпараттар көрсетіледі.	Корпоративтік хатшының Дипломдалған хатшылар мен әкімшілер институтының (ICSA) халықаралық-танылған кәсіптік біліктілігін алуына қатысты, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Корпоративтік хатшы туралы ережені қайта қарау.

4.	Атқарушы орган мүшелерінің еңбек ақысының (сыйақы) ауыспалы бөлігі орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді орындауға байланысты және күнтізбелік жыл басталғанға дейін айқындалуы қажет.	Компанияның Даму жоспарын бекітумен бірге жыл басталғанға дейін негізгі қызмет көрсеткіштерін (бұдан әрі – НҚК) бекітудің орындылығы туралы Қормен талдау жүргізу. Орындылығы жағдайында жылдық және орта мерзімді НҚК әзірлеу мен бекіту бойынша Қор саясатына өзгерістер енгізуді аяқтау.

	Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	Қорға және ұйымдарға Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту және қызметінің үздіксіздігін сақтау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспларының болуын қамтамасыз ету қажет.	Қазіргі кезде Қоғамның Директорлар кеңесі үшін Корпоративтік басқару кодексімен көзделген, Сабақтастық жоспары жоқ. Жаңа мүшелерді тағайындаудыңнегізгі кезеңдерімен Директорлар кеңесі мүшелерінің Сабақтастық жоспарын дайындау және бекіту қажет.
2.	Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленуде.	Компанияда лауазымға енгізу бағдарламасы және Корпоративтік хатшының сабақтастығын жоспарлау әзірленбеген. Корпоративтік хатшы Аппаратының қызметкерлерін дамыту арқылы Корпоративтік хатшы үшін Сабақтастық жоспарын және лауазымға енгізу бағдарламасын әзірлеу мен бекіту.

	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуге қатысты Компанияға тигізетін әлеуетті келеңсіз әсері
1.	Қоғамда Директорлар кеңесінің мүшелері үшін Сабақтастық жоспарының болмауы Директорлар кеңесінің сабақтастығын қамтамасыз етуге жол бермейді. Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қалыптастырылған сабақтастық жоспарының болуы қажет, ол Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін кезең-кезеңмен тағайындауды және баяу ауысуға атсалысу үшін бірнеше ай ішінде істерді қабылдау-тапсыруға жеткілікті уақытты қамтамасыз етеді.
2.	Корпоративтік хатшы үшін сабақтастықты жоспарлау Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі туралы білімдің үздіксіздігін және оның жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді.
3.	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын материалдар сапасын жақсарту Директорлар кеңесінің мүшелеріне ақпаратты өңдеуге, отырыста кейінгі талқылау үшін өз қорытындыларын қалыптастыруға және күн тәртібінің әрбір сұрағына қатысты Директорлар кеңесінің әрекеттеріне қатысты ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді.

III. Орнықты даму

Кодекс бөлімі бойынша талдау қорытындылары төменде көрсетілген: «Орнықты даму».

Талдау қорытындылары бойынша Қоғамда осы бөлім бойынша корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы 20%-ға Кодекс талаптарына сәйкес келеді.

Нақтырақ айтқанда, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

3. Орнықты даму



	Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен 2016 жыл үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның орнықты даму саласында Есебі алдын ала мақұлданды (2018 жылғы 18 қаңтардағы №02/3 хаттама) және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілді (2018 жылғы 1 ақпандағы №1 хаттама). Осы Есеп алғаш рет GRI орнықты даму саласында Нұсқауға сәйкес халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес дайындалған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ орнықты даму саласындағы есебі Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған (www.railways.kz).
2.	Қоғамның Директорлар кеңесімен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты бекітілді (13.09.2011 №5 хаттама, 05.09.2012ж. өзгерістер мен толықтырулары бар №6 хаттама), онда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында қызметінің мақсаттары және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында негізгі басымдықтар айқындалады. Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты Қоғамның жалпы корпоративтік даму стратегиясымен келісіледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысшыларының көп бөлігі 2015-2017 жылдарға арналған Ұжымдық еңбек шартының ықпалымен қамтылған.
3.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік идеологиясы мен бизнес философиясының Саясаты шеңберінде («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 14.11.2017ж. шешімі, №02/28 хаттама) Қоғам келесі төмендегі мүдделі тараптар алдында бірқатар міндеттемелерді қабылдады: Жалғыз акционер; клиент; қызметкерлер; іскери әріптестер; қоғам.
4.	Қоғамда әдеп стандарттары мен нормаларын қалыптастыру және сақтау мақсатында Іскерлік әдеп кодексі бекітілген (19.03.2013г. №2 хаттама). «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысшыларының Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін бұзушылықтар туралы хабарлар келесі арқылы қабылданады: қолға, пошта экспедициясы арқылы; temirzhol@railways.kz электрондық почтасы арқылы; өткізу бюросы жанында «Б» блогының фойесінде орнатылған пошталық жәшіктер арқылы; сенім телефоны бойынша.
5.	Компанияда күрделі бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған «Жедел желі» «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қолдауымен Deloitte тәуелсіз халықаралық компаниясымен әкімшілендіріледі, бұл осы аспапты тәуелсіз және барыншы тиімді етеді. Осы «Жедел желі» шеңберінде электрондық мекенжайы қолжетімді: sk.hotline@deloitte.kz және интернет портал www.sk.deloitte-hotline.com.
6.	Қоғам жыл сайын Орнықты даму бойынша бөлімнен құралатын Жылдық есепті жариялайды.

Алайда талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы сондай-ақ Кодекс талаптарына 47%-ға ішінара сәйкес келеді және 30%-ға сәйкес келмейді. Осы сәтте Қоғамның Корпоративтік басқару практикасы ішінара сақталады және төменде көрсетілген Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмейді және корпоративтік басқару практикасын Кодекс ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады:

	Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкестік және сәйкессіздік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	Қор және ұйымдар бұл ретте өзінің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнды арттыруға тырысуға тиіс және Мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтауға тиіс. Орнықты даму саласындағы қызмет халықаралық озық стандарттарға сәйкес келуге тиіс. Қор және Ұйым Орнықты даму саласында іс-шаралар жоспарларын әзірлейді. Директорлар кеңесі орнықты дамуды енгізуге стратегиялық басқару мен қадағалауды жүзеге асырады. Атқарушы орган тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады және оны Директорлар кеңесіне қарастыруға енгізеді.	Қоғамда Орнықты даму саласында жан-жақты Нұсқау әзірленген және келісу сатысында. Осы уақытта тиісінше Орнықты даму саласында іс-шаралар жоспарлары бекітілмеген, бұл Кодекспен талап етіледі. Кодекс үш құрамы арқылы Орнықты дамуды қарастыруды талап етеді: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Компания орнықты дамуды оның стратегиясына, операциялық жүйелер мен шешімдерді қабылдау процесіне және тәуекелдерді бағалауға интеграциялаудың бастапқы сатысында. Қоғамға орнықты даму саласында жан-жақты Нұсқауды және ұсынылған Халықаралық стандарттар кодексіне сәйкес Орнықты даму саласында іс-шаралар жоспарларын бекіту мен енгізу қажет.
2.	Холдингтік компаниялар өз тобы үшін мүдделі тараптардың шоғырландырылған картасына ие болу қажет және осындай тараптармен әрекет етудің тиісті жоспарын жасау қажет.	Қоғамға орнықты даму саласында Нұсқау шеңберінде Қоғам стейкхолдерлерінің жаңартылған шоғырландырылған Картасын бекіту, жалпы компания тобы үшін ұсынылған Халықаралық стандарттар кодексіне сәйкес мүдделі тараптармен мамандандырылған өзара іс-қимыл жоспарын әзірлеуді аяқтау, осы мамандандырылған өзара іс-қимыл жоспарын мүдделі тараптармен бекіту және енгізу қажет.
3.	Орнықты даму саясатын мүдделі тараптарға дейін жеткізу мақсатында Қор мен ұйымдардың интернет-ресурсы қызметтің осы саласына арналған жеке бөлімнен құрылуы ұсынылады.	Қоғамның интернет-ресурсында 2017 жылы «Орнықты даму» атты жеке бөлім болған жоқ. Қоғамның корпоративтік сайтының «Инвесторларға» атты бөлімінде www.railways.kz 2010, 2011 жылдар үшін «Орнықты даму бойынша есеп» қосымшалары орналастырылған. Кейінгі кезеңдерге есептерді орналастыру қажет.

	Қорытынды: Кодекстің негізгі талапьтарына сәйкес келмеуге қатысты Компанияға тигізетін әлеуетті келеңсіз әсері
1.	Орнықты даму саясаты шеңберінде Қоғамға нақты мақсаттарды, міндеттер мен іс-шараларды, мүдделі тараптардың әсер ету дәрежесін және солармен өзара іс-қимыл жоспарын айқындау қажет. Жан-жақты саясат болмаған жағдайда қызметінің бағыттарын анықтау және орнықты даму шеңберінде жұмыстың қажетті көлемін бағалау мүмкін емес. Орнықты даму бойынша сауатты әзірленген саясатты тиімді енгізу кезінде ол экологиялық, экономкалық және әлеуметтік компоненттерді бағалау мен басқарудың бірыңғай жолын қамтамасыз ете алады және жауапты инвестордың жақсы беделін құруға көмек береді.

IV. Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит

Төменде Кодекстің бөлімі бойынша талдау қорытындылары көрсетілген: «Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит».

Талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы осы бөлім бойынша 69%-ға Кодекс талаптарына сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда, Қоғам Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

4. Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит



	Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1.	Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің және Даму стратегиясының негізін қалаушы элементі болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тәуекелдерді басқару бойынша қызметті ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімше қалыптасқан, ол Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.
2.	Қоғам Басқармасы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға жауапты болады. Тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның келесі секілді негізгі бизнес-процестерімен әрекеттестікке негізделеді: стратегиялық жоспарлау, операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, кредиттік қызмет, бюджет құру, персоналды үәждемелеу.
3.	Қоғамда сандық және сапалық тәуекел-тәбеттер, тіркелімдер және тәуекелдер картасы бекітіледі. Тәуекелдердің тіркелімі шеңберінде негізгі тәуекелдерге қатысты толеранттық деңгейлері көзделген.
4.	Қоғамның Директорлар кеңесіне қарастыруға және бекітуге шығарылатын тәуекелдер бойынша барлық негізгі мәселелер алдын ала ҚоғамныңДиректорлар Кеңесі жанындағы Аудит комитетімен қарастырылады. Аудит комитетінің барлық ескертулері мен ұсыныстарын өңдеген соң ғана құжат Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылады. Аудит комитетінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық отырыстары хаттамамен толтырылады.
5.	Қоғамның жұмысшылары және лауазымды тұлғалары тәуекелдерді басқару рәсімдерінің немесе ішкі бақылаудың немесе басқа саясаттардың бұзылуы немесе дұрыс орындалмауы туралы, сондай-ақ алаяқтық, заңнаманы бұзушылық жағдайлары туралы Аудит комитетіне және Қоғамның Директорлар кеңесіне құпия мәлімдеуге құқылы («жедел желі»).
6.	Ішкі аудит қызметі туралы Ереженің 1-бөліміне сәйкес Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – «ІАҚ) жұмысы Ішкі аудиторлар институтымен әзірленген, ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына негізделеді. ІАҚ туралы Ережеде ІАҚ мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері бекітілген. ІАҚ туралы Ережемен және Ішкі аудитті ұйымдастыру саясатымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін және ІАҚ өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін ІАҚ тәуелсіздік, объективтілік және кәсіптілік жағдайлары айқындалған.

Алайда талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы сондай-ақ Кодекс талаптарына 31%-ға ішінара сәйкес келеді. Осы сәтте Қоғамның Корпоративтік басқару практикасы төменде көрсетілген Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және сәйкес келмейді және корпоративтік басқару практикасын Кодекс ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады.

	Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкестік және толық сәйкессіздік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	2017 жылы Компанияның тиісті ішкі саясаттары мен рәсімдері Тәуекелдерді басқару департаментінің жұмысшыларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында кәсіптік біліктілік пен тәжірибенің болуын қамтыған жоқ.	Тәуекелдерді басқару департаменті Басшысы және Тәуекелдерді басқару бойынша мамандар үшін Компанияның біліктілік талаптарын теміржол саласының салыстырылатын халықаралық компанияларының талаптарымен салыстырмалы талдауды жүзеге асыру қажет. Тәуекелдерді басқару департаментінің барлық қызметкерлері үшін кәсіптік біліктілікке, дағдылар мен тәжірибеге қойылатын талаптарды жақсарту үшін салыстырмалы талдау қорытындыларын пайдалану.
2.	Директорлар кеңесінің шешімімен (12.07.2017 №5 хаттама) шоғырландырылған деңгейде Қоғамның тәуекел тәбеті, сондай-ақ негізгі тәуекелді көрсеткіштер және Қоғамның негізгі тәуекелдеріне толеранттық деңгейлері бекітілген. Сол уақытта 2017 жылға әзірленген тәуекел-тәбет стратегияның сапалы мақсаттарына байланысты емес, қаржылық емес көрсеткіштерден құралмаған және еншілес ұйымдар деңгейінде айқындалмаған.	Тәуекел-тәбетті анықтау үшін кешенді жүйені әзірлеу, бекіту мен енгізу қажет, ол Компанияның қаржылық та, қаржылық емес те стратегиялық мақсаттарын көрсетеді, еншілес ұйымдарға, бизнес/тәуекелдің негізгі салаларына және операциялық тәуекелдер деңгейіне таралады.
3.	Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне қарастыруға тоқсан сайынғы негізде Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша есебі шығарылады. Сол уақытта 2017 жылы тәуекелдер туралы тоқсандық есептер тәуекелдер деңгейін азайту жоспарларын іске асыруға жауапты тұлғалар, осындай жоспарлардың орындалу мәртебесі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін бағалау туралы ақпаратты қамтыған жоқ. Компанияда 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша тәуекелдер туралы жедел есептілік болған жоқ немесе есептілік маңызды тәуекелдерді іске асырған жағдайда, қажеттілігіне қарай дайындалады.	Анағұрлым маңызды тәуекелдер туралы нақты және толық ақпаратты жылдам ұсынуды қамтамасыз ету үшін есептіліктің тетіктерін жаңарту қажет. Тәуекелдер бойынша есептілік тетіктері дереу, апта сайын, ай сайын және тоқсан сайын ұсынылуға тиіс ақпаратты жіктеуге, сондай-ақ жауапты тараптарды, пайдаланушыларды, мерзімдерді және есептіліктің шаблондарын анықтауға тиіс. Тәуекелдерді басқару департаментінің Басшысының НҚК-не тәуекелдер бойынша уақтылы және сапалы есептілікті ұсынуға байланысты көрсеткішті қосу.
4.	Қордың және ұйымдардың атқарушы органдары ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмысын құру мен сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.	Сыртқы аудиторлардың анықтауларына және ұсынымдарына сәйкес, Тәуекелдерді басқару департаменті ішкі бақылау жүйесінің дизайнын бағалауды жүргізбейді. Компанияда бүгінгі кезде Тәуекелдерді басқару департаментіне ішкі бақылау жүйесі бойынша функциялар мен міндеттерді беру жөнінде жұмыс атқарылуда, өйткені бұрын осы функциялар белгілі құрылымдық бөлімшеге бекітілген жоқ және соған сәйкес тиісті түрде орындалған жоқ.

5.	Қорда және ұйымдарда ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін функциясы құрылу қажет	Ішкі бақылау жүйесі бойынша "Прайсуотерхаус-Куперс" ЖШС сыртқы аудиторлардың анықтауларына сәйкес, Тәуекелдерді басқару департаменті ішкі бақылау жүйесінің дизайнын бағалауды жүргізбейді, ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі толық деңгейде Компанияның өз мақсаттарына жетуде орынды сенімділігін қамтамасыз ете алмайды.
6.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (16.04.2014 №5 хаттама), Компания басшылығы үшін консультант ретінде ІАҚ мәртебесін жылжытуға қатысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігі бар.	Компания басшылығы үшін консультант ретінде ІАҚ мәртебесін жылжыту үшін қажетті іс-шараларды қолдану (мысалы, Басқарма мен Директорлар кеңесінің отырыстарында ақпараттық тұсаукесер, Компания басшылығының мүшелері арасында консультациялық қызметтерді ұсыну бойынша табысты жобаның қорытындыларымен алмасу және т.б.) және әрбір жылдық аудиторлық жоспарға консультациялық қызметтерді қосу.
7.	ІАҚ туралы Ереженің 6-бөлімімен ІАҚ басшысы мен жұмысшыларына біліктілік талаптар белгіленген, олар кәсіптік білімдер мен дағдылар, жұмыс тәжірибесі, басшы жұмыстардағы тәжірибесі (басшылар үшін) бөлігіндегі талаптарды, сондай-ақ халықаралық сертификаттармен расталған, қосымша арнайы дайындық бөлігінде талаптарды қамтыған, соның ішінде «Диплом алған ішкі аудитор» (CertifiedIntemalAuditor, CIA) және халықаралық Ішкі аудиторлар институты және басқа кәсіби ұйымдар ұсынған басқа да сертификаттар) Бірде бір қызметкер ішкі аудитте халықаралық танылған кәсіби сертификатқа – Диплом алған ішкі аудитор сертификатына ие болмаған. Қазіргі сәтте он қызметкер CIA сертификаттау бағдарламасының бір немесе бірнеше бөліктері бойынша оқудан өткен және емтихан тапсыруға дайындық үстінде.	ІАҚ негізгі қызметкерлерін дамыту жоспарлары мен лауазымдық нұсқаулықтарға «Диплом алған ішкі аудитор» (CIA) сертификатының болуы туралы талапты қосу. Негізгі қызметкерлер тізімін Аудит комитеті анықтауға тиіс. Келесі екі жылдың ішінде (2018-2019 жж.) НҚК-ге, қызметкерлерді дамытудың жылдық жоспарларына және ІАҚ стратегиялық жоспарына CIA емтихандарын сәтті тапсыру бойынша талапты қосу. CIA-ға қатысты НҚК емтиханды сәтті тапсырудан құрылуы тиіс және оның үлесті салмағы арттырылу қажет.

	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуге қатысты Компанияға тигізетін келеңсіз әсері
1.	Сәйкес өлшемдегі теміржол компанияларында тәуекел менеджмент саласындағы өткен тәжірибесі бар мамандардың атсалысуы арқылы тәуекелдерді басқару бойынша команданың әлеуетті күшейту және операциялардың күрделілігі немесе қаржы институттары Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау рәсімдерін енгізу тиімділігіне келеңсіз әсерін нивелирлеуге ықпал ететін болады.
2.	Компанияда тәуекелдер туралы жедел есептілік жоқ немесе есептілік маңызды тәуекелдерді іске асырған жағдайда, қажеттілігіне қарай дайындалады. Осы мән-жай Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару процесінде қабылданатын шаралар бойынша толық және объективті ақпаратты алуына келеңсіз әсер етуі мүмкін.

V. Ашықтық

Төменде Кодекс бөлімі бойынша талдау қорытындылары келтірілген: «Ашықтық».

Талдау қорытындылары бойынша Компанияда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы осы бөлім бойынша 79%-ға Кодекс талаптарына сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда, Компания Кодекстің келесі негізгі талаптарын орындайды:

5. Ашықтық



	Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1.	Қоғамда Басқарманың 10.03.2016ж. шешімімен, №02/10 хаттама, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Коммерциялық құпияның және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету қағидалары» бекітілген, сонымен бірге әрбір жұмысшы «ҚТЖ» ҰК» АҚ коммерциялық құпиясын/құпия ақпаратын жарияламау туралы Міндеттемеге қол қояды.
2.	Қоғам тоқсан сайын корпоративтік сайтқа ҚР заңнамасының талаптары бойынша дайындалған қаржылық есептілікті, сонымен қатар ХҚЕС сәйкес дайындалған, жылдық және жартылай жылдық қаржылық есептілікті орналастырады. Қоғамның корпоративтік сайтына қаржылық есептіліктерді жариялау ұдайы орыс, қазақ және ағылшын тілдеріне жүргізіледі.
3.	Қоғам «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік практикасына сәйкес жылдық есепті дайындайды.
4.	Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуді қамтамасыз етеді. Қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудиті аудиторлық ұйым мамандарының біліктілігінің жоғары деңгейі; қазақстандық та, халықаралық та нарықта жұмыс тәжірибесі; сала бизнесін білуге; оң беделге ие халықаралық аудиторлық ұйымның – тәуелсіз аудиторын тарту арқылы жүргізіледі. Тәуелсіз аудитор сыртқы тұлға ретінде Мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікірді ұсынады .
5.	Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының Шешімімен бекітілген (27.12.2016 №46/16 хаттама), «Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан артығы тікелей немесе жанама «Самұрық-Қазына» Ақ-ға меншік немесе сенімді басқару құқығымен тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
6.	Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу процесінде маңызды рөлді Директорлар кеңесінің Аудит комитеті атқарады. Тартылатын сыртқы аудитор Компанияға консультациялық қызметтер көрсетпейді, олар сыртқы аудитордың тәуелсіздігінің қатеріне айналуы мүмкін, аудиторлық команданың бұрынғы мүшелерін олар аудиторлық ұйымнан шығарылған соң екі жылдан ертерек басшы лауазымдарға қабылдау жағдайлары іс жүзінде болған жоқ.

Алайда талдау қорытындылары бойынша Қоғамда корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы сондай-ақ Кодекс талаптарына 21%-ға сәйкес келмейді. Қоғамның корпоративтік басқару практикасы осы сәтте Кодекстің төменде көрсетілген негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару практикасын Кодекстің ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады.

	Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкестік салалары	Түсіндірмелер және енгізу үшін іс-шаралар
1.	Қорда және ұйымдарда мүдделі тараптарға ақпараттың ашылуына бақылау жүзеге асырылуға тиіс. Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компанияның ашылатын ақпаратты пайдаланатын, сыртқы және ішкі мүдделі тараптарын айқындау қажет.	Қоғамда Директорлар кеңесінің 30.04.2011 шешімімен бекітілген, «ҚТЖ»ҰК» АҚ Ақпараттық саясаты әрекет етеді, №2 хаттама, алайда «ҚТЖ»ҰК» АҚ Ақпараттық саясатын мүдделі тараптарды анықтау бөлігінде өзектендіру қажет.
2.	Компанияның барлық мүдделі тараптарының ақпараттық қажеттіліктерін қамтитын корпоративтік коммуникациялар стратегиясын әзірлеу мен енгізу қажет.	Корпоративтік коммуникациялар стратегиясын әзірлеу мен енгізу.
3.	Компанияның веб-сайтында, сонымен қатар Қазақстандық қор биржасының веб-бетінде ХҚЕС сәйкес жылдық және тоқсандық қаржылық есептілікті уақтылы жариялауды қамтамасыз ету үшін бақылауды орнату.	Жарияланымдар тізілімінен құралған Регламентті әзірлеу және бекіту.
4.	Қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы басшылық есептерін дайындауда АО-да қатысатын қызметкерлер, атқарушы орган мүшелері, ДК мүшелері үшін корпоративтік есептілік саласында оқытуды жүргізу қажет (MD&A). Теміржол тасымалдары секторынан салыстырмалы листингтеуші компаниялармен салыстырмалы талдау қорытындыларын және корпоративтік есептілік саласында соңғы өзгерістерді қосу.	ДК мүшелері, атқарушы органның мүшелері және қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы басшылықтың есептерін дайындауға АО-ға қатысатын қызметкерлер үшін корпоративтік есептілік саласында оқыту жүргізуді ұйымдастыру.
5.	Қызметінің ашықтығын арттыру, қаржылық есептілікте ұсынылған қорытындыларды түсіндіру мақсатында, қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы басшылықтың есебін ашу ұсынылады, ол өзгеден басқа қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындыларына ықпалын тигізген факторлар мен жағдайлардан құрылады.	Компанияның қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есепті тоқсан сайын жариялау.

6.	Интернет-ресурс жақсы құрылымдануы, навигация үшін қолайлы болуы және Қор мен ұйым қызметін түсіну үшін мүдделі тұлғаларға қажетті ақпараттан құрылуға тиіс.	Көліктік-логистикалық компаниялардың халықаралық корпоративтік веб-сайттарымен веб-сайттың дизайнын және құрылымын салыстырмалы талдауды жүргізу. «Инвесторлармен қарым-қатынастар» веб-сайты бөлімінің нысаны мен мазмұнына қатысты инвесторлардан кері байланыс алу. Алынған кері байланыс негізінде, «Инвесторлармен қарым-қатынастар» веб-сайтының бөлімдері құрылымын өзгерту және оған инвесторлардың күтулеріне нақты жауап беретін ақпаратты қосу. Веб-сайттың ақпараттық мазмұнына және дизайнына пайдаланушылардың қанағаттану дәрежесін бағалау және кері байланысты алу, сонымен бірге алынған пікірлермен жұмыс бойынша кейінгі бақылау рәсімдерін көздеу. Алынған кері байланыс негізінде коммуникациялар стратегиясында анықталған, барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отыра, Компанияның веб-сайтының әрбір бөлімінің мазмұнын жаңарту. Ақпаратты ашудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында Кодекстің ең төменгі талаптарына, коммуникациялар стратегиясына және басқа ішкі нормативтік құжаттарға сәйкестігіне веб-сайттың мазмұнын апта сайынғы бағалауды жүргізу.

	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуге қатысты Компанияға тигізетін әлеуетті келеңсіз әсері
1.	Қаржылық және қаржылық емес ақпараттың ашылуының тоқтау, сондай-ақ Қоғамның Интернет-ресурсының халықаралық деңгейге және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына толық емес сәйкес келу жағдайларының пайда болу тәуекелі бар, бұл Қоғам беделіне әсерін тигізуі мүмкін.

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компания және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2017 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттары жөніндегі Кеңес жариялаған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдауға және қолдануға;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- есепке алуды Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі жеткілікті дәл ақпаратты беруге және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті жергілікті бухгалтерлік есеп заңнамасы мен ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және болдырмауға жауапты.

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның Директорлар Кеңесінің аудит Комитетімен алдын ала мақұлданып, 2018 ж. 13 наурызда Компания басшылығымен бекітілді. Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның Директорлар Кеңесімен және Акционерімен бекітілуі тиіс.

Топ басшылығы атынан:

Қ.К. Алпысбаев	**Ж.Х. Мадиев**	**Н.Х. Әбілова**
Президент	**Қаржы вице-президенті**	**Бас бухгалтер**
13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Акционеріне

Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2017 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепті, 2017 жыл іші пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі, ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі және капиталдағы өзгерістер жөніндегі тиісті шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа да түсіндірме ақпараттарды қамтитын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары барлық елеулі аспектілерінде Топтың 2017 ж. 31 желтоқсанға қаржылық жағдайна дайындалған, сонымен бірге 2017 ж. шоғырландырылған қаржылық нәтижелері және шоғырландырылған ақша қозғалысы Халықаралық қаржы есеп стандарттары Кеңесімен шығарылған Халықаралық қаржы есеп стандарттарына сай.

Ескертпесі бар пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес ("ХАС") жүргіздік. Біздің міндетіміз «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» деген қорытынды бөлімінде көрсетілген. Біз Кәсіби бухгалтерлер Халықаралық этика стандарттары бухгалтерлер кеңесінің кодексіне және этикалық талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасында жеке қаржылық есептілігінде қолданылатын аудит Компанияға қатысты тәуелсіз болып келеміз. Біз осы талаптарға сәйкес Кодексте белгіленген басқа да этикалық міндеттемелерін орындадық. Біз өзіміз алған аудит дәлелдері пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болатынына сенеміз.

Аудиттің маңызды сұрақтары

Аудиттің маңызды сұрақтары – біздің кәсіби шешіміне сәйкес, есепті кезең бойынша жүргізілген жеке қаржылық есептілік аудиті кезінде ең маңызды болып анықталған. Бұл сұрақтар осы қаржылық есептілік бойынша тұтастай алғанда және мәнмәтінде қарастырылды. Біз осы сұрақтар бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Неге біз сұрақты аудит үшін маңызды деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?

Әлеуетті негізгі құралдардың құнсыздануы

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар, негізінен инфрақұрылым объектілері мен қозғалмалы составтардан тұратын Топтың жалпы активтерінің 84 пайызын құрайды. Құнсыздану индикаторлардың бар болуына байланысты, мысалға экономикалық және нарықтық ортаның нашарлауы, нарықтық пайыздық қойылымдардың ұлғаюы мен жүк айналымы көлемінің төмендеуіне байланысты, Топ негізгі құралдардың құнсыздану тестін жүргізді.

Ақша қаражатын келтіретін бірліктердің өтелетін сомасы 2018-2022 жж. кезеңге арналған Даму жоспарының негізінде активтерді қолдану құны ретінде анықталды. Өтелетін соманы анықтау басшылықтан қызмет перспективалары туралы пікірлер мен жорамалдарға негізделген келесі кезеңдегі ақша қаражатының ағымын күрделі бағалауын талап етеді. Пайдалану құндылығы негізгі жорамалдарға сезімтал.

Бұдан басқа, ақша қаражатын келтіретін бірліктерді дұрыс анықтау басшылықтан күрделі пайымдарды талап етеді.

Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты, біз жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құнсыздануын аудиттің басты сұрағы деп анықтадық. 4 Ескертуді қараңыз.

Біз келесі рәсімдерді жүргіздік:

- Пайдалану құндылығын есептеу үшін басшылық қолданған модель мен әдістердің, ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкестігін бағалау.
- Ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірліктің анықтау анализін.
- Дисконттық мөлшерлемесін есептеу кезіндегі қолданылған пайымдауларды тексеру және қаржы бағалау бойынша мамандардың қатысуымен сол дисконт мөлшерін қайта есептеу.
- Дисконттық мөлшерлемеге, валюта айырбастау бағамы болжамына, сондай-ақ жүк транзитінің айналымы және жолаушылар тасымалының субсидиялау деңгейінің өсуіне кем оптимистік жорамал қолданған кезде құнсызданбайтынына көз жеткізу үшін сезімталдық тестін жүргізу.
- Компанияның 2018-2022 жж. арналған Даму жоспары мен тарихи деректерге сүйеніп, кірістердің өсуіне қатысты пайымдаулар мен операциялық пайданы бағалағандағы жорамалдарын сыни бағалау. Біз Басшылықтың алдыңғы болжамдар дәлдігін, Директорлар Кеңесі бекіткен жоспарда пайдаланылған болжамдар мен олардың сәйкестігін болжамдар негізділігіне талдау.
- Қаржылық есептілікте көрсетілген ақпараттың толықтығын және дұрыстығын тексеру.

Басшылық қолданған жорамалдар тарихи және ағымдағы деректер мен Компанияның болашақта күтілетін болжамдармен салыстырмалылығына көз жеткіздік.

Өтімділік және үздіксіздік қызмет қағидасы

Топтың 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдайына ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 90,556,549 мың теңгеге асып отыр.

Біздің рәсімдер, негізінен, басшылық жасаған негізгі пайымдаулардың сыни талдауына және ағымдағы міндеттемелерді өтеу бойынша басшылықтың жоспарына бағытталған.

Неге біз сұрақты аудит үшін маңызды деп санаймыз?	Аудит барысында не жасалды?

Сонымен бірге, 16 Ескертуде көрсетілгендей ЕҚДБ және HSBC Франциямен баланстық құны 80,157,916 және 63,011,636 мың теңгеге алынған несиелердің қаржылық ковенанттары бар, оларды сақтамау кредиторларға қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын бере алады. Басшылық 2017 ж. күтілетін қаржы жағдайы мен нәтижелерін бағалап, Компания қаржылық ковенанттардың кейбір ережелерін сақтай алмайтыны жайлы шешімге келді. Осыған орай, 2017 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайына сәйкес басшылық кредиторлардан қаржылық ковенанттар талаптарының сақталуы бойынша ережелердің қолданбауы туралы хат алды.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Топ активтерінің өтімділігінің жеткіліктілігі ағымдағы міндеттемелерді өтеу туралы басшылықтың сыни пайымдаулары қажет.

2 және 32 Ескетулерінде осы сұраққа қатысты Басшылық жоспары баяндалған. Қаржылық есептіліктің үздіксіздік қызмет қағидасы бойынша сұрақтың маңыздылығын ескере отырып, бұл сұрақ аудит үшін басты болып табылады.

Біздің рәсімдер мыналарды қамтиды:

- Активтер мен міндеттемелердің сыныпталу дұрыстылығын тексеру.
- Үздіксіздік қызмет қағидасына күмән келтіретіндей қаржылық және операциялық оқиғалар мен шарттарды талдау.
- Үздіксіздік қызмет принципін қолдануға қатысты басшылықтың жасаған бағалық талдау.
- Ақша ағындарының болжамдарын дайындау барысында қолданылатын ақпараттар мен жіберулердің дұрыстылығы мен парасатталығын тексеру, соған қоса, құнсызданды, актуарлық бағалауды және хеджирлеудің тиімділігн тестілеу сияқты басқа да бағалауда қолданылған бастапқы деректерді салыстыру.
- Өтімділік пен міндеттемелерді өтеу қабілетіне, операциялық қызметтен ақша ағындарын жеткілікті деңгейде қозғалысқа келтіру қабілеті бойынша қарыздарды өтеу және де шетелдік валюта бағамының өзгеруіне байланысты міндеттемелер мен кірістердің сомасына әсер ету мүмкіндігіне әсер ететін ықтимал болжам сценарийлерін талдау.
- Қаржыландырудың қолжетімділігін растайтын, соның ішінде несиелік келісімдер, қаржы институттарымен хаттар, Директорлар Кеңесі шешімдерінің хаттамалары және т.б. құжаттарды тексеру.
- Ковенантты қоса алғандағы кредит шарттарын талдау және қаржы ковенанттарының есептелуін математикалық дұрыстығын тексеру.
- 2017 ж. 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайына сәйкес банк-кредиторлардың қаржылық ковенанттарға қатысты талаптарды ескермеуіне байланысты растау-хаттарын тексеру.
- Қаржылық есептілікте сәйкес ақпараттың көрсетілгендігін, дұрыстылығын және толықтығын тексеру.

Үздіксіздік қызметіне қатысты пайымдаулар ағымдағы жағдайлар бойынша орынды және ашылған ақпарат шынайы жағдайды көрсететіндігіне көз жеткіздік.

Жылдық есепте қамтылған өзге ақпарат

Шоғырландырылған қаржылық есептілік пен аудиторлық қорытындыны қоспағанда, жылдық есепте қамтылған барлық өзге де ақпаратқа басшылық жауап береді. Жылдық есеп аудиторлық қорытындыдан кейін ұсынылады деп болжаймыз.

Шоғарландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз жылдық есептің өзге де ақпараттарға қолданылмайды және біз өзге де ақпарат бойынша менімділік білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін өткізілінуіне байланысты біз ұсынылған басқада ақпараттарды қарастыруымыз қажет. Өзге де ақпаратты аудит барысында алынған білімге, қаржылық есептіліктің елеулі сәйкессіздіктеріне, сондай-ақ мүмкін болатын өзге де бұрмалаушылықтарына қарастырамыз.

Жылдық есептің өзге де ақпаратпен танысу барысында қандай да бір бұрамалаушылықтарды анықтаған жағдайда, ол туралы корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға хабардар етуге міндеттіміз.

Корпоративтік басқару мен шоғырландырыған қаржылық есептілікке жауап беретін басшылық пен тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және шынайы ұсынуға, сондай-ақ басшылық ықылассыз іс-қимылдар немесе қателесу салдарынан елеулі бұрмалаушылықсыз шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Компанияны сатуға, оның қызметін тоқтатуға немесе басқа практикалық баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында Топтың үздіксіздік қызметін жалғастыру қабілетін бағалауына, үздіксіздік қызметіне қатысты ақпараттың көрсетуіліне, үздіксіздік қызметтің пайымдаулар негізінде есептіліктің дайындығына жауап береді.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар шоғарландырыған қаржылық есептіліктің дайындығы мен қадағалауына жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитор жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер мен қателердің салдарынан болған бұрмалаушылықтардың жоқ екендігіне және аудиторлық қорытынды қамтитын біздің пікірге сенімді болуына көз жеткізу болып табылады. Саналы сенімділік – бұл жоғары сенімділік дәрежесі, бірақ ол ХАС-қа сйкес өткізілген аудит пен елеулі бұрмалаушылықтардың анықтауына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтардың нәтижесі жосықсыз әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін және егер де пайдаланушылар шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылдаған экономикалық шешімдеріне әсерін тигізетін жағдайда, оны елеулі деп санауға болады.

ХАС-қа сәйкес өткізілетін аудит барысында, біз әр түрлі кәсіби пайымдауды және кәсіби скептицизмді аудит бойы сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; бұл тәуекелдер бойынша аудиторлық рәсімдерді әзірлеп өткіземіз; аудиторлық дәлелдемелерді жеткілікті және тиісті түрде алып, пікірді білдіреміз. Қателер салдарынан болған елеулі бұрамалаушылықтардың тәуекеліне қарағанда, жосықсыз әрекеттер салдарынан болған елеулі бұрмалаушылықтардың тәуекелін анықтамау қаупі маңыздырақ, өйткені жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана олқылық, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап, қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту сияқты әрекеттер жасалуы мүмкін;

- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін ішкі бақылаудың түсінігін аламыз;

- Басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашықтығы мен бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, есеп саясатын тиісті сипатта қолданылатынын бағалаймыз;

- Үздіксіздік қызмет туралы басшылықтың қолданған пайымдауларын заңдылығына, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде оқиғалар мен жағдайлар нәтижесінде Компанияның үздіксіздік қызметін жалғастыру қабілеті туралы елеулі күмән туындауы мүмкін елеулі белгісіздіктеріне қорытынды жасаймыз Егер біз елеулі белгісіздіктің бар деген қорытындыға келсек, біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиторлық қорытындының тиісті ақпаратын ашықтығына назар аударып немесе тиісінше ашылмаған жағдайда, пікірін өзгерту. Біздің қорытындылар аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, болашақ оқиғалар мен жағдайлар Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін;

- Шоғырландырылған қаржылық есептілігін жалпы алғанда, оның мазмұны мен құрылымын, ақпаратты ашу, сондай-ақ операциялар мен оқиғалар негізінде жатқан ақпараттың дұрыстығына баға беру; және

- Шоғарландырылған қаржылық есептілікке пікір білдіруге Топтың компаниялырының қаржылық жағдайы және қызметі жайлы жеткілікті ақпарат алып және дәлелді аудиторлық пікір білдіреміз. Біз Топқа, басшылыққа және олардың қызметі аудитіне жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге жауаптымыз.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі кемшіліктерін, соның ішінде ішкі бақылау жүесінің елеулі кемшіліктері туралы хабар береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға аудиторлық тәуелсіздікке қатысты қолданылатын этикалық талаптардың сақталуы туралы мәлімдемені береміз және аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін және сақтық бойынша қабылданған шаралар туралы оларға барлық сұрақтар бойынша хабар береміз.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға хабардар еткен сұрақтардың ішінен есепті кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін елеулі және осы тұжырымға қосылған негізгі сұрақтарын қамтиды.

Алуа Есімбекова
Тапсырма бойынша серіктес
АҚШ, Нью Гемпшер Штатының
Қоғамдық бухгалтері
2014 ж. 12 маусым
Лицензия №07348

Дәулет Қуатбеков
Орындаушы аудитор
Қазақстан Республикасының
Білікті аудиторы
2002 ж. 15 ақпандағы
№0000523 біліктілік куәлігі
Қазақстан Республикасы
«Делойт» ЖШС
Бас директорының міндетін атқарушы

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге құқығы бар №0000015
лицензиясы, түрі МФЮ - 2, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 ж. 13 қыркүйекте берген

2018 ж. 13 наурыз

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңге)

	Ескерту-лер	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар	6	2,654,457,139	2,521,329,368
Материалдық емес активтер		14,177,172	11,589,266
Бірлескен ұйымдарға инвестициялар	7	15,865,960	11,720,150
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар	7	11,537,811	11,357,875
Кейінге қалдырылған салық активтері	19	5,952,987	8,632,019
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	8	2,326,310	2,333,030
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	9,10	89,136,545	92,037,599
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы		**2,793,453,924**	**2,658,999,307**
Ағымдағы активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	63,489,234	48,978,173
Өтелетін ҚҚС		30,352,756	57,252,499
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	8	37,129,364	16,186,691
Тауарлық-материалдық қорлар	12	30,317,259	28,846,944
Сауда дебиторлық берешек	9	22,095,757	15,416,517
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		1,849,125	1,903,220
Акционердің пайдасына тағайындалған актив	31	289,730	48,067,799
Басқа да ағымдағы активтер	13	51,087,600	39,174,885
		236,610,825	255,826,728
Сату үшін арналған деп сыныпталған ұзақ мерзімді активтер мен шығарылатын топтың активтері	14	120,866,285	120,625,761
Ағымдағы активтер жиынтығы		**357,477,110**	**376,452,489**
Активтер жиынтығы		**3,150,931,034**	**3,035,451,796**
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	1,062,635,047	993,460,480
Хеджерлеу резерві	15	(42,553,250)	(39,073,931)
Шетел валютасын қайта есептеу резерві	15	4,843,584	4,110,006
Бөлінбеген пайда		206,748,608	198,501,308
Акционер капиталы		1,231,673,989	1,156,997,863
Бақылау жасалмайтын иелену үлестері	15	26,955,464	11,035,349
Капитал жиынтығы		**1,258,629,453**	**1,168,033,212**

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

	Ескерту-лер	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	16	1,170,968,844	1,098,117,957
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	19	226,974,810	224,357,530
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	18	28,380,212	26,169,983
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	17	13,750,011	-
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	4,194,045	4,399,245
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы		**1,444,267,922**	**1,353,044,715**
Ағымдағы міндеттемелер			
Несиелер	16	93,751,143	141,561,817
Сауда кредиторлық берешек	20	113,563,965	124,453,799
Төленетін басқа да салықтар		10,410,833	8,245,766
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	18	2,858,329	2,960,557
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	17	1,134,759	-
Акционердің пайдасына тағайындалған өзгертілмейтін міндеттеме	31	289,730	48,067,799
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	139,517,990	92,267,628
		361,526,749	417,557,366
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топ міндеттемелері	14	86,506,910	96,816,503
Ағымдағы міндеттемелер жиынтығы		**448,033,659**	**514,373,869**
Міндеттемелер жиынтығы		**1,892,301,581**	**1,867,418,584**
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		**3,150,931,034**	**3,035,451,796**

Топ басшылығы атынан:

Қ.К. Алпысбаев	**Ж.Х. Мадиев**	**Н.Х. Әбілова**
Президент	**Қаржы вице-президенті**	**Бас бухгалтер**
13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескертулер	2017 ж.	2016 ж.
Жалғастырылатын қызмет			
Табыстар			
Жүк тасымалдары		770,074,559	688,204,339
Жолаушылар тасымалы		81,885,595	80,133,552
Мемлекеттік субсидиялар		20,459,779	22,528,832
Басқа да табыстар	22	40,692,272	32,244,835
Табыс жиынтығы		**913,112,205**	**823,111,558**
Өткізудің өзіндік құны	23	(721,330,133)	(658,852,600)
Жалпы пайда		**191,782,072**	**164,258,958**
Жалпы және әкімшілік шығындар	24	(86,204,940)	(76,443,963)
Қаржылық табыс	25	7,787,231	6,325,198
Қаржылық шығындар	26	(97,565,364)	(85,417,894)
Бағам айырмашылығынан түскен (залал)/пайда		(7,624,939)	20,863,279
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайдасындағы үлес	7	2,137,589	670,248
Бірлескен ұйымдардағы үлесті сатудан және тоқтатылған қызметтің компоненті болып табылатын еншілес ұйымдарды сатудан түскен табыс		8,395,530	9,748,114
Активтердің құнсыздануы		(3,745,073)	(2,168,347)
Басқа да пайда мен залал		3,562,495	3,585,503
Салық салуға дейінгі пайда		**18,524,601**	**41,421,096**
Корпоративтік табыс салығы бойынша (шығын)/үнем	19	(5,835,353)	4,763,234
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші пайда		**12,689,248**	**46,184,330**
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен жыл ішіндегі пайда/(залал)	14	265,878	(4,907,711)
Жыл іші пайда		**12,955,126**	**41,276,619**
Пайда салығы шегерілгеннен кейінгі басқа да жиынтық (залал)/пайда:			
Пайда және залал құрамына сыныпталуға жатпайтын баптар:			
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		(1,553,621)	4,106,607
Пайда және залал құрамына сыныпталуға жататын баптар:			
Ақша ағындарын хеджирлеу құралы бойынша таза (залал)/табыс	15	(3,479,319)	4,417,426
Шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден туындайтын бағам айырмашылығы		841,353	(486,819)
Жыл іші басқа да жиынтық (залал)/пайда		**(4,191,587)**	**8,037,214**
Жыл іші жиынтық пайда		**8,763,539**	**49,313,833**
Келесілерге тиесілі жыл іші пайда:			
Акционерге		11,399,401	40,979,582
Бақылау жасалмайтын иелену үлестеріне		1,555,725	297,037
		12,955,126	**41,276,619**
Келесілерге тиесілі жыл іші жиынтық табыс:			
Акционерге		7,207,814	49,012,215
Бақылау жасалмайтын иелену үлестеріне		1,555,725	301,618
		8,763,539	**49,313,833**
Жалғастырылатын және тоқтатылған қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	28	23	83
Жалғастырылатын қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгеде	28	22	93

Топ басшылығы атынан:

Қ.К. Алпысбаев	**Ж.Х. Мадиев**	**Н.Х. Әбілова**
Президент	**Қаржы вице-президенті**	**Бас бухгалтер**
13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Ескертулер	2017 ж.	2016 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жыл іші пайда		12,955,126	41,276,619
Тоқтатылған қызметті қоса есептегенде пайда мен залалда көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша үнем/(шығын)	14, 19	7,641,464	(3,622,748)
Келесілерге түзету:			
Тозу және амортизацияға		106,862,647	115,383,866
Қаржылық шығындарға	14, 26	103,702,717	91,603,653
Активтердің құнсыздануына		3,745,073	2,068,496
Қаржылық табысқа	14, 25	(8,143,123)	(7,174,522)
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге төленетін сыйақы және қызметкерлерге төленетін басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша шығындарға		4,095,665	4,688,159
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайдасындағы үлеске	7	(2,137,589)	(670,248)
Күмәнді берешек бойынша резервті есептеуге		1,878,194	244,235
Бағам айырмашылығынан залал/(пайдаға)		7,700,146	(19,756,929)
Бірлескен ұйымдардағы үлесті сатудан және тоқтатылған қызметтің компоненті болып табылатын еншілес ұйымдарды сатудан түскен табысқа		(8,408,358)	(9,748,114)
Басқаға		4,743,984	4,031,207
Айналым капиталындағы және баланстың басқа да баптарындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда		**234,635,946**	**218,323,674**
Сауда дебиторлық берешегінің өзгеруі		563,770	(657,908)
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі		(4,890,334)	680,674
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі (оның ішінде ұзақ мерзімді қайтаруға жататын ҚҚС)		(11,677,107)	(8,038,819)
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		(13,305,293)	7,666,138
Төлеуге жататын басқа да салықтардың өзгеруі		22,092,026	(17,804,812)
Басқа да міндеттемелердің өзгеруі		37,565,098	25,254,523
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің өзгеруі		(3,549,350)	(2,506,445)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		**261,434,756**	**222,917,025**
Төленген пайыздар		(78,787,224)	(75,615,767)
Алынған пайыздар		3,653,325	5,741,089
Төленген корпоративтік табыс салығы		(4,191,735)	(3,597,022)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза қозғалысы		**182,109,122**	**149,445,325**
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу, жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу үшін төленген алдын ала төлемдердегі өзгерістерді қоса есептегенде		(233,577,017)	(269,421,794)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(179,786)	(2,283,525)
Бірлескен ұйымдардағы үлестерді сатудан түскен түсімдер		19,574,965	8,294,044
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		1,201,930	15,528,122
Бірлескен ұйымдарға инвестицияларды сатып алу	7	(1,358,000)	(2,465,230)
Басқа да қаржы активтеріне инвестициялар		(79,483,430)	(82,842,991)
Басқа да қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер		53,576,781	102,711,572
Бірлескен ұйымдардардан алынған дивидендтер	7	1,663,776	1,659,754
Еншілес ұйымның және тоқтатылған қызметтің шығуымен байланысты ақша қаражатының таза ағыны		1,439,753	1,160,952
Басқасы		2,922,657	1,719,743
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы		**(234,218,371)**	**(225,939,353)**

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (мың теңге)

	Ескертулер	2017 ж.	2016 ж.
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жарғылық капиталға жарна	15	66,852,000	127,923,000
Несиелер алу		422,633,321	178,830,508
Несиелерді өтеу		(441,129,812)	(235,886,216)
Еншілес ұйымдағы басқарылмайтын қатысу үлесін сатудан түскен табыс	15	24,067,880	9,000,000
Төленген дивидендтер мен бөлулер		(1,387,500)	(39,682)
Акционер пайдасына тағайындалған активті сатып алу		-	(7,172,307)
Басқасы		(955,643)	(716,247)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза қозғалысы		**70,080,246**	**71,939,056**
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы/ (азаюы)		**17,970,997**	**(4,554,972)**
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	11	67,085,431	74,903,521
Шетелдік валютада берілген ақша қаражаты мен оның баламаларының балансына валюта бағамдары өзгеруінің әсері		(673,108)	(3,263,118)
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	11	**84,383,320**	**67,085,431**
Ақшалай емес операциялар:			
Банк жабдықтаушыға тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу		11,127,370	21,613,436
Теміржол әкімшілігі бойынша қарызды өзара есептеу		8,342,017	8,507,263
Несиелерді ұзақ мерзімді активтер есебінен өтеу		775,900	47,832,538

Топ басшылығы атынан:

Қ.К. Алпысбаев	**Ж.Х. Мадиев**	**Н.Х. Әбілова**
Президент	**Қаржы вице-президенті**	**Бас бухгалтер**
13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.	13 наурыз 2018 ж.

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңге)

	Жарғылық капитал	Хеджирлеу резерві	Шетел валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Акционердің үлесі	Бақылау жасалмайтын иелену үлестері	Капитал жиынтығы
2016 ж. 1 қаңтарына	**865,393,896**	**(43,491,357)**	**4,601,406**	**142,411,682**	**968,915,627**	**(651,552)**	**968,264,075**
Жыл іші пайда	-	-	-	40,979,582	40,979,582	297,037	41,276,619
Жыл іші басқа жиынтық табыс/(залал)	-	4,417,426	(491,400)	4,106,607	8,032,633	4,581	8,037,214
Жыл іші жиынтық табыс/(залал)	-	4,417,426	(491,400)	45,086,189	49,012,215	301,618	49,313,833
Акцияларды шығару (15 Ескерту)	128,066,584	-	-	-	128,066,584	-	128,066,584
Дивидендтер	-	-	-	-	-	(39,682)	(39,682)
Басқа да бөлулер (15 Ескерту)	-	-	-	657,924	657,924	-	657,924
Басқа да жарналар (15 Ескерту)	-	-	-	12,770,576	12,770,576	-	12,770,576
Еншілес ұйымдардың шығуы (27 Ескерту)	-	-	-	-	-	(98)	(98)
Бақылаудың жойылуына алып келмейтін еншілес ұйымдардағы иелену үлесінің өзгеруі (15 Ескерту)	-	-	-	(2,425,063)	(2,425,063)	11,425,063	9,000,000
2016 ж. 31 желтоқсанына	**993,460,480**	**(39,073,931)**	**4,110,006**	**198,501,308**	**1,156,997,863**	**11,035,349**	**1,168,033,212**
2017 ж. 1 қаңтарына	**993,460,480**	**(39,073,931)**	**4,110,006**	**198,501,308**	**1,156,997,863**	**11,035,349**	**1,168,033,212**
Жыл іші пайда	-	-	-	11,399,401	11,399,401	1,555,725	12,955,126
Жыл іші басқа жиынтық табыс/(залал)	-	(3,479,319)	841,353	(1,553,621)	(4,191,587)	-	(4,191,587)
Жыл іші жиынтық табыс/(залал)	-	(3,479,319)	841,353	9,845,780	7,207,814	1,555,725	8,763,539
Акцияларды шығару (15 Ескерту)	69,174,567	-	-	-	69,174,567	-	69,174,567
Дивидендтер	-	-	-	-	-	(2,142,736)	(2,142,736)
Басқа да бөлулер (15 Ескерту)	-	-	-	(9,145,190)	(9,145,190)	-	(9,145,190)
Еншілес ұйымдардың шығуы (27 Ескерту)	-	-	(107,775)	-	(107,775)	(9,444)	(117,219)
Бақылаудың жойылуына алып келмейтін еншілес ұйымдардағы иелену үлесінің өзгеруі (15 Ескерту)	-	-	-	7,546,710	7,546,710	16,516,570	24,063,280
2017 ж. 31 желтоқсанына	**1,062,635,047**	**(42,553,250)**	**4,843,584**	**206,748,608**	**1,231,673,989**	**26,955,464**	**1,258,629,453**

Топ басшылығы атынан:

Қ.К. Алпысбаев
Президент
13 наурыз 2018 ж.

Ж.Х. Мадиев
Қаржы вице-президенті
13 наурыз 2018 ж.

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер
13 наурыз 2018 ж.

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (мың теңге)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Мемлекет») қаулысына сәйкес Қазақстанда теміржол саласындағы мемлекеттік активтер жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылған. Компания 2002 ж. 15 мамырда тіркелген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания және онымен толық бақыланатын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижесін көрсетеді. Компанияның тіркелген офисінің мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 6.

Мемлекет атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияның жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Топ Қазақстан Республикасында Мемлекет бақылайтын мемлекеттік теміржол жүйесін пайдалануды жүк және жолаушылар тасымалы қызметін көрсету арқылы және теміржол инфрақұрылымын жөндеу мен ұстау арқылы жүзеге асырады. Мемлекет Қазақстанның теміржол саласын реттеу аясында жүк және жолаушылар тасымалында Топ қолданатын тарифтерді белгілейді. Жолаушылар тасымалының белгілі бір бағыттары мемлекеттік гранттармен субсидиялауға жатады. Осы реттелетін тарифтер бір бірінен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызмет түріне байланысты ажыратылады. Халықаралық транзиттік қатынас арқылы жүктерді тасымалдау бойынша тариф Мемлекетпен реттелмейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») магистральді темір жол жүйесі қызметіне тарифтерді 2016-2020 жж.-ға жүк тасымалына тарифтің жыл сайынғы 4%-дық өсімімен бекітті.

2017 ж. 1 сәуірінен бастап ТМРК жүк тасымалы қызметі бойынша тарифтердің өсуін мақұлдады. Нәтижесінде, 2017 ж. ішінде темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау бойынша тарифтердің орташа өсімі 5%-ды құрады (2016 ж.: 4%), оның ішінде магистральді темір жол жүйесі қызметіне тариф өсімі 4%-ды (2016 ж.: 4%) және локомотивтік тартқыш қызметіне тариф өсімі 7%-ды құрады (2016 ж.: 4.6%).

2017 ж. 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министірлігі, құзіретті органның атынан, облысаралық бағыттарда жүретін кейбір маршруттарға жолаушылар тасымалы бойынша тарифтердің 7%-ға өсуін бекітті (2016 ж.: 10%).

Қазақстан Республикасының нарығы дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді, яғни экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңи тәуекелдерге шалдыққыштықты танытуда. Қазақстандағы бизнесті реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгере алады және оларды негізсіз түсіндірудің мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ экономикалық бағыты мемлекеттің салықтық және ақша-несиелік саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге және мемлекеттегі саяси жағдайдың өзгеруіне айтарлықтай тәуелді.

Қазақстан мұнай мен газдың зор көлемін өндіретіндіктен және экспорттайтындықтан Қазақстанның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағасының өзгеруіне аса сезімтал. 2014-2016 жж. ішінде энергия қорларының бағасы айтарлықтай төмендеді, бұл экспорттық табыстың төмендеуіне алып келді.

Топ басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылап, жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын ▶

қамтамыз ету үшін қажетті деп санайтын шараларды іске асырып отыр. Алайда, бүгінгі таңда Топтың болашақ шаруашылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына экономикалық жағдайдағы өзгерістердің әсерін анықтау қиын.

Мемлекет Топтың құрылымына бақылау жүргізе отырып темір жол қызметінің Қазақстан Республикасындағы ұзақ мерзімді саясатын айқындайды. Қазақстан Республикасының темір жол саласы 1997 ж. бастап қайта құрылымдау барысында, ол жүк тасымалы және инфрақұрылым және оған сәйкес тарифтердің бөлінуін қарастырып, сонымен қоса жолаушылар тасымалын субсидиялауын қамтиды. Топтың 2025 ж. дейінгі даму стратегиясына сәйкес «Локомотив» АҚ негізінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құрылды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ 2016 ж. 1 шілдеден бастап жүктерді тасымалдау бой-ынша қызмет көрсетуде. ҚР Үкіметінің Қаулысымен 2017 ж. қыркүйекте «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ға Ұлттық жүк тасымалдаушы мәртебесі берілді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕСК») жарияланған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қызмет үздіксіздігі қағидасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалы негізінде дайындалған. Бұл Топ жақын болашақта өзінің активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді өзінің негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруын ұйғарады.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 90,556,549 мың теңгеге үлкен (31 желтоқсан 2016 ж.: 137,921,380 мың теңге). Топ көлемді инвестициялық жобаларды операциялық қызметтен түскен ақша қаражатымен қоса Мемлекеттен алынған капитал мен сыртқы несиелер арқылы тарихи қаржыландырды. 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 93,751,143 мың теңге көлеміндегі несиелері есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтелуі қажет. Топ өзінің ақша қаражаттарына деген қажеттілігін, міндет-темелері бойынша өтеу қабілетін және даму жоспарын бағалады. Басшылық қызмет үздіксіздігі жорамалын бағалау кезінде Топтың қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерін және қызметтен ақша ағымдарын, несиелерін, қол жетімді несие қорлары мен өзінің инвестициялық сипаттағы міндеттемелерін, күтілетін тарифтерді, валюта бағамын және Топ алдынан өтетін басқа да тәуекелдерді есепке алды. Сәйкес талдауды жүзеге асырғаннан кейін Топ басшылығы Топ операциялық қызметті жалғастыру үшін және өзінің міндеттемелерін (32 Ескерту) өтеу үшін жеткілікті қорларға ие деп есептеді және қызмет үздіксіздігі қағидасын қолдану орынды деп санады.

Құнды анықтау негізі

Есеп беру күніне бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидасы негізінде дайындалған.

Шоғырландыру қағидасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 30 Ескертуде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдарымен бақыланатын ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды. Елеулі ықпалы бар Топ инвестициялары үлестік қатысу әдісі арқылы есепке алынады. Барлық топішілік операциялар, сальдо және өткізілмеген табыстар мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталынады.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген. Топтың функционалдық ва-

лютасы теңге болып табылмайтын шетел ұйымдарының активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, ал пайдалар немесе залалдар жыл іші орташа бағам бойынша аударылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағамдық айырмашылықтар басқа да жиынтық табыстарда ескеріледі. Шетелдік ұйымдар шыққан кезде, аталған шетелдік ұйымдарға тиесілі барлық жинақталған бағам айырмашылықтары пайда мен залалда танылады.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерде толық айырбасталатын валюта болып табылмайды. Топтың функционалды валютасынан басқа в валютадағы (шетелдік валютадағы) операциялар Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Reuters ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына кроссбағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелері есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалды валютасына қайта есептеледі. Операцияны жасаған күнінен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын барлық бағамдық айырмашылықтар пайда мен залалда көрсетіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

Келесі кестеде мына күндерге теңгенің айырбастау бағамы берілген:

	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	332.33	333.29
Еуро	398.23	352.42
Швейцар франкі	340.61	328.14
Ресей рублі	5.77	5.43

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

2016 ж. тамызда Топ Басшылығы Топтың есеп жүргізу қағидаларына, бухгалтерлік пайымдауларына, ұсыну мен есеп жүргізу әдістеріне елеулі өзгерістер енгізбейтін және қайта еңгізіліп шығарылған стандарттар мен оларға арналған түзетулерді қамтитын Есеп саясатының жаңа редакциясын бекітті.

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылы Топ 2017 ж. 1 қаңтарынан қолдануға міндетті ХҚЕСК жариялаған ХҚЕС-ке біршама түзетулерді қолданды.

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашып көрсетудегі бастамаға» түзетулер

Топ осы түзетулерді бірінші рет ағымдағы кезеңде қолданды. Түзетулер ақпаратты ашып көрсетуге байланысты талаптарды енгізеді. Бұл талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға міндеттемелердің қаржылық қызмет нәтижесіндегі өзгерісін бағалауға көмектеседі.

Топтың қаржылық қызметі бойынша міндеттемелері қарыз алу (16 Ескерту) және қаржылық жал бойынша міндеттемелері (17 Ескерту) нәтижесінде пайда болады. Кіріс және шығыс қалдықтарының салыстырылуы 16 Ескертуде көрсетілген. Түзетулердің өту шарттарына сәйкес, Топ алдағы кезеңге қатысты салыстырмалы ақпаратты ашып көрсеткен жоқ.

16 Ескертуде көрсетілген қосымша ақпаратты ашып көрсетуден басқа, осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IAS) 12 « Іске асырылмаған залалға қатысты кейінге қалдырылған активтерді тануға» түзетулер

Топ осы түзетулерді бірінші рет ағымдағы кезеңде қолданды. Түзетулер ұйымның шегерілетін уақытша айырмашылықтардың өзара есепке алынуы мүмкін болған елеулі салық салынатын пайданың барын қалай бағалай алатыны туралы түсініктеме береді. ▶

Осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, себебі Топ болашақ салық салынатын пайданың жеткіліктілігін стандартқа түзетілерде көрсетілген әдіске ұқсас әдіспен бағалайды.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған стандарттар

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелерді мерзімінен бұрын қолданбады.

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар»[1]
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен келісімшарттар бойынша түсім»[1]
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жал»[2]
- ХҚЕС (IFRS) 10 и ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер Инвестор мен оның қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдарының арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна ретінде салу[3]
- ХҚЕС (IAS) 40 Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін аудару[1]
- ХҚЕС-тің жыл сайынғы жаңартулары, 2014-2016 жж.[1]
- ХҚЕС-тің жыл сайынғы жаңартулары, 2015-2017 жж.[2]
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 « Шетел валютасындағы операциялар мер алдын ала төлем»[1]
- ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Салық салынатын пайданы есептеу ережесіндегі белгісіздік жағдай»[2]

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар»

2009 ж. қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» қаржы активтерін жіктеу мен бағалауға жаңа талаптарды енгізеді. 2010 ж. қазанда, қаржылық міндеттемелерді жіктеу мен бағалау және тоқтатылған деп тану бойынша жаңа талаптар мен түзетулер енгізілді. 2013 ж. қарашада стандарт хеджирлеуді есепке алу бойынша талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 ж. шілдеде шығарылды. Негізгі өзгертулер а) қаржылық активтердің құнсыздану талаптарын; б) қаржылық активтерді жіктеу және бағалау бойынша түзетулерді, оның ішінде қарапайым борыштық құралдардың белгілі бір түрі үшін қаржылық активтердің «әділ құны бойынша басқа да жиынтық табыс арқылы бағаланатын» жаңа категориясын енгізуді қозғады.

ХҚЕС (IFRS) 9 негізгі талаптары:

- *Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау.* ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылу аясындағы барлық қаржылық активтер, олар бастапқы танылғаннан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда, бизнес-моделі аясында ұсталатын, шартпен көзделген және тек қана негізгі сомадан және сол бойынша пайыздардан ғана тұратын ақша ағындарын алуға бағытталған борыштық құралдар, әдетте, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Бизнес-моделі аясында ұсталатын, шартпен көзделген ақша ағындарын алуға және қаржылық активті сатуға бағытталған, сондай-ақ, келісімшартта көрсетілген шарттарға сәйкес ақшалай ағындарын тек қана борыштың негізгі сомасы мен негізгі сомасы бойынша өтелмеген пайыздарды өтеуден алуға бағыттылған борыштық құралдар, әдетте, басқа да жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Барлық басқа да борыштық және үлестік құралдар әділ құны бойынша пайда мен залал арқылы бағаланады. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес ұйым басқа да жиынтық табыс құрамында бастапқы танылғаннан кейінгі үлестік құралдардың (сауда үшін арналмаған және шартты өтеу болып табылмайтын, ХҚЕС (IFRS) 3 сейкес сатып алушы бизнесті біріктірудің бір бөлігі ретінде танылған) құнының өзгерісін, ал пайда мен

[1] 2018 ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін әрекет етеді, мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар.

[2] 2019 ж. 1 қаңтарынан басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін әрекет етеді, мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар.

[3] Күшіне ену сәті кейін анықталады.

залалда тек қана дивидендтерден түскен табысты көрсету туралы шешімді одан кейінгі уақытта бас тарта алу құқығынсыз қабылдай алады.

- *Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау.* Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі басқа да жиынтық табыс құрамында танылуы қажет. Бұндай жағдай қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгерісі олардың өздерінің несиелік тәуекелдерінің өзгеруімен байланысты болса орын алады. Сонымен қатар, егер де бұндай тану пайда мен залалдың жалпы танылуында теңсіздіктің пайда болуына немесе ұлғауюына әкелмесе орын алады. Қаржылық міндеттемелердің меншікті несиелік тәуекелінің өзгеруімен байланысты әділ құнының өзгеруі пайда мен залалға кейіннен қайта жіктелмейді. ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп сыныпталған қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгерісі пайда мен залалда танылады.

- *Құнсыздану.* Қаржы активтерінің құнсыздануын анықтау кезінде ХҚЕС (IAS) 39 талап ететін шеккен шығындар моделін емес, ХҚЕС (IFRS) 9 талап ететін күтілетін несиелік шығындар моделін қолдануын талап етеді. Қаржылық активтерді тану күнінен бастап несиелік тәуекелдің өзгерістерін көрсету үшін, күтілетін несиелік шығындардың моделі, күтілетін несиелік шығындардың әрбір есепті күнге өзгерістерін есепке алуды талап етеді.

- *Хеджирлеу есебі.* Хеджирлеуді есепке алудың жаңа ережелері ХҚЕС (IAS) 39 бекіткен хеджирлеу қатынастарының үш түрін сақтайды. ХҚЕС (IFRS) 9 әртүрлі операцияларға хеджирлеу есебін қолдану мүмкіндігіне қатысты неғұрлым жеңіл ережелерді қамтиды, хеджирлеу құралдары ретінде танылуы мүмкін қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілді, сондай-ақ тәуекел компоненттеріне қолдануға болатын хеджирлеу есебінің тізбесі кеңейтілді. Сонымен қатар, тиімділік тесті тұжырымдамасы экономикалық қарым-қатынастың бар болуы қағидасына ауыстырылды. Хеджирлеу есебінің тиімділігін ретроспективті бағалау бұдан былай қажет емес. Тәуекелдерді басқару жөніндегі ақпаратты ашып көрсету талаптары айтарлықтай кеңейтілді.

- *Танылудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын қаржылық құралдардың модификациясы немесе айырбасталуының есебі.* Жаңа стандарт танылудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын қаржылық құралдардың модификациясы немесе айырбасталуының есебі бойынша жаңа талаптарды енгізеді. Амортизациялық құнымен есепке алынатын қаржылық құралдың модификациясынан пайда болатын табыс немесе шығын пайда мен шығын құрамында танылуы қажет. Табыс немесе шығын бастапқы ақша ағындары мен болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылықты есептеу арқылы анықталады. Болашақ ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық құралдың бастапқы тиімді пайыз мөлшерлемесін қолдану арқылы есептеледі.

Топ ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына өту кезеңі барысында 2018 ж. 1 қаңтарынан бастап жаңартылған ретроспективті әдісті қолдануды таңдады. Сәйкесінше, 2017 ж. үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді, ал жалпы жинақталған әсер 2018 ж. 1 қаңтарына кіріс сальдосы арқылы көрсетілетін болады.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің ағымдағы бағалуы мен талдауының нәтижесінде және есептік күнге тиесілі болған фактілер мен жағдайлардың негізінде, Топ басшылығы 2018 ж. 1 қаңтарынан бастап жаңа стандарттың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жалпы жинақталған 8,758,759 мың теңге көлемінде бөлінбеген пайда арқылы әсер етеді деп күтеді, толық сипаттама төменде келтірілген.

Топ қаржылық активтер мен міндеттемелердің сыныпталуы мен бағалауы бойынша айтарлықтай өзгерістерді күтпейді.

Құнсыздануды жаңа моделі амортизациялық құнымен бағаланатын қаржылық активтерге қатысты, басқа да жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздық құралдарға қатысты, шарттар бойынша активтерге қатысты және қаржылық кепілдіктер шарттарына қатысты активтерге қатысты күтілетін несие заладарының танылуын талап етеді (ХҚЕС (IAS) 39 нақты шеккен залалдарды тануды талап етеді). Өзінің сауда дебиторлық берешегіне қатысты Топ жеңілдетілген әдісті қолданды. Бұл әдіс бойынша күтілетін несие залалдары сауда дебиторлық берешектің бүкіл мерзімі үшін танылады. Байланысты тараптар мен сенімгерлік басқару астындағы ұйымдарға берілген несиелерге және басқа да қаржы активтеріне, соның ішінде ақша қаражаттары мен оның баламаларына, қатысты күтілетін несие залалдары бүкіл мерзім үшін немесе 12 ай үшін танылатын болады. Бастапқы танудан кейін осы құралдар бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюдың күтілуіне байланысты мерзім анықталады. Жасалған талдау нәтижелері бойынша Топ күмәнді сауда және басқа да дебиторлық берешек бойынша 315,151 мың теңге көлемінде, амортизацияланған құнымен бағаланатын қарыздық қаржылық активтер бойынша (берілген несиелер) 183,996 мың теңге көлемінде, несиелік ұйымдардағы (банктер) ақша қаражаттары (ақша қаражаттары мен оның баламалары, қолданылуы шектеулі ақша қаражаттары және да қаржы активтерін қоскқанда) бойынша 272,499 мың теңге көлемінде, шығарылған қаржылық кепілдіктер бойынша 1,903,144 мың теңге көлемінде резервтің елеусіз өзгеруін күтеді. Топ басшылығы осы бағалаударда айтарлықтай өзгерістерді күтпейді.

Топ ХҚЕС (IFRS) 9 жаңа талаптарына сай қарыздық міндеттемелердің танылуының тоқталуына әкеліп соқтырмаған модификация мен айырбастаудан болатын әсерді есептеді. Басшылықтың бағалауларына сай ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан қаржылық міндеттемелердің баланстық құндарындағы айырмашылық 2018 ж. 1 қаңтарындағы бөлінбеген пайда арқылы өткізіліп, 6,083,969 мың теңгені құрады.

Топ хеджирлеу құралдарының есебінде айтарлықтай өзгерістерді күтпегендіктен транзиттік жүк тасымалының ақша ағындарын хеджирлеу есебінде ХҚЕС (IAS) 39 талаптарын қолдануды жалғастыруда. Бұл ХҚЕС (IFRS) 9 өту кезеңі талаптарымен рұқсат етілген.

ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен келісімшарттар бойынша түсім»

ХҚЕС (IFRS) 15 негізгі принципі: ұйым түсімді клиенттерге уәде етілген тауарлар немесе қызметтерді клиенттерге берумен қатар сыйақыға сай келетін сомада тану керек. Ұйым сол сомаға өзінің құқығы бар деп ұйғарады. Атап айтқанда, стандарт табысты тану бойынша бес қадамды моделді енгізеді:

1 қадам: Сатып алушымен келісім-шартты анықтау;

2 қадам: Келісім-шарт бойынша орындалуға тиісті міндеттемелерді анықтау;

3 қадам: Келісім-шарттың бағасын анықтау;

4 қадам: Мәміле бағасын келісім-шарт бойынша орындалуға тиісті міндеттемелерге қатысты бөліп тарату;

5 қадам: Ұйым шарт бойынша орындауға тиісті міндеттемелерін орындауымен қатар табыстарды тану;

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес түсім ұйым түсімді орындаушы өз міндеттемерін орындаған кезде, яғни тауарлар мен қызметтерге бақылау орындаушыдан сатып алушыға ауысқан кезде танылады. Стандарт әртүрлі мәмілелерді есепке алу бойынша егжей-тегжейлі талаптарды қамтиды. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 15 ақпарат көлемін толығырақ ашуды талап етеді.

2016 ж. сәуірде, ХҚЕС жөніндегі Кеңес орындауға қатысты міндеттемелерді сәйкестендіруге, «принципал-агент» қарым-қатынас талдауына, сондай-ақ лицензиялау нұсқаулығын қолдануға қатысты ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулер енгізді.

2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылға тиісті Топтың тұрақты табыстарын, жеке шарттардың талаптарын және есептік күнде бар болған фактілер мен жағдайларды талдау негізінде Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 15 шоғырландырылған қаржылық есептіліктің табыстарына елеулі әсер етпейді деп күтеді. Алайда, жаңа стандартпен талап етілетін акпаратты ашу талаптары кеңейтіледі. Бұл қаржылық есептілікті қолданушыларға сатып алушылармен келісімшарт негізінде пайда болатын табыстың сипаты, көлемі, мерзімі, белгісіздігі және ақша ағындары жайлы толығырақ ақпарат береді.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік»

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік» жалгерлік бойынша шарттарға, жалға беруші және жалға алушының есебіне қатысты біріккен моделді енгізеді. Жаңа стандарт күшіне енгеннен кейін ХҚЕС (IAS) 17 және барлық онымен байланысты түсініктемелерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 16 жалға беру шарттары және қызмет көрсету шарттарын сатып алушының анықталған активті бақылай алу қабілеті бар болуы негізінде ажыратады. Жалға алушы үшін операциялық жал (баланстан тыс есеп) мен қаржылық жалдың (баланстағы есеп) арасында айырмашылық енді жоқ, оның орнына жалға алушының есебінде пайдалану құқығы формасында актив және оған тиісті міндеттеме барлық жал шарттарына қатысты танылуы тиіс. Бұл талап қысқа мерзімді жал мен төмен құнды активтерге таратылмайды.

Пайдалану құқығы формасында актив басында бастапқы құны бойынша танылады, бастапқы құны бойынша танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсыздануан жинақталған залалды шегергеннен кейінгі бастапқы құнымен (бірнеше жағдайларды ескермегенде) жалдау бойынша міндеттемелерге қайта бағалау түзетулерін енгізгеннен кейін танылады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттеме бойынша пайыздарға және жал төлемдеріне, сондай-ақ, жалға алу шартының модификацияларының әсерне түзетіледі. Сонымен қатар, ақша ағындарының сыныпталуы да өзгереді, себебі операциялық жал шарттары бойынша жал төлемдері ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде көрсетіледі, ал ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жал төлемдері міндеттеменің негізгі сомасын өтеу мен процентерге бөлінеді де, сәйкесінше, қаржылық қызметтен және операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде көрсетіледі.

Жалға алушының есебіне қарағанда, жалға берушінің ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес есебі ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес есепке қарағанда айтарлықтай өзгерген жоқ, және де жал келісімшарттарын операциялық немесе қаржылық жал ретінде бөлуді талап етеді.

Бұлардан басқа, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес ақпаратты ашуға қатысты талаптар айтарлықтай кеңейді.

Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік» болашақта қолданылуы активтер мен міндеттемелердің сомаларына елеулі ықпал ете алады деп күтеді, сондықтан да Топ жалға алушы болып табылатын барлық жал келісімшарттары бойынша активтерін, қысқа мерзімді жал мен төмен құнды активтерден басқа, пайдалану құқығы формасындағы актив ретінде есептілікте көрсететін болады.

Қазіргі уақытта басшылық ХҚЕС (IFRS) 16-ның Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін бағалау үстінде, сондықтан да жүргізіліп жатқан бағалау аяқталмайынша жаңа стандарттың сандық бағасын беру мүмкін емес. Басшылық 2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жаңа стандарттың қаржылық есептілікке әсерін толығырақ талдап, қаржылық есептілікте көрсететін болады.

Топ басшылығы 2018 ж. 1 қаңтарынан күшіне енетін басқа да шығарылған стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелердің қолданылуы шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі ықпал етпейді деп санайды.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар кез келген жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегергеннен кейінгі нақты шығындар моделі бойынша көрсетіледі.

Кейінгі шығындар

Активтің пайдалы қызмет көрсету мерзімі кезінде шығындалатын техникалық ұстау бойынша шағындар (активті жақсы қалпында ұстау үшін жүргізілетін техникалық ұстау бойынша тұрақты жұмыстар), және де жөндеу бойынша шығындар (техникалық тексеру, техникалық ұстау бойынша келісім-шарттар және т.б.) операциялық шығындар ретінде есепке алынады.

Активті ХҚЕС (IAS) 16 «Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар» сәйкес тану үшін қажетті сипаттамаларды қанағаттандыратын шығындар ғана капиталданады.

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс құрамына құрылыс кезінде шығындалған тікелей жатқызылатын жанама шығындардың сәйкес бөлулерін қоса-қанда жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу және салу бойынша шығындар жатады. Осындай активтер бойынша құнсыздануды есепке алу басқа жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша құнсыздануды есепке алу негізінде есепке алынады, және де құнсыздануды есептеу актив пайдалануға дайын болған мерзімінен басталады. Аяқталмаған құрылыстың ағымдағы құны оын дұрыс есепке алу мақсатымен және құнсыздануды залалдарды тану мақсатымен әрдайым қайта қаралады.

Несиелер бойынша шығындар

Топ сыныпталатын активтерді сатып алумен, салумен және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындарды, сондай-ақ осы активтің құнының бір бөлігін капиталдандырады.

Топ ортақ мақсатқа жұмылдырылған несиелерді олардың сыныпталатын активті алу үшін тікелей жұмсалған шығындарының көлемінде ғана капиталдандырады. Капиталдандыру мөлшерлемесі ретінде Топтың сыныпталатын активтерінің салынуы мен өндіруіне жұмсалған несие шығындары бойынша орташа безбенделген өлшемі алынады. Алайда, активті тікелей сатып алу бойынша шығындар орташа безбенделген өлшемді анықтағанда есепке алынбайды.

Оларды сыныпталатын активтерге пайдалану күтілетін жекелеген несиелердің уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық табыс капитализацияға жарамды несиелер бойынша шығындардан шегеріледі.

Несиелер бойынша шығындар сондай-ақ шетелдік валютамен қарыз алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды қамтиды, пайыздарды төлеу бойынша залалдарды түзету болып саналады. Пайыздарды төлеу залалдарын түзету түрінде капиталдандырылған бағамдық айырмашылық сомасы егер де қарыз жергілікті валютада алынған болатын жағдайда, Топ капиталдандырған пайыздарды төлеу сомасынан аспайды. Бағамдық айырмашылықтың кез-келген асуы пайда мен залалда көрсетіледі.

Несиелер бойынша өзге шығындар олар туындайтын кезеңдегі пайда мен залалда танылады.

Тауарлық материалдық қорлар

Тауарлық материалдық қорлар өзіндік құн мәндерінің немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және ағымдағы күйге келтіруге байланысты келтірілген шығындар кіреді. Өткізудің таза құны аяқтауға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындарын шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнының бағасын білдіреді. Босалқылар өндіріске жіберу, сату және де басқа босату түрлері барысында орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан алынған ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Орналастырудың заңи тіркелуі жүзеге асырылмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат қосымша төленген жарғылық капитал ретінде тіркеу сәтіне дейін танылады. Тіркелуден кейін түсімдер жарғылық капиталға ауыстырылады.

Басқа салымдар

Топ Акционермен активтерді алу, нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған несиелер бойынша әділ құнға дейін түзету сияқты операцияларды және Топтың жарғылық апиталында қосымша үлес алуға әкелмейтін Акционермен өзге де операциялар жасайды. Топ мұндай операцияларды бөлінбеген пайда арқылы көрсетеді.

Басқа да бөлулер

Бөлу Топ ақшалай қаражатты немесе ақшалай емес активтерді Акционерге/соңғы Акционерге өтеусіз негізде беруді міндеттенгенде капиталдың құрамында танылады және мұндай міндеттеменің сомасы сенімді бағалануы мүмкін. Бөлу капиталдың құрамында қолдану мүмкін болатын кейінге қалдырылған салықтың кез келген әсері алынған құн бойынша танылады.

Қаржылық құралдар

Қаржылық құралдар бір жақта қаржылық активтің екінші жақта қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына алып келетін келісім-шарттар болып табылады.

Қаржылық құралдар бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Әділ құны тәуелсіз қызығушылығы бар жақтар арасында келісілген сыйақы сомасын білдіреді.

Кейінгі бағалау қаржылық құралдардың сыныпталуына байланысты. Несие мен дебиторлық берешек ретінде сыныпталған дебиторлық берешек пен инвестициялар амортизацияланған құны бойынша тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі арқылы бағаланады. Сату үшін қолда бар деп сыныпталған үлестік капиталға кейбір инвестициялар сатып алу құны бойынша есепке алынады, өйткені әділ құнын шынайы түрде анықтау мүмкін емес. Басқа да міндеттемелер деп сыныпталған кредиторлық берешек, есептелген міндеттемелер, несиелер, төленетін дивидендтер мен басқа да міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша есепке алынады.

Хеджерлеу есебі

Топ әділ құнды хеджерлеудің құралы, ақша ағындарын хеджерлеу құралы немесе шетел құрылымға таза инвестицияларды хеджерлеу құралы ретінде туынды қаржылық құралдарды, орнатылған туынды қаржылық құралдарды және орнатылмаған туынды қаржылық құралдарды (валюталық тәуекел бойынша) қоса қанда хеджерлеудің жеке құралдарын белгілейді. Болашақ мәмілелердің міндеттемелері бойынша валюталық тәуекелді хеджерлеу ақша ағындарын хеджерлеу құралы ретінде есепке алынады.

Топ хеджерлеу құралдары мен хеджерленетін тармақ арасындағы қатынасты олар тәуекелдерді басқару мен хеджерлеу стратегиясына байланысты танылған мезеттен бастап құжаттайды. Сонымен қоса, хеджерлеу қатынасын белгілеу барысында Топ хеджирлеу құралының тиімділігін әрдайым құжаттайды. Тиімділік хеджерлеу тәуекеліне жатқызылатын хеджерлеу тармағымен байланысты әділ құнның немесе ақша ағымының өгзеруін өтеу негізінде қарастырылады. ▶

Ақша ағындарын хеджерлеу

Ақша ағындарын хеджерлеудің құралы ретінде белгіленген және тану шарттарын қанағаттандырған қаржылық құралдардың әділ құнының өзгеруінің тиімді үлесі басқа да жалпы табыста көрсетіледі және ақша ағындарын хеджирлеу резервінде жинақталады. Ақша ағындарын хеджерлеудің әділ құнының өзгеруінің тиімді емес бөлігі есепті кезеңнің пайда мен залалына қосылады да қаржылық шығын жолында көрсетіледі.

Басқа да жалпы табыста танылған сома пайда мен залалға әсер еткен кезеңдерде хеджерленетін тармақ хеджерленетін тармақ шығысқа шығарылатын жол бойынша пайда мен залалға сыныпталады.

Хеджерлеу есебі тоқталатын күн:

а) Топ хеджерлеу қатынасын тоқтатқан кезде;

ә) хеджерлеу құралының мерзімі аяқталған кезде, хеджерлеу құралы сатылған, орындалған немесе келісімшарт бұзылған кезде;

б) қаржылық құрал ретінде танылу үшін қажетті шарттардың орындалуы тоқтатылған кезде.

Басқа да жалпы табыста жинақталған өзгерістер ықтималдылығы жоғары деп саналған мәміле нәтижелерімен бір уақытта пайда немесе залалға есептен шығарылады. Егер ықтималдылығы жоғары деп саналған мәмілені жүзеге асыру күтілмесе, басқа да жалпы табыста жинақталған сәйкес өзгертулер бірден пайда мен залалға жатқызылады.

Табыстарды тану

Табыстар Топ қандай да бір экономикалық пайда алуы мүмкін болуына және табыстар жеткілікті дәлдік дәрежеде есептелуіне немесе бағалануына карай сыйақының әділ құнымен танылады.

Егер де тасымалдаудың аяқталу дәрежесі мен табыс сомасы жеткілікті мөлшерде анықталатын болса, тасымалдауға қатысты табыс, тасымалдауды аяқтау дәрежесіне қарай қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілік күніне танылады. Жүкті тасымалдау процесінің аяқталу дәрежесі жүктің жіберілген және келген күндері (шығыс станциясының түйісу қиылысында) деректерге сай жалпы қызмет көлеміне, есеп күніне көрсетілген қызмет көлемінің пайыздық салмағы ретінде есептеледі.

Әлі көрсетілмеген тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтінде тапсырыс берушіден алынған аванс құрамында көрсетіледі. Көрсетілген қызметтерден түсетін күтілетін есептелінген табысқа шамамен тең тапсырыс берушіден алынған аванстар, қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте қысқа мерзімді басқа да міндеттемелер құрамында болашақ табыста танылады. Болашақ кезеңдердің табыстары қызметтердің көрсетілуіне қарай табыстарға жатқызылады.

Вагондарды пайдаланғаны үшін қызметтерге қатысты табыс Топтың вагондарын пайдалану кезеңінде танылады.

Тауарларды өткізу қатынасында табыс тауарды жеткізу және меншік құқығының өтуі кезінде танылады; мұнымен қатар тану кезінде келесі шарттар орындалуы тиіс:

- топ сатып алушыға тауарды иемденуге байланысты маңызды тәуекелдер мен пайдаларды берді;
- бұдан бұлай Топ сол тауарлармен иелену құқығымен әдетте байланысатын дәрежеде басқармайды және сатылған тауарларды тексермейді;
- өткізудің сомасы нақты анықтала алады;
- мәмілемен байланысты экономикалық пайдаларды алуға жоғары ықтимал бар;
- мәміледе болған шығындар немесе күтілетін шығындар сенімді анықтала алады.

Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасында мемлекеттік грант түріндегі әлеуметтік мәні бар бағыттарға жолаушыларды тасымалдауға жұмсалған шығындарды ішінара өтеу үшін Топ субсидия алуға құқығы бар деп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етті. Мемлекеттік гранттар пайда мен залалда, Топ қолданылатын шарттарды орындай алады және гранттар беріледі деген жеткілікті сенімділік болғанда Мемлекет белгілеген төмендетілген тарифпен тасымалдау бойынша қызмет көрсетілген кезеңде танылады. Топ қолданылатын мемлекеттік гранттар бойынша шарттарды орындай алуы және гранттар алынуына негізделген сенімділік шыққан кезге дейін танылмайды.

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есептік күндегі активтер мен міндеттемелердің алынған сомаларына, әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына, есептік кезең бойындағы табыс пен шығынның есептілікке алынған сомаларына әсерін тигізетін пайымдауларды және субъективті бағалаулар мен жорамалдарды Топ Басшылығымен қолдануын көздейді. Осы бағалар тарихи білімге немесе маңызды факторларға негізделгеніне қарамастан, нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есеп саясатын қолданған кезде пайдаланылған елеулі пайымдаулар

Топ Топтың есеп саясатын қолдан кездегі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен елеулі пайымдаулардан басқа, бағалауда белгісіздік орын алған елеулі пайымдаулар төменде көрсетілген

Бақылауды анықтау

Топ бақылайтын ұйымдар еншілес ұйымдар болып табылады. Топ еншілес ұйымды инвестиция нысанына қатысуынан кіріс өзгеруімен байланысты шығынға ұшырағанда немесе ондай кірісті алуға құқығы болса, сондай- ақ инвестициялар нысанына қатынастыықпал өзінің билігін жүзеге асырумен кіріске иелік ету мүмкіндігі болса ғана бақылайды. Еншілес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамына Топ еншілес ұйымға бақылау алған күннен бастап, бақылау тоқтаған күнге дейін енгізіледі. Еншілес ұйымдардың Есеп саясаты олардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру керек болған жағдайда өзгертілетін. Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын үлеске тиесілі залалдар толық көлемде бақыланбайтын үлестер шотына дебеттік сальдоның («дефицит») пайда болуына әкеліп соқтырса да жатқызылады (30 Ескерту).

Топ және Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны,«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ-ны және де кейбір қазақстандық әуежайларды сенімгерлік басқару туралы өзара келісімшарт жасасты. Топ агент болғандықтан, осы ұйымдарға қатысты шешімдерді Комитет мүддесіне негізделіп қабылдайтындықтан, және де ұйымдардан дивидендтерді алмайтындықтан, Топ осы ұйымдарды басқармайды. Сондықтан да Топ осы ұйымдарды еншілес ұйым ретінде танығаң жоқ. Топ Акционермен жасасқан сенімгерлікпен басқару келісімшартының негізінде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес ұйым ретінде таныды. Себебі, сенімгерлік келісім-шарты арқылы Акционермен Топқа берілген кең құзірет негізінде Топ осы ұйымның қызметін жеке дара басақара алады және дивиденттерге ие бола алады.

Сонымен қатар, Топ «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС еншілес ұйымын «ЗИКСТО» ЖШС-ға сенімгерлік басқаруға бергенімен, осы еншілес ұйымды бақылау құқығын сақтап қалды. ▶

Нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемемен алынған несиелер

Топ ұқсас несиелер үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемемен Акционерден/Соңғы акционерден несиелерді алады. Бұл несиелер бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығындар қоса есептелген ақша қаражатының әділ құнын (амортизацияланатын құнын) көрсететін құнмен есепке алынады. Топ капитал құрамында осы несиелердің әділ құнын ұқсас мерзімдік ұзақ мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің мөлшерлемелерін қолданып есептейді және несиені әділ құнына дейін түзетуді таниды (кейінге қалдырылған сәйкес салықты шегергенде). Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған несие мерзіміне экстраполяциялайды. Бастапқы танудан кейін несиелер амортизациялық құнмен тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып есепке алынады.

Активтер, сатуға арналған деп сыныпталған активтер

2015 ж. желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі «2016-2020 жж. арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарын» бекітті және бұл жоспарды орындау мақсатында 2016 ж. ақпан айында Компания Басшылығы сатылатын еншілес ұйымдар, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар тізімін бекітті. ХҚЕС 5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» активті сату бойынша басшылықтың жоғары ықтималдылықпен шешімді қабылдауды талап етеді. Есепті күнгі жағдай бойынша, Компания басшылығы Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру мәртебесін қарады және ХҚЕС 5 өлшемдерге сай белгілі бір инвестицияларды сатуға арналған ретінде жіктеді (Ескерту 14).

Бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде есептің кезеңнің соңына болашаққа қатысты негізгі пайымдалау және бағалаудағы белгісіздіктің басқа негізгі көздері көрсетілген. Бұлардың келесі есепті жылы актив мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі әсер етуінің ықтималдылығы жоғары.

Материалдық активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есептік күніне активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Активтің құнсыздануының индикаторларының болуын анықтау қайта құрылымдау процесіндегі өзгерістер, теміржол индустриясының өсуі, болжамдық ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық жағынан ескіруі, қызмет көрсетудің тоқтатылуы, орын ауыстыруға жұмсалатын ағымдағы шығындар мен құнсыздануды бар екендігін көрсететін жағдайлардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің баланстық құнымен салыстырылады. Құнсыздану баланстық құны активтің өтелетін құнынан артық болған жағдайда танылады. Өтелетін құн екі мәннің: өткізу шығынын шегергендегі активтің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік келешектегі ақша ағындары, басшылықтың пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдық нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін олардың ағымдық құнына дейін дисконтталады, құн капиталдың безбелденген орташа құны негізінде (түзетілген WACC мөлшерлемесі) Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

Құнсыздану индикаторлары бар болғандықтан Компания жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құнсыздануына тестті 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізді.

Компания құнсыздануға тестілеу үшін ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін Топты бір бірлік ретінде қарастырады. Себебі ағымдағы операциялық моделінде ақша қаражаттары-

ның әрбір сегменті жеткілікті тәуелсіз болып табылмайды. Теміржол инфрақұрылымы толық болып табылады және жүк және жолаушылар көлігі қызметіне бөлінбейді, сондықтан жүк және жолаушылар бағыты бойынша алынған ақша ағындарының инфрақұрылымына ешқандай объективті бөлінбейді. Жүктерді тасымалдау, сондай-ақ кросс-субсидиялауға жолаушылар тасымалының қажеттілігі тарифтерінің реттеу ерекшеліктерін ескере отырып, темір жол инфрақұрылымы тиісінше, тәуелсіз ақша ағындарын қозғалысқа келтірмейді, сол себепті құнсыздануға өткізілген тестте Топ ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін, бір бірлік ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Компанияның түпкілікті Акционері бола тұрып, Топтың жекешелендіру процесіне қатысатын компаниялардың тізімін бекітті, жекешелендірудің нәтижесінде топтың бизнес өкілдерімен өзара әрекет етудің жаңа жүйесін құрады. Топтың қайта құрылу үдерісінің аяқталмағанынан, бұл ықтимал оқиғаларды осы жылдың құнсыздануын тестілеу барысында есепке алмаған. Келесі өзгерістер тудырушы бірліктер ретінде танылып Топ активтерінің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Бұдан басқа, қолдағы ең жақсы қол жетімді дәлелдерді қолдана отырып ақша ағымын бағалауда операциялық және қаржылық факторларды, сонымен бірге көптеген субъективті факторлар есепке алынған.

Тарихи қалыптасқан ақпарат және жоспарланған сұраныс көлемдері негізінде тестілеуде қолданылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың ең ықтимал көлемін, сонымен бірге транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық пайымдаулар тарифтің болжамды деңгейімен, өсуімен, берілетін жеңілдіктер және де теңгенің АҚШ долларына және Швейцар франкіне шаққандағы болжамды бағам өзгеруімен байланысты елеулі бағалаулардан тұрады. Есептеуде қолданылған негізгі ұзақ мерзімді жорамалдарға тарифтердің жыл сайынғы 4%-ға өсуі, АҚШ долларының айырбастау бағамы - бір долларға шаққанда 340 теңге және дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесі 13.21% екендігі жатады. Осы жорамалдар шынайы жағдайларда көрсетілген.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолдану бағалығын есептеу нәтижесінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құнсыздануы анықталған жоқ. Сонымен қатар, қолдану бағалығы келесі жорамалдарға сезімтал:

- дисконттау мөлшерлемесі;
- транзитті жүк тасымалының көлемі;
- шетел валютасының теңгеге шаққандағы валюта бағамы, сонымен бірге Швейцар франкі және АҚШ доллары.

Мемлекеттегі экономиканың жалпы тенденциясымен, инфляция деңгейіне қатысты тарифтің жеткіліксіз индексациялануымен, теңгенің басқа шетел валюталарына қатысты құбылмалығымен байланысты жүк тасымалындағы жоспарлы өсу темпінің жағымсыз өзгеруі, және де факторлардағы болашақтағы басқа да жағымсыз өзгерістер осы жағдайлар орын алған кезеңде құнсыздануға елеулі залалдарға алып келуі мүмкін.

ҚҚС-ты өтеу

Әрбір есептік күндегі жағдай бойынша Компания халықаралық қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС-тың өтелмеген сомасына қатысты резервті бағалауды жүргізеді. Компания ҚҚС-ты сатып алушылардан ала алмайды, тиісінше осы сомаларды салық органдарынан алып қана өткізе алады. Компания өзінің салық басқармасынан алған ҚҚС бойынша күтіліп отырған қайтарулар туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС-ты өтеудің нақты сомасы Компанияның бағалау сомасынан өзгеше болуы мүмкін, ол операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің тозуы

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің тозуы активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі ішінде төте сызықты әдісі негізінде есептеледі. Компания өзінің активтерінің, соның ішінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың ірі объектілерінің пайдалы қызмет мерзімдерін белгілейді. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімдерімен, тарату құнымен байланысты бағалаулар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есептік күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалауларда өзгеріс ретінде перспективті ескеріледі. Активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі мен тарату құнын бағалау күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де шарттарына тәуелді болады. Осы өзгерістердің нәтижесінде тозу құны өткен жылдары көрсетілген сомалардан елеулі өзгеше болуы мүмкін.

Топ пайдаланатын бағаланған пайдалы қызмет көрсету мерзімі төменде көрсетілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	10-140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5-100
Машиналар мен жабдықтар	3-35
Көлік	4-40
Басқасы	2-50
Материалды емес активтер	1-10

Салық салу

Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормалар әр уақытта түсінікті жазылмайды. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлердің алшақтауы мүмкін. Бұл ретте салық органдары қосымша салықтарды жете есептеген жағдайда, айыппұлдар мен өсімақылардың қолданыстағы мөлшерлері елеулі мөлшерде белгіленген: айыппұлдың мөлшері жете есептелген салықтың сомасының 50%-ын және өсімақының мөлшері уақытылы төленбеген салықтың 12.19%-ын құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімақылар жете есептелген салықтардың сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімақылардың әлеуетті сомасы бүгінгі уақыт бойынша шығындарға жатқызылған және 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, келешектегі кезеңдерде Компанияның пайдасына елеулі әсер етуі мүмкін.

5. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциондық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Топ негізгі екі сегментті ерекшелейді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Қызметтерін қосқанда сандық шектен аспайтын барлық басқа да, негізінен байланыс, коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, сегменттер жеке ашып көрсетуді қажет етпейді.

Топ басшылығы Топтың операциондық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғастыратын қызметтен жыл іші пайдасы және жалпы пайда. Соған қарамастан, жыл іші пайда көрсеткіші ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін пайдаланылатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегмент ішілік сауда жүргізу үшін арналған бекітілген баға қалыптастыру саясаты жоқ, алайда сегмент ішілік операциялар нарықтық баға бойынша жүзеге асады.

	2017 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Негізгі операциялық көрсеткіштер					
Табыстар					
Тасымалдардан түскен табыс	789,675,758	84,202,265	873,878,023	-	873,878,023
Мемлекеттік субсидиялар	-	20,459,779	20,459,779	-	20,459,779
Өзге табыстар	30,151,893	4,550,795	34,702,688	16,866,088	51,568,776
Сегмент ішілік табыстар	(24,351,859)	(3,117,506)	(27,469,365)	(5,325,008)	(32,794,373)
Табыстар	795,475,792	106,095,333	901,571,125	11,541,080	913,112,205
Өткізудің өзіндік құны	(617,990,240)	(94,493,103)	(712,483,343)	(8,846,790)	(721,330,133)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(76,810,984)	(5,618,375)	(82,429,359)	(3,775,581)	(86,204,940)
Активтердің құнсыздануы	(210,228)	(2,659,057)	(2,869,285)	(875,788)	(3,745,073)
Басқа да пайда мен залал	2,761,551	751,608	3,513,159	49,336	3,562,495
Қаржылық табыс	5,757,777	689,276	6,447,053	1,340,178	7,787,231
Қаржылық шығындар	(93,976,764)	(2,490,242)	(96,467,006)	(1,098,358)	(97,565,364)
Бағам айырмашылығынан түскен (залал)/пайда	(7,787,010)	72,525	(7,714,485)	89,546	(7,624,939)
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайдасындағы/ (залалындағы) үлес	2,234,422	-	2,234,422	(96,833)	2,137,589
Бірлескен ұйымдардағы үлесті сатудан және тоқтатылған қызметтің компоненті болып табылатын еншілес ұйымдарды сатудан түскен табыс	8,395,530	-	8,395,530	-	8,395,530
Салық салуға дейінгі пайда	**17,849,846**	**2,347,965**	**20,197,811**	**(1,673,210)**	**18,524,601**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	(5,458,830)	(57,846)	(5,516,676)	(318,677)	(5,835,353)
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші пайда	**12,391,016**	**2,290,119**	**14,681,135**	**(1,991,887)**	**12,689,248**
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат					
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша күрделі шығындар	220,907,834	19,211,973	240,119,807	1,293,936	241,413,743
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы	96,422,517	8,071,050	104,493,567	1,874,897	106,368,464

	2016 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші				
	Жүк тасымалы	Жолаушылар тасымалы	Есептік сегменттердің жиынтығы	Басқасы	Жиынтығы
Негізгі операциялық көрсеткіштер					
Табыстар					
Тасымалдардан түскен табыс	712,942,787	82,087,215	795,030,002	-	795,030,002
Мемлекеттік субсидиялар	-	22,528,832	22,528,832	-	22,528,832
Өзге табыстар	20,608,236	3,327,070	23,935,306	16,232,959	40,168,265
Сегмент ішілік табыстар	(27,222,487)	(2,301,216)	(29,523,703)	(5,091,838)	(34,615,541)
Табыстар	706,328,536	105,641,901	811,970,437	11,141,121	823,111,558
Өткізудің өзіндік құны	(555,011,504)	(96,090,141)	(651,101,645)	(7,750,955)	(658,852,600)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(68,073,668)	(4,446,869)	(72,520,537)	(3,923,426)	(76,443,963)
Құнсыздануды қалпына келтіру/активтердің (құнсыздануы)	819,577	(2,965,490)	(2,145,913)	(22,434)	(2,168,347)
Басқа да пайда мен залал	2,626,096	786,877	3,412,973	172,530	3,585,503
Қаржылық табыс	4,512,384	776,696	5,289,080	1,036,118	6,325,198
Қаржылық шығындар	(80,249,140)	(2,278,514)	(82,527,654)	(2,890,240)	(85,417,894)
Бағам айырмашылығынан түскен (залал)/пайда	21,153,440	(66,094)	21,087,346	(224,067)	20,863,279
Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайдасындағы/ (залалындағы) үлес	4,564,036	-	4,564,036	(3,893,788)	670,248
Бірлескен ұйымдардағы үлесті сатудан және тоқтатылған қызметтің компоненті болып табылатын еншілес ұйымдарды сатудан түскен табыс	607,154	2,041,863	2,649,017	7,099,097	9,748,114
Салық салуға дейінгі пайда	**37,276,911**	**3,400,229**	**40,677,140**	**743,956**	**41,421,096**
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығын)	5,731,387	(883,694)	4,847,693	(84,459)	4,763,234
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл іші пайда	**43,008,298**	**2,516,535**	**45,524,833**	**659,497**	**46,184,330**
Сегменттер туралы басқа да негізгі ақпарат					
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар бойынша күрделі шығындар	273,763,391	34,827,234	308,590,625	12,669,269	321,259,894
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы	98,826,352	7,595,524	106,421,876	8,783,736	115,205,612

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан табыс алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде мекендеуіне негізделген табыстар туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2017 ж.	2016 ж.
Қазақстан	872,845,259	793,223,701
Ресей	12,441,938	4,722,506
Басқасы	7,365,229	2,636,519
	892,652,426	**800,582,726**

Негізінен Топтың барлық ұзақ мерзімді активтері Қазақстанда орналасқан.

6. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҮЙЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	Теміржолдарының инфрақұрылымы	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік	Жер	Басқалар	Аяқталмаған капиталдық құрылыс	Жиынтығы
2016 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	904,075,570	125,161,431	236,799,626	809,042,329	3,896,406	15,497,123	300,969,150	2,395,441,635
Сатып алу	69,787	4,234,240	2,782,462	68,849,250	9,179	175,144	243,969,936	320,089,998
Шығу	(814,518)	(2,953,044)	(4,056,054)	(6,282,626)	(2,955)	(720,580)	-	(14,829,777)
Тозу бойынша шығын	(23,771,201)	(12,730,263)	(30,705,857)	(46,087,366)	-	(1,910,925)	-	(115,205,612)
Шығу бойынша тозу	445,260	405,675	3,132,694	5,664,224	-	696,069	-	10,343,922
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	(30,688)	(145,540)	(2,330,476)	16,890	-	(77,096)	(2,428,672)	(4,995,582)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтерінен және басқасынан аудару, Мемлекетке аударылғанды қосқанда	-	2,438,230	1,545	251	2,696	491	-	2,443,213
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтеріне аудару	(9,277)	(1,886,195)	(53,178,475)	(2,876,778)	(180,695)	(330,096)	(6,723,839)	(65,185,355)
Басқа да қозғалыстар, аударулар мен қайта топтаулар	79,943,616	57,431,035	98,727,365	2,598,252	(78,398)	(857,318)	(244,537,626)	(6,773,074)
2016 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн	**959,908,549**	**171,955,569**	**251,172,830**	**830,924,426**	**3,646,233**	**12,472,812**	**291,248,949**	**2,521,329,368**
Бастапқы құны	1,126,320,967	213,595,902	375,261,894	1,166,677,283	3,646,233	21,801,749	299,796,652	3,207,100,680
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(166,412,418)	(41,640,333)	(124,089,064)	(335,752,857)	-	(9,328,937)	(8,547,703)	(685,771,312)
2017 ж. 1 қаңтарына баланстық құн	959,908,549	171,955,569	251,172,830	830,924,426	3,646,233	12,472,812	291,248,949	2,521,329,368
Сатып алу	2,316,150	25,339	616,345	14,986,482	91,433	97,719	218,111,550	236,245,018
Қаржылық жал бойынша келіп түсу	-	-	-	12,953,406	-	-	-	12,953,406
Шығу	(103,417)	(152,959)	(1,148,048)	(4,270,751)	(69,902)	(351,441)	-	(6,096,518)
Тозу бойынша шығын	(26,213,610)	(7,399,980)	(25,155,492)	(45,773,425)	-	(1,825,957)	-	(106,368,464)
Шығу бойынша тозу	90,901	138,160	1,101,006	3,434,672	-	347,049	-	5,111,788
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру	(30,701)	19,304	14,024	64,753	-	(2,059)	(920,746)	(855,425)
Инвестициялық жыджымайтын мүлікке аудару	-	(2,670,839)	-	-	-	-	-	(2,670,839)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақ мерзімді активтеріне аудару	-	(973,899)	(1,813,677)	(323,289)	-	(65,066)	-	(3,175,931)
Басқа да қозғалыстар, аударулар мен қайта топтаулар	56,478,428	183,271,323	45,276,488	31,514,913	-	2,211,656	(320,768,072)	(2,015,264)
2017 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн	**992,446,300**	**344,212,018**	**270,063,476**	**843,511,187**	**3,667,764**	**12,884,713**	**187,671,681**	**2,654,457,139**
Бастапқы құны	1,182,493,991	392,459,009	416,742,115	1,219,935,301	3,667,764	23,656,486	197,140,130	3,436,094,796
Жинақталған тозу мен құнсыздану	(190,047,691)	(48,246,991)	(146,678,639)	(376,424,114)	-	(10,771,773)	(9,468,449)	(781,637,657)

2017 ж. Топ соңғы акционерден/Акционерден жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды 2,322,567 мың теңге сомасына алып (2016 ж.: 143,584 мың теңгеге), оларды капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте жарғылық капиталға салған жарна және басқа да жарналар ретінде көрсетті (15 Ескерту).

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, 70,829,526 мың теңге сомасына (2016 ж.: 66,293,483 мың теңге сомасына) «Жезқазған - Бейнеу» және «Арқалық - Шұбаркөл» теміржол желілерін салу жобасы бойынша шығындардан, 35,293,745 мың теңге сомасына (2016 ж.: 18,025,640 мың теңге сомасына) Құрық портында кеме кешенін салу бойынша шығындардан және 31,286,106 мың теңге сомасына (2016 ж.: 125,070,257 мың теңге) Астана ст. теміржол торабын дамыту бойынша шығындардан, соның ішінде вокзал кешенін салу шығындарынан тұрады.

2017 ж. ішінде 320,768,072 мың теңге көлемінде объектілердің құрылысы аяқталды, соның ішінде 163,012,749 мың теңге сомасында вокзал кешенінің жартылай іске қосылуы (Астана станциясы) мен 16,460,412 мың теңге сомасында Құрық портында кеме кешенінің іске қосылуы.

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны тиісінше 147,044,323 мың теңге және 143,316,485 мың теңге болатын жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар белгілі несиелер бойынша кепілдікті қамтамасыз етті.

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін алынған несиелер бойынша капиталға айналатын шығындар сомасы 2,989,294 мың теңге және 3,636,255 мың теңгені құрады. Капиталға айналдыру мөлшерлемесі 2.59%-дан 10%-ға дейін аралықты құрайды (2016 ж.: 2.59%-дан 8.63%-ға дейін).

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың толық амортизацияланған жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарының бастапқы құны, тиісінше, 246,544,005 мың теңгені және 235,839,055 мың теңгені құрады.

7. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Атауы	Негізгі қызметі	Негізгі қызмет жүзеге асырылатын ел/ тіркелген елі	2017 ж. Балансты қ құны	2017 ж. Иелену үлесі	2016 ж. Балансты қ құны	2016 ж. Иелену үлесі
Қауымдасқан ұйымдар						
Халықаралық Қытай-казақстандық логистикалық компаниясы Ляньюнган қ.	Халықаралық мультимодальды тасылмалдаулар	Қытай Халық Республикасы	10,552,107	49%	9,906,269	49%
«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	Логистикалық, өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық ғимараттарды салу мен қолдану	Казақстан Республикасы	985,704	40%	1,284,568	40%
Басқасы			-	25-49%	167,038	25-49%
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар жиынтығы			**11,537,811**		**11,357,875**	
Бірлескен ұйымдар						
Logistic System Management B.V.	Көлік-экспедициялық қызметтер, жылжымалы құрамды оперирлеу терминалдық қызмет көрсету	Казақстан Республикасы / Нидерланды	15,865,960	50%	11,720,150	50%
Бірлескен ұйымдарға инвестициялар жиынтығы			**15,865,960**		**11,720,150**	

Барлық жоғарыда көрсетілген қауымдасқан және бірлескен ұйымдар Топ бизнесі үшін стратегиялық маңызды болып табылады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға инвестициялардағы қозғалыс келесі түрде көрсетілген:

	2017 ж.	2016 ж.
Қауымдасқан ұйымдар		
1 қаңтарға	11,357,875	10,898,604
Шетел валютасын қайта есептеу	634,013	(896,087)
Иелену үлесін өзгертпей жарғылық капиталға жарналар салу	1,358,000	2,465,230
Залалдағы үлес	(2,008,221)	(4,891,472)
Берілген кепілдемелердің әділ құны	196,144	3,519,396
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялардан аударымдар	-	262,204
31 желтоқсанға	**11,537,811**	**11,357,875**
Бірлескен ұйымдар		
1 қаңтарға	11,720,150	22,104,613
Пайдадағы үлес	4,145,810	5,561,720
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемемен берілген несиелердің әділ құнын бағалаудағы түзету	-	58,425
Ассоциациалық ұйымдар инвестицияларының аударымдары	-	(262,204)
Алынатын дивидендтер	-	(3,128,141)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын ұзақ мерзімді активтерге аудару (14 Ескерту)	-	(12,614,263)
31 желтоқсанға	**15,865,960**	**11,720,150**

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС, «Continental Logistics» ЖШС және «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС қауымдасқан кәсіпорындардың залалындағы танылмаған үлесі 11,384,743 мың теңгені құрады (2016 ж.: 6,716,574 мың теңге).

2017 ж. ішінде Топ «KTZ Express» АҚ және «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ атынан өзгеріссіз 1,018,500 мың теңге және 339,500 мың теңге көлемінде ақша қаражатымен «Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС-ның жарғылық капиталына қосымша жарна салды (2016 ж.: 1,662,260 мың теңге және 554,087 мың теңге).

2017 ж. ішінде Топ бірлескен ұйым Logistic System Management B.V.-ден 2016 жылы жарияланған 2015 жылға тиісті пайда үшін дивидендтерді ақшамен 1,663,776 мың теңге көлемінде алды (13 Ескерту). 2016 ж. ішінде Топ бірлескен ұйым Logistic System Management B.V.-ден және «Астық Транс» ЖШС-тен 2015 жылы жарияланған 2014 жылға тиісті пайда үшін дивидендтерді ақшамен, тиісінше 951,036 мың теңге және 708,718 мың теңге көлемінде алды

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталатын жыл іші елеулі қауымдасқан ұйымдарға қатысты жалпы ақпарат:

	2017 ж.					2016 ж.				
	Халықаралық Қытай-казақстандық логистикалық компания Ляньюнган қ.	«Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	"Электровоз құрастыру зауыты" ЖШС	Халықаралық Қытай-казақстандық логистика-лық компания Ляньюнган қ.	«Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	ТОО «Электровоз құрастыру зауыты»
Қысқа мерзімді активтер	3,242,787	19,171,685	11,351,607	1,951,162	15,259,163	2,370,433	13,346,834	5,903,523	6,839,215	33,806,498
Ұзақ мерзімді активтер	21,202,747	75,503,972	31,037,035	42,450,737	21,515,770	20,977,803	75,654,249	29,154,188	40,728,440	21,775,211
Активтер жиынтығы	**24,445,534**	**94,675,657**	**42,388,642**	**44,401,899**	**36,774,933**	**23,348,236**	**89,001,083**	**35,057,711**	**47,567,655**	**55,581,709**
Қысқа мерзімді міндеттемелер	2,715,665	20,677,530	18,575,868	1,843,547	31,958,911	3,131,361	23,693,304	13,284,123	3,475,033	48,584,202
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	194,957	97,150,620	28,529,698	40,094,092	16,911,694	-	80,379,160	23,454,603	40,881,201	13,760,929
Міндеттемелер жиынтығы	**2,910,622**	**117,828,150**	**47,105,566**	**41,937,639**	**48,870,605**	**3,131,361**	**104,072,464**	**36,738,726**	**44,356,234**	**62,345,131**
Жыл басындағы кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттемелер	(215,725,511)	(229,520,855)
Пайда және залалда көрсетілген	(5,315,223)	6,096,971
Капитал өзгерістері жөніндегі шоғырландырылған есепте көрсетілген	(88,056)	4,297,609
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың міндеттемелері құрамына ауыстыру	-	2,214,906
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың (міндеттемелері)/активтерді құрамынан ауыстыру	-	(8,572)
Еншілес ұйымдардың шығуы	-	314,581
Қауымдасқан ұйымдардың инвестицияларында көрсетілген ұйымдар	106,967	879,849
Жыл соңындағы кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттемелер	**(221,021,823)**	**(215,725,511)**

Топ ауыстырылған салық залалдарына жатқызылатын кейінге қалдырылған активтерді танығаң жоқ. Басшылықтың ойынша, осы кейінге қалдырылған активтерге қарсы есепке алынатын салық салынатын пайданың болашақта жеткілікті болуы екіталай. 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылмаған ауыстырылған салық залалдарының жалпы салық әсері 5,437,788 мың теңгені құрады (2016 ж. 31 желтоқсан: 3,806,189 мың теңге). Осы ауыстырылған салықтық залалдар пайда болған мерзімінен 10 жыл ішінде салықтық мақсаттар үшін жойылады.

20. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2017 ж. 31 желтоқсан	**2016 ж. 31 желтоқсан**
Көрсетілген қызметтер үшін кредиторлық берешек	50,050,664	38,204,408
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды жеткізгені үшін кредиторлық берешек	39,096,164	53,630,962
Алынған босалқылар үшін сауда кредиторлық берешек	23,947,987	32,099,886
Басқа да кредиторлық берешек	469,150	518,543
	113,563,965	**124,453,799**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда берілген:

	2017 ж.	**2016 ж.**
Теңге	100,665,033	103,845,042
АҚШ доллары	7,496,451	16,746,337
Швейцар франкі	805,700	444,343
Басқа валютада	4,596,781	3,418,077
	113,563,965	**124,453,799**

Кредиторлық берешек бойынша айналымның орташа мерзімі 59 күнді құрайды (2016 ж.: 61 күнді құрады).

21. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
Алынған аванстар	65,096,841	36,531,256
Дивидендтер бойынша берешек (16 Ескерту)	16,424,670	16,424,670
Еңбекақы бойынша берешек	15,525,594	14,687,152
Қолданылмаған демалыс бойынша резервтер	10,847,731	9,897,257
Болашақ кезең табыстары	8,414,165	5,935,882
Міндетті зейнетақы салымдары мен әлеуметтік сақтандыруға аударым және міндетті медициналық сақтандыру бойынша аударымдар	5,314,758	4,440,239
Қаржылық кепілдік келісім-шарттар бойынша міндеттемелер	4,194,045	4,399,245
Басқа міндеттемелер	17,894,231	4,351,172
	143,712,035	**96,666,873**
Басқа да міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	139,517,990	92,267,628
Басқа да міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	4,194,045	4,399,245
	143,712,035	**96,666,873**

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да міндеттемелер негізінен теңгеде көрсетілген.

29 Ескертуде көрсетілгендей, Топ «Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС және «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС қауымдасқан кәсіпорындардан алынған несиелер бойынша қаржылық кепілдіктерді банктерге берді. 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топ

қаржылық кепілдіктерді әділ құны бойынша бағалап, 4,399,245 мың теңге сомасында 879,849 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық әсерін есептемегенде қауымдасқан кәсіпорындар инвестицияларының құрамында таныды (7 Ескерту).

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдіктердің амортизациялық құны 4,194,045 мың теңгені құрады (2016 ж.: 4,399,245 мың теңге).

22. БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

	2017 ж.	2016 ж.
Тауарларды сатудан және басқа да қызметтер көрсетуден түскен табыстар	35,994,309	29,341,540
Алынған айыппұлдар	4,697,963	2,903,295
	40,692,272	**32,244,835**

Тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен табыстар негізінен тиеу мен босату қызметтерінен, кемелерге қызмет көрсетуден, материалдар мен металл сынықтарын сатудан, байланыс қызметтерін көрсетуден түскен табыстан тұрады.

Алынған айыппұлдар негізінен жүктерді тағайындалу станцияларынан уақтылы шығармаумен байланысты және шаруашылық келісімдердің бұзылу салдары бойынша айыппұлдардан тұратын табыстардан жинақталған.

23. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

	2017 ж.	2016 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	240,736,386	230,445,645
Тозу және амортизация	101,676,564	109,123,181
Отын және жанар-жағармай материалдары	89,419,641	72,176,287
Жөндеу және қызмет көрсету	88,005,796	75,480,043
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	48,407,128	46,699,053
Материалдар мен қорлар	45,040,011	46,061,978
Электр энергиясы	43,893,237	39,796,578
Салықтар	17,338,239	14,182,546
Байланыс қызметтері	4,753,147	3,355,347
Операциялық жалға беру	4,559,093	1,219,558
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығындары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (18 Ескерту)	3,528,826	3,980,118
Коммуналдық шығындар мен ғимаратты ұстау	3,171,703	2,789,336
Іссапар шығындары	2,787,123	2,098,496
Сақтандыру	1,589,173	1,309,050
Көлік қызметтері	1,116,085	1,029,195
Басқалары	25,307,981	9,106,189
	721,330,133	**658,852,600**

24. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

	2017 ж.	2016 ж.
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	38,937,901	35,849,356
Мүліктік салықтар және басқа да салықтар	17,718,165	12,849,299
Тозу және амортизация	5,186,083	4,889,502
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	3,744,076	4,836,673
Жарнама	1,889,837	768,555
Күмәнді берешектер бойынша резервтер	1,821,397	128,211
Іссапар шығындар	1,431,591	1,379,835
Операциялық жал бойынша шығындар	1,403,269	1,185,762
Тараптық ұйымдардың басқа да қызметтері	1,260,294	951,464
Мерекелік және жаппай мәдени шараларды өткізуге шығындар	850,228	810,630
Коммуналдық шығындар және ғимаратты ұстау	836,488	760,108
Банк қызметтері	787,624	1,040,357
Материалдар	685,820	873,784
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақы шығындары және қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар (18 Ескерту)	566,839	606,129
Әлеуметтік сала объектілерін ұстау шығындары	417,107	468,859
Сақтандыру	274,856	238,886
Жөндеу мен қызмет көрсету	259,814	194,928
Кәсіби оқуға және мамандығын жетілдіруге шығындар	232,894	212,611
Қайырымдылық және демеушілік көмек	-	1,796
Басқа шығындар	7,900,657	8,397,218
	86,204,940	**76,443,963**

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫС

	2017 ж.	2016 ж.
Ақша қаражаты мен олардың баламалары бойынша пайыз түріндегі табыстар	3,349,742	4,119,683
Берілген несиелер бойынша пайыз түріндегі табыстар	2,863,588	268,337
Несие ұйымдарындағы қаражат (қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар) бойынша пайыз түріндегі табыстар	598,746	1,731,425
Басқа қаржылық табыстар	975,155	205,753
	7,787,231	**6,325,198**

26. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

	2017 ж.	2016 ж.
Несие пайыздары бойынша шығындар	89,311,727	77,995,432
Басқа қаржылық шығындар	8,253,637	7,422,462
	97,565,364	**85,417,894**

27. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ САТЫЛУЫ

2017 ж. ішінде Топ «Көліктік қызмет орталығы» АҚ, «Аудандық Форвардтық Логистика» ЖШҚ, «Рауан-Бурабай» ЖШС, «Мак-Екібастұз» ЖШС, «Бас-Балхаш» ЖШС-ның акциялар пакеті мен қатысу үлесін сатты үшінші жаққа сатты (2016 ж.: «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ-ның 100% қатысу үлесін 4,700,000 мың теңге сомасына және басқа да инвестицияларды сатты).

Еншілес ұйымдардың сатылуынан түскен пайда:

	2017 ж.	2016 ж.
Еншілес ұйымдардың шығуынан сыйақы сомасы	1,032,752	4,999,401
Шыққан таза активтер	(899,192)	(2,505,126)
Бақыланбайтын үлестер	9,444	98
Шетел валютасын қайта есептеуден резерв	107,775	-
Шығудан түскен пайда	**250,779**	**2,494,373**

Енілес ұйымдардың сатылуынан таза ақша ағымы

	2017 ж.	2016 ж.
Қаржылық сыйақы сомасы	1,032,752	4,999,401
Сатудан дебиторлық міндеттемелерді шегергенде (13 Ескерту)	-	(3,525,000)
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттерін шегергенде	(607,701)	(313,449)
Жиынтығы	**425,051**	**1,160,952**

28. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық пайда ретінде акцияға шаққандағы пайда жыл ішіндегі шығарылған жай акциялардың орташа мөлшерленген саны негізінде саналады. Жай акциялар бойынша сома мен көбейту әсеріндегі жай акциялардың сомасы тең, өйткені Компанияның көбейту әсерін жасаушы инструменттері жоқ. 2017 және 2016 жж. ішінде талдау эффектісі бар құралдар болған жоқ.

	2017 ж.	2016 ж.
Жай акцияның орташа мөлшерленген саны	496,098,049	495,218,425
Акционерге жататын жыл іші (залал)/пайда (мың теңге)	11,399,401	40,979,582
Жай акцияға шаққандағы пайда (теңге)	**23**	**83**
Акционерге жататын жалғастыратын қызметтен жыл іші пайда (мың теңге)	11,133,523	45,887,293
Жалғастыратын қызметтен жай акцияға шаққандағы жыл іші пайда (теңге)	**22**	**93**
Материалдық емес активтерді және бақыланбайтын үлестерді қоспағандағы таза активтер	1,217,496,817	1,145,408,597
Айналымдағы жай акциялардың саны	496,157,572	496,063,720
Бір акцияның баланстық құны, теңгеде[3]	**2,454**	**2,309**

[3] Акцияның баланстық құны Қазақстан қор биржасының талаптарына сай есептеледі (KASE)

29. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Жезқазған - Бейнеу» және «Арқалық - Шұбаркөл» теміржол желілерінің құрылысы, ұзын өлшемді рельстерді сатып алу, Астана қаласындағы теміржол торабының, соның ішінде вокзал кешенінің құрылысы, жүк және жолаушылар электровоздарын, жүк және жолаушылар локомотивтерін сатып алу, сонымен қатар «Құрық портында сал кешенін салу және әмбебап жүк және жолаушылар салдарын қолдану» жобасы бойынша бойынша жалпы сомасы 1,119,544,186 мың теңгеге шартты міндеттемелері болды (2016 ж. 31 желтоқсан: 1,136,590,240 мың теңге).

Басқа да келісім-шарт бойынша міндеттемелер

Топтың, «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы атынан, жүк тиеу-түсіру және болашақ кезеңдерде жүкті сақтау қызметтерін көрсету бойынша үш келісім шегінде шартты міндеттемелері бар: 2015 ж. 20 қарашасында «Continental Logistics» ЖШС-мен, «Сбербанк России» ЕБ АҚ-мен, «Odyssey Investments Group» ЖШС-мен жасасқан келісім шегінде; 2015 ж. 28 желтоқсанда «Солтүстік Ақтау теңіз терминалы» ЖШС-мен, «Сбербанк России» ЕБ АҚ-мен, Inter Port Development PTE LTD жасасқан келісім шегінде және 2016 ж. 15 тамызда «Continental Logistics Shymkent» ЖШС, «Odyssey Investments Group» ЖШС жасасқан келісім шегінде (бұдан әрі бірге –«Келісімдер»). Келісімдердің шарттарына сәйкес Топ үшін минималды көлемде 10, 13 және 15 жылға сақтау бойынша қызмет көрсету міндеттемесі қарастырылған. Бұл ауыртпашылық тудырушы шарт болып табылады. 2015 ж. 20 қарашада бекітілген келісім шарт қызметінің орындалуы 2016 ж. 15 қыркүйекте басталды.

2017 ж. ішінде 2015 ж. 20 қарашада жасалған келісім-шарт бойынша бекітілген міндеттеме «Continental Logistics» ЖШС-і алдында жүктерді сақтау бойынша қызмет көрсетудің минималды көлемі орындалған жоқ. Алайда, Топ міндеттемелердің орындалмауына байланысты залал шекпейді деп күтеді, өйткені «Continental Logistics» ЖШС міндеттемелердің орындалмауына байланысты шағымданбайтынын растады.

Жасалған талдау негізінде Топ басшылығы жүкті сақтау бойынша минималды көлемде қызмет көрсету бойынша міндеттеменің орындалмауының ықтималдылығы төмен деп санайтындықтан, Топ бағаланған міндеттеме бойынша резервті 2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрған жоқ.

Шартты міндеттемелер

Сот талаптары

Топ өзінің шаруашылық қызметіне қатысты, атап айтсақ, мүліктік зиянды қайтару бойынша талаптар сияқты түрлі сот қарауларына қатысады. Топ жеке немесе жиынтық күйінде алынған басым талап арыздар немесе қаралу сатысындағы арыздар Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдай жөніндегі есептілігіне қандай да бір кері әсерін тигізеді, не болмаса Топтың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражатының қозғалысына теріс әсерін береді деп санамайды.

Қазақстандық салық жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

«Қала маңындағы тасымал» АҚ еншілес ұйымы бойынша 2011 ж. бастап 2015 ж. дейінгі аралықтағы есептік кезең үшін ҚҚС-ты қайтару бойынша салық органдарының жүргізген кешенді салықтық тексерістері барысында 1,472,946 мың теңге көлемінде қайтарылуға ұсынылған ҚҚС сомасы және де 130,326 мың теңге сомасында өсімпұл есептелді. Себебі, тасымалдаушының әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша тасымалдарының залдарын қамтамасыз ету үшін бөлінген бюджеттік субсидияның сомасы салық салынатын айналымға қосылмаған.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы сомалар бойынша резервтерді есептеген жоқ, себебі, Топ салық органдарының әрекеті салық заңнамасына қайшы келеді деп санайды және осы сомаларға соттық және мемлекеттік органдарда таласқа салып отыр. ▶

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік сипатына байланысты салық сомасының басым бөлігі, айыппұл жазалау шаралары мен төлемақы өсімінің сомалары 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелінген және қазіргі уақыт бойынша шығындарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Кезкелген аталмаған талап арыздардың сомасын немесе оның жағымсыз нәтижесін болжап анықтау мүлдем мүмкін емес.

Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру саласы дамудың бастапқы сатысында, сондықтан басқа да мемлекеттік кәсіпорындар сияқты Топтың жағдайларын ескермегенде, жолаушылардың дене зақымдануынан міндетті сақтандыру, жолаушылардың өлімі мен мүлкіне келген залал немесе өзінің меншігіне залал келу қаупін сақтандыру, активтер мен жабдықтар (инфрақұрылым, жылжымалы құрам мен станцияларды қоса алғанда), және қаржы-шаруашылық қызметінің тоқтау қаупі мен Топ немесе оның қызметіне байланысты нысандарындағы апатты жағдайлар нәтижесінде қоршаған ортаға немесе үшінші тараптың мүлкінен залал келтіргені үшін берешегі жоқ. Топтың Қазақстандағы коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сай міндетті сақтандыру қабаты бар.

Кепілдіктер

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер келесі түрде көрсетілген:

Кредитор	Цель гарантии	Дата выдачи гарантии	Срок гарантии	Сумма гарантии
Евразийский банк развития	выполнение обязательств ассоциированного предприятия ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» для финансирования строительства завода по выпуску электровозов	17 сентября 2012 г.	до 2023 г.	2,370,000 тыс. тенге
АО «Банк Развития Казахстана»	выполнение обязательств ассоциированного предприятия ТОО «Актюбинский рельсобалочный завод» для финансирования строительства рельсобалочного завода в г. Актобе.	4 июля 2013 г.	до 2033 г.	24,089,150 тыс. тенге

21 Ескертуде осы кепілдіктердің әділ құны көрсетілген. 2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта осы кепілдіктер бойынша резервтерді тануды талап ететін қандай да бір міндеттемелер туындаған жоқ.

Кредиторлар алдында міндеттемелердің орындалмауын болдырмау үшін 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Қазақстан Даму банкі» АҚ-дан қаржылық кепілдеме шарты аясында «Қазақстан Даму банкі» АҚ қаржылық коэфиценттерді қолданбайтындығы жайлы мақұлдама хат алды.

Қаржылық жал

2016 ж. желтоқсанда Топ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ атынан, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жасаған жолаушылар тасымалы вагондарын 62 бірлік көлемінде 18,891,579 мың теңге сомасында 20 жылға 1.75% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен жалға алу туралы қаржылық жал келісім-шартына «БРК-Лизинг» АҚ, байланысты тараппен, отырды. Негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдік мерзімі 6 жылды құрайды. Топ жалға алушы болып табылады. Қаржылық жал 2018 ж. желтоқсанда басталады деп күтілуде. Осы міндеттемелер бойынша Компания кепілгер болып табылады.

Сонымен қоса, 17 Ескертуде көрсетілгендей, Топ, «KTZ Express» АҚ және «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымдары атынан, «БРК-Лизинг» АҚ-мен вагон-платформалары мен жартылайвагондарды жалға алу бойынша қаржылық жалға отырды. Қаржылық жал бойынша жеткізілім 2018-2019 жж. күтіледі.

30. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Есептік жылдың соңына Топ құрылымы туралы мәлімет төменде көрсетілген:

Еншілес ұйым	Қызмет сипаты	Орналасқан елі	Қатысу үлесі, % 2017 ж.	2016 ж.
1. «Қазтеміртранс» АҚ	Жүк вагондарын пайдалану	Қазақстан	100	100
2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ	Жолаушыларды тасымалдау	Қазақстан	100	100
3. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ	Локомотив тартымы қызметтерін көрсету	Қазақстан	100	100
4. «KTZ Express» АҚ	Мультимодалды тасымалдау	Қазақстан	100	100
5. «Теміржолсу» АҚ	Коммуналдық қызметтер	Қазақстан	100	100
6. «Ремлокомотив» АҚ	Локомотивтерді жөндеу	Қазақстан	100	100
7. «Транстелеком» АҚ	Байланыс қызметтері	Қазақстан	51	100
8. «Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ	Күзет қызметтері	Қазақстан	100	100
9. «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС	Теміржол ойнамалы құрамын жөндеу	Қазақстан	100	100
10. «Вокзал-сервис» АҚ	Вокзалдың қызметін қамтамасыз ету	Қазақстан	100	100
11. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы»	Кадрларды оқыту, қайта оқыту және квалификациясын жоғарлату	Қазақстан	100	100
12. «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ[4]	Жүкті тиеу мен босату жұмыстары, кемелерге қызмет көрсету	Қазақстан	100	100
13. «Құрық-Порты» ЖШС	Ғылыми-зерттеу және тәжирибелік-құрастырушылық қызмет	Қазақстан	100	100
14. ЖШҚ «ҚТЖ Финанс»	«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ тобының компанияларының қызметі мен жобаларын қаржыландыру мақсатында облигациялардың эмиссиясын жүзеге асыру	Ресей Федерациясы	100	-

2016 ж. ішінде "ҚТЖ-Жүк тасымалы" АҚ және "KTZ Express" АҚ еншілес ұйымдарын қайта құрылымдау оларға "Локомотив сервис орталығы" АҚ және "Қазтранссервис" АҚ еншілес ұйымдарын қосу жолымен жүргізілді.

2016 ж. ішінде "Алматы вагон жөндеу зауыты" АҚ-ның 100% акциялары, "Магистраль қызметі" ЖШС-ның 100% қатысу үлесі (27 Ескерту) және "Транстелеком" АҚ-ның 49% акциялары үшінші тарапқа сатылды (14 Ескерту).

[4] Акцияның баланстық құны Қазақстан қор биржасының талаптарына сай есептеледі (KASE)

аниясы» АҚ-ның 100%-дық иелену үлесін Топтың сенімгерлік басқаруына берді. Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның акцияларын заң тұрғысынан иеленбесе де, Топтың еншілес ұйымы ретінде таныды

31. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Егер бір тарап екінші тарапты бақылау мүмкіндігіне ие болса, немесе қаржылық немесе операциялық шешімдерді басқа тарап қабылдау кезінде келесі тарапқа біршама ықпал етуді жүзеге асыратын болса, берілген шоғырландырылған қаржы есептілігінің мақсаттары үшін осы тараптар байланысты тараптар ретінде қарастырылады. Сондай-ақ байланысты деп Топпен бірге бір бақылау астындағы тараптар да саналады. Байланысты тараптардың мүмкін байланыстарын қарастырғанда әрбір жағдайда тараптардың құқықтық формасына ғана емес, олардың қарым-қатынас мәніне назар аударылады.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар жасаса алмайтын келісімдерді жасай алады, және байланысты тараптардың арасындағы келісімдер байланысты емес тараптардың келісіміндегі шарттар, ережелер мен сома негізінде жүзеге аспауы мүмкін.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ көптеген маңызды келісімдер жүргізген төленбеген қалдығы болған қарым-қатынастар сипаты төменде көрсетілген.

		Акционер	Топтың қауымдасқан ұйымдары	Топ қатысушы болып табылатын біріккен ұйымдар	Акционер құрамына кіретін ұйымдар	Басқа да байланысты тараптар
Байланысты тараптардың тауарлар, қызмет пен ұзақ мерзімді активтер үшін міндеттемелері	2017 ж.	6,772	9,135,188	304,966	1,008,789	-
	2016 ж.	-	9,580,245	7,397,824	1,656,854	-
соның ішінде күмәнді берешек бойынша резерв	2017 ж.	-	*(12,136)*	*(23,896)*	*(31,905)*	-
	2016 ж.	-	*(16,763)*	*(191,312)*	*(33,552)*	-
Байланысты тараптарға тауарлар, қызмет пен ұзақ мерзімді активтер үшін міндеттемелер	2017 ж.	-	4,335,511	2,173,343	2,689,154	191,895
	2016 ж.	-	1,619,534	4,299,385	3,816,564	-
Ағымдағы шоттар мен салымдар	2017 ж.	-	-	-	-	338
	2016 ж.	-	-	-	-	309
Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016 ж.	-	-	-	-	357,811
Берілген несиелер	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016 ж.	-	-	99,428	-	-
соның ішінде күмәнді берешек бойынша резерв	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016 ж.	-	-	*(590,075)*	-	-
		-	-		-	-
Алынған несиелер	2017 ж.	105,738,753	-	-	-	37,476,232
	2016 ж.	152,960,581	-	-	-	43,813,136
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	2017 ж.	996,218	-	-	-	13,888,552
	2016 ж.	-	-	-	-	136,052
Алынатын девидентер	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016 ж.	-	-	1,663,776	-	-
Төленетін дивидендтер	2017 ж.	16,424,670	-	-	-	-
	2016 ж.	16,424,670	-	-	-	-

Байланысты тараптармен мәмілелер 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клесі түрде көрсетілген:

		Акционер	Топтың қауымдасқан ұйымдары	Топ қатысушы болып табылатын біріккен ұйымдар	Акционер құрамына кіретін ұйымдар	Басқа да байланысты тараптар
Тауар, қызмет пен ұзақ мерзімді активтерді сату	2017 ж.	2,858,090	1,116,750	24,155,035	15,853,907	-
	2016 ж.	-	636,232	39,022,259	16,957,257	-
Күмәнді берешек бойынша (есептелген)/қалпынва келтірілген резерв	2017 ж.	-	4,627	-	1,648	-
	2016 ж.	-	(16,763)	(191,312)	1,420,483	-
Тауар, қызмет пен ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	2017 ж.	2,820,994	45,970,234	661,753	12,318,660	278
	2016 ж.	-	55,815,681	3,782,148	10,068,762	19
Несиелерді беру	2017 ж.	-	-	12,512	-	-
	2016 ж.	-	-	810,928	-	-
Берілген несиелерді өтеу	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016 ж.	-	-	2,093,503	-	-
Несиелерді алу	2017 ж.	25,000,000	-	-	-	-
	2016 ж.	5,500,000	-	-	-	1,070,299
Алынған несиелерді өтеу	2017 ж.	75,000,000	-	-	-	6,646,986
	2016 ж.	48,948,658	-	-	-	7,527,599
Қаржылық жал юойынша жаңа келісім- шарттар	2017 ж.	894,841	-	-	-	13,518,959
	2016 ж.	-	-	-	-	-
Қаржылық жал міндеттемесі бойынша төлемдер	2017 ж.	51,121	-	-	-	76,474
	2016 ж.	-	-	-	-	-
Қаржылық табыс	2017 ж.	-	-	13,949	-	42,706
	2016 ж.	-	-	225,229	-	-
Қаржылық шығындар	2017 ж.	5,913,857	-	872	-	2,823,312
	2016 ж.	8,761,044	-	58,425	-	3,523,381
Алынатын дивидендтер	2017 ж.	-	-	-	-	-
	2016	-	-	3,128,141	-	-
Жарғылық капиталға салым	2017 ж.	69,174,567	-	-	-	-
	2016 ж.	128,066,584	-	-	-	-

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың кейбір несиелері тиісінше жалпы сомасы 3,285,544 мың теңге және 4,096,677 мың теңге болатын Қазақстан Республикасы Үкіметімен кепілдендірілген.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ кейбір қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың несиелері бойынша міндеттемелердің банктер алдында орындалатындығын кепілдендіру мақсатында кепілдікті берді (21 және 29 Ескертулер).

Ацонер тобының құрамына кіретін ұйымдармен, қауымдасқан және бірлескен ұйымдармен және де басқа да байланысты тараптармен опрециялардың басым бөлігі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бензин), «Қазақтелеком» АҚ (байланыс қызметі), «Қазатомпром» АҚ (электр энергиясы), «КЕГОК» АҚ (электрэнергиясы), «Қазпочта» АҚ (пошта қызметі), «Казахстан Инжиниринг «Ұлттық компаниясы» АҚ (машина өндірісі тауарлары) и «Самрұк-Энерго» АҚ-мен (электр энергиясы) операциялардан тұрады. Сонымен қатар, Топ Акционер тобына кіретін ұйымдарға, қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға теміржол тасымалдауы бойынша қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, 2017 ж. ішінде «Airport Management Group» ЖШС еншілес ұйымы Топ атынан пайыссыз өтелетін қаржылық көмекті сенімді басқару астындағы байланысты тарап «Нұрсұлтан Назарбаев» Халықаралық әуежайы» АҚ-ға (бұған дейін «Астана Халықаралық әуежайы») 27,500,000 мың теңге көлемінде айналым қаражатын қаржыландыру мақсатында көрсетті (2016 ж.: 500,000 мың теңге). Қаржылық көмектің 4,000,000 мың теңгесі осы жыл ішінде өтелді.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күнге аяқталған жыл ішінде Топ келесі объектілердің құрылысы бойынша Акционердің пайдасына тағайындалған өзгертілмейтін міндеттемені қабылдады:

	Ағымдағы міндеттемелер					Ұзақ мерзімді міндеттемелер
	Телерадиокешені жабдықтары	Маңғыстаудағы құрылыс объектілері	Астана қ. балабақша	Мұз сарайы	Жиынты-ғы	Мұз сарайы
2016 ж. 1 қаңтарына	28,238,638	247,276	1,702,660	-	30,188,574	48,601,265
Жыл ішінде есептелгені	-	-	195,587	-	195,587	-
Міндеттемелердің азаюы	-	-	(30,315)	-	(30,315)	(823,196)
Жыл ішінде есептен шығарылғаны	(28,238,638)	-	(1,825,478)	-	(30,064,116)	-
Аударымдар	-	-	-	47,778,069	47,778,069	(47,778,069)
2016 ж. 31 желтоқсанына	**-**	**247,276**	**42,454**	**47,778,069**	**48,067,799**	**-**
Жыл ішінде есептелгені	-	-	-	5,733,368	5,733,368	-
Жыл ішінде есептен шығарылғаны	-	-	-	(53,511,437)	(53,511,437)	-
2017 ж. 31 желтоқсанына	**-**	**247,276**	**42,454**	**-**	**289,730**	**-**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күнге аяқталған жыл ішінде Топ жоғарыда көрсетілген Акционердің пайдасына тағайындалған өзгертілмейтін міндеттеме бойынша келесі шығындарды өткерді:

	Ағымдағы активтер					Ұзақ мерзімді активтер
	Телерадиокешені жабдықтары	Маңғыстау - дағы құрылыс объектілері	Астана қ. балабақша	Мұз сарайы	Жиынтығы	Мұз сарайы
2016 ж. 1 қаңтарына	28,238,638	247,276	1,672,345	-	30,158,259	41,268,374
Жыл ішінде есептелгені	-	-	-	-	-	6,509,695
Жыл ішінде есептен шығарылғаны	(28,238,638)	-	(1,629,891)	-	(29,868,529)	-
Аударымдар	-	-	-	47,778,069	47,778,069	(47,778,069)
2016 ж. 31 желтоқсанына	**-**	**247,276**	**42,454**	**47,778,069**	**48,067,799**	**-**
Жыл ішінде есептен шығарылғаны	-	-	-	(47,778,069)	(47,778,069)	-
2017 ж. 31 желтоқсанына	**-**	**247,276**	**42,454**	**-**	**289,730**	**-**

Акционердің пайдасына тағайындалған актив ретінде есепке алынған Мұз сарайы 2017 ж. мамырында Соңғы Акционердің шешімімен Астана қ. әкімдігіне өтеусіз берілді. Нәтижесінде 5,733,368 мың теңге көлемінде ҚҚС есептелді. Бұл ҚҚС Акционерге тарату ретінде бөлінбеген пайда құрамында көрсетілді (15 Ескерту).

Топтың басты басқарушы қызметкерлеріне сыйақы

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың басты басқарушы қызметкерлерін 16 адамнан тұратын Компанияның Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелері (2016 ж. 31 желтоқсан: 14 адам) құрайды. 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін басты басқару қызметкерлеріне төленетін сыйақының жалпы мөлшері 454,669 мың теңгені құрады және бұл сома осы шоғырландырылған есептіліктің пайда мен залал жөніндегі есебінің жалақы бойынша шығындарына қосылған (2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 574,755 мың теңге). Басқару қызметкерлерге төленетін сыйақының басым бөлігі операциялық нәтижелердің, сыйақылар мен келісім-шарттарға негізделген жалақы бойынша шығындардан тұрады.

32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына несиелер, шығарылған қарыздық бағалы қағаздар (еурооблигациялар), қаржылық жал бойынша міндеттемелер, ақша және қысқа мерзімдегі салымдар, сонымен қатар сауда дебиторлық және сауда кредиторлық берешектер жатады. Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелдер, шетелдік валюта бағамының өзгеруі мен несиелік тәуекелдер Топтың қаржы құралдары бойынша негізгі тәуекелдері болып табылады. Топ барлық қаржы құралдары бойынша пайда болатын өтімділік пен нарық тәуекелдерін бақылап отырады.

Капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқару

Топ капиталдың жеткіліксіздік тәуекелін басқарып отырады, себебі Топ Акционер үшін пайданы барынша арттырғанда кәсіпорын үздіксіз қызметін капитал мен қарыз балансын оңтайлау арқылы жалғастыра алатынына сенімді болуы керек. Топтың жалпы стратегиясы 2016 ж.-мен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз қаражатынан (ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергеннен кейінгі несиелер, қарыздық бағалы қағаздар мен қаржылық жал бойынша міндеттемелер) және Топ капиталынан (жарғылық капитал, шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен резерв, бөлінбеген пайда мен бақыланбайтын үлес) тұрады.

Қаржы тәуекелін басқару мақсаттары

Тәуекелді басқару – Топ қызметінің маңызды элементі. Компания топтың операцияларына қатысты қаржы тәуекелдерін бақылау мен басқаруды тәуекелдер бойынша ішкі есептілік арқылы жүзеге асырады. Бұл есептіліктерде тәуекелге шалдығу деңгейі тәуекелдің дәрежесі мен мөлшері арқылы талданады. Бұл тәуекелдер нарық тәуекелін (валюта тәуекелін, баға тәуекелін және әділ құнға қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі), өтімділік тәуекелін және ақша ағымына қатысты пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін қамтиды. Төменде Топтың тәуекелді басқару саясатына сипаттама беріледі.

Пайыздық мөлшерлememен байланысты тәуекел

Топ үшін пайыздық мөлшерлememен байланысты тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруін білдіреді. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі Топтың инвестициялырынан жалпы пайдасының азаюына және (немесе) Топтың несиелері мен қарыздық бағалы қағаздары бойынша ақша ағымының азаюына әкеп соқтыруы мүмкін. Топ пайыздық мөлшерлememен байланысты тәуекелді валютадағы қаржылық құралдардың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін бақылау арқылы және тұрақты және құбылмалы пайыздық мөлшерлемедегі несиелер арасындағы дұрыс қатынасты қолдау арқылы шектейді.

Топтың пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелге шалдықтығыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесіндегі несиелер мен қарыздық бағалы қағаздарына байланысты.

Келесі кесте Топтың салық салуға дейінгі табысы мен капиталының несиелердің пайыздық мөлшерлемелерінің мүмкін бола алатын өзгерістеріне (құбылмалы пайыздық мөлшерлемемен несиелерге әсерін тигізе отырып) сезімталдығын басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетеді.

	2017 ж. 31 желтоқсан		2016 ж. 31 желтоқсан	
	Базистік пункттілерде пайыздық мөлшерлеме-лердің ұлғаюы/азаюы	Салық салынғанға дейінгі табысқа/ капиталға әсері	Базистік пункттілерде пайыздық мөлшерлеме-лердің ұлғаюы/азаюы	Салық салынғанға дейінгі табысқа/ капиталға әсері
АҚШ доллары	70/(8)	(154,270)/17,631	60/(8)	(499,987)/66,665
Теңге	70/(8)	(843,355)/96,383	60/(8)	(303,857)/40,514

Валюталық тәуекел

Топ шетелдік валютада мәмілелерді жүзеге асырады, демек валюталық бағам ауытқуларына ұшырау тәуекелі пайда болады.

Топтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді берешегінің түбегейлі бөлігі АҚШ долларында көрсетілген. Берешек көрсетілген АҚШ долларына және басқа шетелдік валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінің нәтижесінде айырбас бағамынан табыстар немесе залалдар туындайды. Топ ақша қаражатының және басқа да қаржы активтерінің бір бөлігін АҚШ доллары депозитінде несие бойынша бағамдық айырмашылықтан туындаған табыс немесе шығынды өзара есепке алу мақсатында сақтайды.

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі табысының АҚШ доллары, еуро, ресей рублі және басқа да валюталардың мүмкін бола алатын өзгерістеріне сезімталдығы басқа айнымалы шамалар тұрақты болған кезде көрсетілген.

	2017 ж. 31 желтоқсан			2016 ж. 31 желтоқсан		
	Айырбастау бағамындағы ұлғаю/азаю	Салық салынғанға дейінгі табысқа әсері	Капиталға әсері	Айырбастау курсындағы ұлғаю/азаю	Салық салынғанға дейінгі табысқа әсері	Капиталға әсері
АҚШ доллары	10%/ (10%)	(69,162,051)/ 69,162,051	-	13%/(13%)	(102,659,544)/ 102,659,544	-
Еуро	13.5%/ (9.5%)	(8,522,080)/ 5,997,020	-	15%/(15%)	(8,309,478)/ 8,309,478	-
Ресей рублі	16%/ (16%)	(13,531,143)/ 13,531,143	-	23%/(19%)	(124,392)/ 102,759	-
Швейцар франкі	11.5%/ (11.5%)	168,942)/ 168,942	(11,349,035)/ 11,349,035	15%/(15%)	24,266/ (24,266)	(14,257,966)/ 14,257,966
Басқа да валюталар	11.5%/ (11.5%)	(224,267)/ 224,267	-	15%/(15%)	(653,534)/ 653,534	-

2015 ж. 7 тамызда Топ швейцар франкінде белгіленген қызмет көрсетуден түскен табыстың теңгеге қатысты өзгеру тәуекелін төмендету мақсатында ақша ағындарын хеджерлеуді жүргізді. 2014 ж. 20 маусымда Швейцар қор биржасында шығарылған Еврооблигациялар хеджерлеу құралы болып табылады. Швейцар франкіндегі транзиттік тасымалдаулардан табыс хеджерлеу объектісі болып табылады. Хеджерлеуден түскен әсер 2017 ж. 3,479,319 мың теңге көлеміндегі басқа да жиынтық табыста көрсетілді (2016 ж.: 4,417,426 мың теңге).

Несиелік тәуекел

Топтың қаржы құралдарымен контрагенттердің келісімшарттарын орындамау нәтижесінде пайда болатын несиелік қатер әдетте осы контрагенттердің алдында контрагент міндеттемелерінің шамасы Топтың міндеттемелерінен асып түсетін сомалармен шектеліп қалады. Топтың саясаты несиеге қабілетті контрагенттермен бірге қаржы құралдары бар операцияларды атқаруды қарастырады. Несиелік тәуекелге түсудің максималды мөлшері әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең.

Несиелік тәуекел концентрациясы экономикалық жағдайлары немесе басқа да оқиғалары олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етуі мүмкін деген болжамға қатысты ұқсас қызмет шарттары бар несие алушы топтар немесе бір несие алушыдан бірнеше берешек сомасы болғанда туындауы мүмкін.

Топта берілген несие лимиттерінен асып кетпейтін, және де дұрыс несие тарихы бар тапсырыс берушілермен келісімдер жасалатындай үнемді бақылауды қарастырып отыратын саясат жұмыс істейді. Топтың аванстық төлемді қайтаруға банк кепілдігімен берілген алдын ала төлем негізінде өздерінің көптеген клиенттерімен жұмыс істеуінің арқасында несиелік тәуекел төмендеп отыр.

Топ 29 Ескертуде көрсетілген кепілдіктерден басқа үшінші тараптардың міндеттемелері бойынша кепілгер болмайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарық бағасының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралының құнының ықтимал түрде ауытқуы кезінде пайда болады. Топ нарық конъюктурасының теріс өзгеруінен пайда болуы мүмкін әлеуетті залалдардарды кезең сайын бағалау арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Өтімділік тәуекелі

Топ Акционердің талаптарына сай өтімділік тәуекелін басқару үшін қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және орта мерзімді қаржыландыру тәуекелдерін бақылап отырады. Топ адекватты резервтерді, банк несиелері мен мүмкін несие желелерін қолдау, қаржы активтері мен міндеттемелерін жабу мерзімдерін салыстыру мен ақша қаражатының болжанған және нақты қозғалысын үнемі мониторинг жасау арқылы тәуекелді басқарып отырады.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жалпы сомасы 49,969,900 мың теңге көлемінде келесі несиелік ұйымдарда жеткілікті дәрежедегі қол жетімді несиелік желілері бар: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Қазақстан Сити Банкі» АҚ.

Топ тұрақты негізде Акционермен және кредиттік келісімдермен белгіленген қаржылық коэффициенттердің ең төменгі мәндерінің орындалуын бақылап отырады.

Кредиторлар алдында міндеттемелердің орындалмауын болдырмау үшін 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қаржылық коэффициенттердің (ковенанттар) өзгеруінің ең төменгі шегін ЕҚДБ-мен келістірді. Сонымен қоса, 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша HSBC Франция және «Қазақстан даму банкі» АҚ-мен жасасқан кредиттік келісімдер шегіндегі қаржылық коэффициенттердің қолданылмауы туралы мақұлдама хат келді.

Акционерден алынған «Қазтеміртранс» АҚ және «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ еншілес ұйымдарының жалпы сомасы 75,000,000 мың теңге көлеміндегі ұзақ мерзімді несиелерін қайта қаржыландыру мақсатында, Топ Ресей Федерациясы ішкі нарығында 15 млрд. ресей рублі көлемінде облигацияларды шығарды.

Кейбір несилерді қайтақаржыландыру мақсатында, Топ ішкі нарықта облигациялардың шығарылуы мен орналастырылуын 25,000,000 мың теңге көлемінде жүзеге асырды.

Келесі кестелерде Топтың қаржы міндеттемелері бойынша шартты мерзімдері көрсетілген. Кесте Топтан төлем талап етуі мүмкін ең бастапқы мерзім негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағынының дисконтты емес қозғалысы негізінде құрылған. Кесте пайыздар бойынша да, сондай-ақ несие сомасы бойынша да ақша ағымын қамтиды.

	1 айға дейін	1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1-5 жыл	5 жылдан артық	Жиынтығы
2017 ж.						
Пайызсыз:						
Сауда кредиторлық берешек	70,133,933	1,082,851	42,347,181	-	-	113,563,965
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	-	-	8,734,941	-	-	8,734,941
Пайыздық:						
Несиелер	20,154,364	10,205,376	114,331,234	628,068,550	1,704,444,008	2,477,203,532
Қаржылық жал	694,836	527,195	3,628,608	29,132,709	74,556,577	108,539,925
Қаржылық кепілдіктер	1,829,137	2,967,968	9,347,533	27,214,045	-	41,358,683
	92,812,270	**14,783,390**	**178,389,497**	**684,415,304**	**1,779,000,585**	**2,749,401,046**
2016 ж.						
Пайызсыз:						
Сауда кредиторлық берешек	109,480,452	12,922,007	2,051,340	-	-	124,453,799
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	-	-	4,351,172	-	-	4,351,172
Пайыздық:						
Несиелер	14,822,109	11,378,646	166,484,226	695,639,570	1,474,260,485	2,362,585,036
Қаржылық жал	506,501	8,091,690	26,978,086	28,728,978	27,591,296	91,896,551
Қаржылық кепілдіктер	1,688,336	1,735,191	7,414,780	30,845,534	-	41,683,841
	126,497,398	**34,127,534**	**207,279,604**	**755,214,082**	**1,501,851,781**	**2,624,970,399**

Келесі кестеде Топтың қаржы активтері бойынша күтілетін төлем мерзімдері көрсетіледі. Кесте ақша қозғалысы басқа кезеңде деп Топпен күтілетін жағдайлардан басқа берілген активтер бойынша пайыздарды қоскқанда, қаржы активтері бойынша ақша ағындарының дисконтты емес шарт мерзімдерінің негізінде құрылған.

	1 айға дейін	1 - 3 ай	3 ай - 1жыл	1 жылдан артық	Белгісіз өтеу мерзімі	Жиынтығы
2017 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	13,250,837	402,619	621,695	-	-	14,275,151
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	8,239	3,932	39,696	-	-	51,867
Басқа қаржы активтері	-	50,000	13,495,858	2,326,310	-	15,872,168
Басқа қаржы активтері бойынша пайыздар	-	654	286,923	462,075	-	749,652
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13,881,156	-	-	-	-	13,881,156
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	35,332,927	-	-	-	-	35,332,927
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	517,943	-	-	517,943
Сауда дебиторлық берешек	21,423,223	588,443	84,091	42,321	8,404,483	30,542,561
	83,896,382	**1,045,648**	**15,046,206**	**2,830,706**	**8,404,483**	**111,223,425**
2016 ж.						
Пайыздық:						
Қысқа мерзімді салымдар	25,494,025	809,023	-	-	-	26,303,048
Қысқа мерзімді салымдар бойынша пайыздар	30,918	-	35,385	-	-	66,303
Басқа қаржы активтері	-	3,287,073	11,901,019	2,333,030	-	17,521,122
Басқа қаржы активтері бойынша пайыздар	-	36,907	325,437	549,700	-	912,044
Ақша қаражаты мен оның баламалары	9,981,319	-	-	-	-	9,981,319
Пайызсыз:						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	12,693,806	-	-	-	-	12,693,806
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	-	-	1,782,029	-	-	1,782,029
Сауда дебиторлық берешек	3,976,777	28,965	11,257,448	270,544	8,094,689	23,628,423
	52,176,845	**4,161,968**	**25,301,318**	**3,153,274**	**8,094,689**	**92,888,094**

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны тарату кезінде сату немесе еріксіз сату жағдайларын есепке алмағанда коммерциялық шарттармен хабардар болған тараптардың арасында құрал ауыстырылуы мүмкін сома ретінде анықталады. Топтың қаржы құралдарының көбісі үшін әділ құнын анықтауға арналған нарық механизмдері жоқ болғандықтан, әділ құнын бағалау кезінде құралға қатысты нақты тәуекелдер мен ағымдағы экономикалық жағдайлардың негізінде рұқсат ету керек.

Келесі әдістер мен болжамдар Топта қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін қолданылады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімді төлеу сипатына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең келеді.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Он екі айдан кем өтеу мерзімі бар активтер мен міндеттемелердің баланстық құн шамамен олардың әділ құнына тең, себебі осы қаржы құралдар қысқа мерзімде өтеле алу сипатына ие.

Он екі айдан көп өтеу мерзімі бар активтер мен міндеттемелер үшін есеп мерзімінің соңына бар нарық мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталған болашақ ақша қаражатының ағымдағы құнын береді.

Несиелер

Банктік несиелер бойынша есептеу несиелік рейтинг параметрлері мен ұқсас өтеу мерзімдері бар несиелер бойынша сәйкес жылдың соңына қайта көтерілетін нарық мөлшерлемелерін пайдаланумен есептелінген төлеу мерзімі бойынша жеке несиелер бойынша болашақ ақша ағынын дисконттау арқылы жасалған болатын. Топ несиелерінің көптеген бөлігі халықаралық қаржы институттары мен шетелдік банктерден алынған. Нәтижесінде осы несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасындағы коммерциялық несие ұйымдарының пайыздық мөлшерлемесінен төмен бола тұра берілген несие санаты үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемелер ретінде қарастырылады. Шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың (Еурооблигациялардың) әділ құны есептік күні жасалған орташа баға негізінде анықталған болатын.

Үнемі әділ құны бойынша бағаланатын Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер мен шығарылған қарыздық бағалы қағаздарды есепке алмаған жағдайда, қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құнының олардың баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелер және шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың (Еурооблигациялардың) баланстық құны мен әділ құны төмендегідей түрде көрсетілген:

	2017 ж. 31 желтоқсан		2016 ж. 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Берілген несиелер	23,542,753	23,542,753	969,745	969,745
Басқа да қаржы активтері	15,912,921	15,912,921	17,549,976	17,549,976
Несиелер	371,209,012	340,652,387	468,338,685	451,931,634
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	893,510,975	983,468,431	771,341,089	790,399,781
Қаржылық кепілдіктер	4,194,045	4,194,045	4,399,245	4,399,245
Қаржылық жал	14,884,770	14,884,770	-	-

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ әділ құнды бағалауды төменде көрсетілген әділ құнды бағалау иерархиясын қолдану арқылы бағалайды. Бұл иерархия бағалауды қалаптастыруда қолданылатын ақпарттың маңыздылығын ескереді:

- **1 Деңгей:** ұқсас қаржылық құралдарға қатысты активті нарықтағы котировкалар (түзетілмеген).
- **2 Деңгей:** тікелей қолжетімді (котировкалар) немесе тікелей емес қол жетімді (котировкадан туындайтын ақпарат) 1 Деңгейге жататын ақпараттан басқа ақпараттар. Бұл категорияның құрамына келесілерді қолданып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдар үшін активті нарықтағы нарықтық котировкалар, активті ретінде қарастырылмайтын ұқсас құралдар үшін нарықтық котировкалар.
- **3 Деңгей:** қол жетімді болып табылмайтын ақпараттар. Бұл категория байқалатын бастапқы ақпарат негізінде бағаланбайтын құралдардан тұрады. Бұл бастапқы ақпарат, сонымен қоса, құралдың бағалануына елеулі ықпал етеді. Бұл категория құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды бақыланбайтын түзетулердің немесе жорамалдарды қолдануды талап етеді, оған қатысты ұқсас құралдардың белгіленетін баға негізінде бағаланатын құралдардан тұрады.

2017 ж. 31 жетоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша есепке алынатын қаржылық құралдардың әділ құны бағалау иерархиясы негізінде жасалған талдауы төменде көрсетілген

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиынтығы
Қаржы активтері				
Берілген несиелер	-	23,542,753	-	23,542,753
Басқа да қаржы активтері	-	15,912,921	-	15,912,921
Жиынтығы	**-**	**39,455,674**	**-**	**39,455,674**
Қаржы міндеттемелері				
Амортизациялық құнымен көрсетілетін қаржы міндеттемелері				
- қарыздық бағалы қағаздар	983,468,431	-	-	983,468,431
- банктік кредиттер	-	254,446,221	5,979,219	260,425,440
- байланысты тараптардан несиелер	-	80,226,947	-	80,226,947
- қаржылық жал	-	14,884,770	-	14,884,770
- қаржылық кепілдіктер	-	4,194,045	-	4,194,045
Жиынтығы	**983,468,431**	**353,751,983**	**5,979,219**	**1,343,199,633**

Төмендегі кестеде 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнымен есепке алынатын қаржылық құралдардың таладуы әділ құнның иерархиясы негізінде көрсетілген

	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	Жиынтығы
Қаржы активтері				
Берілген несиелер	-	969,745	-	969,745
Басқа да қаржы активтері	-	17,549,976	-	17,549,976
Жиынтығы	**-**	**18,519,721**	**-**	**18,519,721**
Қаржы міндеттемелері				
Амортизациялық құнымен көрсетілетін қаржы міндеттемелері:				
- қаржылық бағалы қағаздар	790,399,781	-	-	790,399,781
- банктік несиелер	-	277,311,629	7,705,421	285,017,050
- байланысты тараптардан несиелер	-	166,914,584	-	166,914,584
- қаржылық кепілдіктер	-	4,399,245	-	4,399,245
Жиынтығы	**790,399,781**	**448,625,458**	**7,705,421**	**1,246,730,660**

2 және 3-ші деңгейлі қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны, көпшілік мойындаған бағалау моделі бойынша ақша қаражатының дисконтталған ағымы негізінде есептелген. Сонымен бірге, дисконттау мөлшерлемесі контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін елеулі бастапқы дерек болып табылды.

Сауда дебиторлық және кредиторлық берешектің әділ құны шамамен оның баланстық құнына тең және иерархияның 3-ші деңгейіне жатады.

2017 және 2016 жылдар үшін әділ құнның иерархиясы деңгейлері арасында ауыстырулар болған жоқ.

33. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІНГІ БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Берілген несиелер

2018 ж. ақпан-наурызында «Нұрсұлтан Назарбаев» Халықаралық әуежайы» АҚ-ға (бұған дейін – «Астана халықаралық әуежайы» АҚ) берілген 3,000,000 мың теңге қаржылық көмек жартылай көлемінде өтелді.

Алынған несиелер

2018 ж. ақпанда «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның құзіретті органы Топ атынан «Жүк тасымалы-ҚТЖ» АҚ-мен 2016 ж. 12 қаңтардан жасасқан несие желісін беру туралы Келісім негізінде бекітілген сыйақы мөлшерлемесін 13%-дан 12%-ға өзгерту туралы шешім қабылдады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту күнінде қосымша келісім шарт қол қойылу барысында.

2018 ж. 12 наурызда ЕҚДБ-мен 2013 ж. 19 желтоқсанда жасасқан шарт негізінде Компания 1,773,474 АҚШ доллары көлемінде 6 айлық LIBOR + 3% жылдық мөлшерлемесімен 2023 ж.-ға дейін өтеу мерзімімен несие алды.

2018 ж. наурызда Топ атынан «Жүк тасымалы-ҚТЖ» АҚ қысқа мерзімді несиені 13,000,000 мың теңге көлемінде 12% сыйақы мөлшерлемесімен 2015 ж. 26 ақпанында «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен жасасқан несие желісі Келісімі аясында алды.

Байланыстар:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Д.Қонаев к-сі, 6

www.railways.kz

temirzhol@railways.kz

Анықтама қызметі: +7 (7172) 93-01-13

Баспасөз қызметі: +7 (7172) 60-42-81